Methods of research: bibliographic, statistical, systemic, comparative, official materials of state statistics authorities: stock reporting and other materials. Domestic and foreign literature, and educational literature, periodicals, reporting data from Almaty city administration, Internet resources were used. Study was based on materials of RK Agency on Statistics for 2010-2018.

Research results and discussion

Since 80s, business tourism turned into large segment of tourism industry. XX century in the wake of globalization and associated acceleration of business, scientific and cultural exchanges, and changes in social composition of population with growth of middle class share. At this time, a reliable organizational structure of business tourism was formed in Europe, its associations, scientific and educational institutions, specialized print media, appeared and shaped, state programs for supporting business tourism were developed. In mid-1980, business tourism was highlighted as independent item of tourism statistics.

Annually, worldwide there are over 150 million business trips, about 60 million of which are in European union. In terms of business tourism arrivals and expenses, it is first among other regions of the world. The share of business travelers in total tourist flow in Europe (similarly worldwide) is only 20%, but they account for 60% of industry's turnover [3].

The main "suppliers" of corporate business tourists are European highly developed countries (Germany, Great Britain, France, Italy). Germany, is no doubt, an undisputed leader, here. About 5 million Germans go on business trips annually, mainly to other cities in Germany (about 80%). The average duration of corporate business trips to other continents is 12–13 days, within Europe — 5–6 days, within their country — 3-4 days. European countries that receive flows of corporate business tourists include Germany, UK, France, Netherlands, Italy, Spain, Sweden, and Switzerland. According to British research firm "Business Travel International", group of corporate business tourists in Europe includes persons holding wide range of various positions (managers, sales representatives, etc.). They are common in terms of high level of education and income: 67% of them have annual income over \$ 35,000, and about 44% have over \$ 50,000 [4].

Modern tourism is sector of global economy that does not face recessions. Even during crises, tourism gives annual increase of about 4-5%. In 2015, tourism industry recorded 1.2 billion tourist arrivals, which is 50 million more than in 2014. The total amount of export earnings from international tourism amounted to \$ 1.6 trillion. According to estimates of foreign economists, 100 thousand tourists, spending average of two hours in the city, spend at least 350 thousand dollars, or 17.5 dollars per person every hour. Every 11 jobs in the world are in tourism. So, development of tourism is a long, economically reliable potential.

Tourism, overall, makes three positive effects on economy:

1. Provides inflow of foreign currency and has a positive impact on such economic indicators as balance of payments and total exports.
2. Helps to grow employment. According to estimates by WTO and World Tourism and Travel Council, each job created in tourism industry accounts for 5 to 9 jobs that appear in other industries. Tourism directly or indirectly affects the development of 32 sectors of economy.
3. Promotes the development of infrastructure: service, transport, sports, medical, etc. [5].

In some countries, tourism is a very profitable sector of economy, countries such as Thailand or Cyprus live off tourism. In terms of types of tourism, trip wise, we may distinguish recreational, cognitive, health-improving, religious, sports, business tourism. Let's consider business tourism, since there is much information on other types of tourism. Business tourism is relatively new product offered on Kazakhstan market of tourism products and requires comprehensive study and understanding of state's role in promotion. Business tourism or meeting industry is a broad concept. Two segments are different in structure - classic business trips (CBT) and segment which is named by well-known English abbreviation MICE. The abbreviation is the first letters of the English words: Meetings - M (meetings), Incentives - I (incentive events), Conventions - C (conferences), Exhibitions - E (exhibitions). The two segments of business travel industry differ both in essence and in formal terms. According to target objectives, CBT is "actual work on the road" (business trips with specific official goals - implementing business functions by companies and firms) or trips to conclude new business contracts. MICE events are, as a rule, "services" the actual business activities of firms (exchange of experience, presentation of goods and services, preparation of future contracts, etc.), i.e. work for the future or implementation of auxiliary functions [6].

In some countries it is very well developed, in others they do not know, and in others it begins to develop dynamically. Kazakhstan, perhaps, belongs to third group of countries. Business tourism started developing in Kazakhstan in the new millennium. And as you may know, after independence, country's foreign policy was aimed primarily at Russia, China, United States and Arab countries, developed countries, including countries of Western Europe. A number of diplomatic agreements were concluded, in addition to above, with Central Asia as well. The business tourism underpins this, groups of diplomats made flights and travels with specific diplomatic goals. It once again emphasizes the versatility of business tourism, from level of history and diplomacy of the state. In terms of profitability of business tourism, one may say that one

of features of business is that business traveler leaves more money in the country than the average tourist. As a rule, business tourists stay in hotels of level of at least three stars and above, in their free time they do not mind to get acquainted with the history of certain city or country where it resides, so, excursion services are required here. Business tourists often rent vehicles, use services of translators, so, they bring income to many organizations involved in the provision of these types of services [7]. The development of business tourism in Kazakhstan, and in other countries of the world, face various difficulties, which are being resolved by competent experts. This industry has been developing intensively within global tourism in the last three decades, and income received takes larger share in income from international tourism; in number of countries, they play prominent or even in some cases a leading role in the state budget. In terms of profitability, business tourism is comparable to oil business, despite the fact that business tourists in the total tourist flow only represent 20-25%, they account for up to 60% of total turnover of tourism industry. So, in past economic and geographical science in recent decades, studies have been conducted on origin and development of business tourism; statistics of World Tourism Organization was formed on main indicators - arrivals, profitability, etc. Given the profitability of business tourism and tourism in general, Kazakhstan's policy should include its development as a very promising alternative tourism destination. State program for the development of tourism in RK will provide major support towards tourism development, including business tourism [8]. Holding major events, for example, organizing OSCE summit in 2010, membership in many international organizations make our country recognizable, EXPO exhibition in 2017, construction of part of Western Europe-Western China route on our territory - all this activities will promote Kazakhstan brand in world market, so, it is important to take the best efforts, and grow a positive image, which will underpin additionally further development of country's economy associated with business tourism, and tourism overall [9].

At the end of 2018, the total number of visitors at accommodations in Almaty city amounted to 1.1 million people, which is 12% more than previous year. Of these, 365 thousand are foreigners. The city can simultaneously accept more than 19 thousand tourists. The number of foreign tourists in Almaty for the first time showed increase of 45.9% and amounted to 91.3 thousand foreign tourists. At the same time, the total number of tourists in Almaty city increased by 25.8% and amounted to 271.5 thousand tourists, of which the number of domestic tourists was 180.2 thousand with increase of 17.6%. According to Almaty Tourism Authority, along with growth of tourists, number of accommodations increased. In just one year, the number of hotels and hostels increased by 40.5%, and today the city has up to 298 locations. A significant increase in tourism indicators is associated with development of such types of tourism as events, business, ethnocultural, mountain, sightseeing, children and youth, social tourism, and active online promotion, marketing activities, participation in international tourism exhibitions, and holding conferences at focal world markets [10].

The increase in flow of foreign tourists and references to the city at international level is substantially supported by city annual participation at 5 international tourism exhibitions - in Berlin, Moscow, Hong Kong, London and others. Conducting at least two information and press tours for foreign and regional tour operators and media, participating abroad in 10 international bicycle races under the Almaty brand.

In order to develop business tourism, Almaty city annually participates in most reputable international exhibitions under MICE tourism in Barcelona and Singapore. Also this spring, UN hub building was opened for 14 agencies. According to experience of Paris, Istanbul, Bangkok, this helps to substantially increase the flow of foreign tourists and references to the city at the international level. In addition, tourist flow increases when holding largest exhibitions in Central Asia - KITF, KIOGE, Power Expo, Agro World Kazakhstan, and thousands of conferences, workshops and forums. This year alone, KITF exhibition was visited by more than 5 thousand travel industry professionals from 20 countries. Over the past three years, the number of foreign tourists has grown by 14%. In the first quarter alone, Almaty was visited by more than 130 thousand people from South Korea, India, Russia, China, Turkey, USA and Germany. At the same time, about 80% of tourist flow comes in the remaining three quarters. The active flow of tourists was facilitated by international exhibition EXPO-2017, World Universiade, OECD Eurasian Week, and international music and sports festivals like Star of Asia, Spirit of Tengri, Uly Dala Oyindara, Almaty Marathon and Tour of Almaty [11].

In general, structure of business tourism is multifaceted: business trips take a variety of forms, combine with each other (one trip may pursue several goals), combined with generally accepted forms of classical tourism, with recreation. Sometimes it is rather difficult to separate one segment of business tourism from another. The specifics of business tourism is manifested in relationship between tourists and organizers - business travel professionals, i.e., in particular, in the procedure for creating a business travel product.

Six groups of participants involved include the following:

- tourists;
- suppliers of tourist services (accommodation and catering, transport enterprises, facilities for events, entertainment);
- stewards or meeting planners who plan the event and solve organizational issues;
- direction managers, or professional meeting organizers, organizing reception and servicing delegations on spot;
- professional organizers of MICE events - specialized companies for organizing various types of meetings (congresses, exhibitions, conferences) that form the package of services of suppliers and intermediaries - a “conference package” and offer it to business tourist (client); (table 1)
- various intermediaries who play a large role in arranging business tourism. Mediation operations are performed by classical intermediaries in tourism industry (tour operators and travel agents) and specialized MGSE intermediaries / 2 /. A special role in development of business tourism is played by convention bureau, specialized marketing companies that represent and promote the tourist territory in the travel market [12].

Table 1. Advantages and disadvantages of congress and exhibition events

Advantages	Disadvantages
At the event, you may demonstrate inventions that require investment.	Carrying out such events is very expensive. Service is required for a large number of people, and service personnel must be highly qualified, and, which is expensive.
Very low cost of self-advertising.	
According to events results, you may predict the demand for your product.	
You may also determine whether the product will be in demand only in domestic market or whether it may be required at foreign markets.	

Business tourism forms special flows of travelers and well-defined destinations and furthering spatial distribution. Almaty may become one of centers of global FOREX currency market, acting as temporary bridge between stock exchanges of Southeast Asia (Hong Kong, Tokyo, Singapore) and Europe (Frankfurt, London), center of international exchange trading in commodity assets, contracts for oil, copper, tin, lead, zinc, gold. In the future - world center of exchange trade in uranium and rare-earth metals. Most of tourists coming to Almaty belong to business or congress tourism. The dynamic development of business and administrative center in Almaty contributes to development of this area. Business guests account for 75% of total number of tourists (Table 2).

Table 2. Analysis of strengths and weaknesses, opportunities and threats of business tourism in RK

Strengths	Weaknesses
The introduction of tourism satellite accounts (TSA), which allows to evaluate the real contribution of tourism to economy; Availability of tourism industry infrastructure; Legislative and regulatory framework for the development of the tourism industry; High interest in business tourism in the international market; Provision of human resources; Winning geographical position; Market attractiveness for foreign companies.	Infrastructure failing to meet international standards; Lack of framework for subsidies, preferences and tax benefits for investors; Lack of approaches and policies of business tourism in Kazakhstan; The training program failing to meet real needs of market.
Possibilities	Threats
Creation of new jobs; A high level of recognition of Kazakhstan in the international tourist services market, which will ensure flow of investment and income to budget; Creation of national tourist product; The increase in tourist flows for inbound and domestic tourism.	Decrease in tourist flows; Low level of investment activity; Building Kazakhstan image as a country unfavorable for tourism, and investment attractiveness reduction.

The city is located in close proximity to two most promising markets - Russia and China, which allows foreign financial companies located in city to cover three markets at the same time - Kazakhstan, Russian and Chinese. Business travel accounts for 38.5% of all visitors, out of a total of 119,230 people 101,480 people. (61.0%) stopped for business purposes in Almaty city. This figure proves that Almaty has the opportunity to become country's business center and region. In general terms, Almaty is the leader in all respects: the main goal of all served visitors is business and professional goals - 61.0%, leisure, recreation and rest - 34.4%, commercial goal - 2.6%, other categories of goals represent smaller percentage [13.2].

There are many problems in business tourism market, from redistribution of market by large tourism companies to the lack of clear statistical information. We single out the most important problems and the state of business tourism in Almaty and Kazakhstan overall:

1. Poor promotion and PR to form a positive image of Kazakhstan for development of inbound tourism.

2. Lack of personnel training. It has long been understood in Western countries that business tourism is specific and delicate work with entrepreneurs, it is professional consulting services and management. Therefore, the industry shall employ professionals who well understand not only the issues related to arranging business trips, but also understand the needs of business travelers, deal with details of arranging business events and many other issues.

3. Undeveloped infrastructure (hotels, roads, transport ...). For effective development of business tourism for businessmen, conditions must be created for a comfortable stay on business trip, which include: specialized centers to holding exhibitions, congresses, conferences ..; business hotels for business people; business aviation; mobile and satellite communications and other modern advanced technologies.

4. Difficult visa procedures.

5. Inconsistency in quality and price of hotel accommodation.

So, until these problems are completely resolved, one may not rely on competitive and efficient business tourism industry in Kazakhstan. In general, it should be noted that economic processes currently taking place in Almaty have favorable pre-conditions for the development of business tourism.

Despite certain economic difficulties, business tourism continues to be one of the leading areas of the tourism industry in Kazakhstan. Indeed, almost any, and especially large business, requires a certain number of trips both within the country and abroad. Entrepreneurs travel in search of new opportunities to develop their companies [14].

For comparison: volume of the business tourism market of Kazakhstan in 2015 amounted to \$ 916.1 million, Uzbekistan - \$ 303 million, Azerbaijan - \$ 665 million, Kyrgyzstan - \$ 233 million, Russia - \$ 10 billion, Ukraine - \$ 292 million, Belarus - \$ 1.24 billion

The prospects are large and integration processes taking place today on Eurasian continent, implemented in our country, large-scale projects give a powerful impetus to development of the business travel market [15].

Conclusion. By 2026, according to WTTC forecast, volume of business tourism market in Kazakhstan will reach to 1.7 billion US dollars. So, the market will grow, which is logical: the tourist business interest in Kazakhstan is huge - our country has a favorable geographical location and huge raw material reserves. The country's agencies simplify visa procedures for citizens from many countries, attract large investments, conduct spectacular events, etc. All this, of course, cannot but attract business of tourists worldwide. In addition, our entrepreneurs do not stay away from this either.

Kazakhstan needs to solve problems, improve legislative framework, and prepare conceptual framework for tourism development. That is, we need both legislative framework and general vision tourism development trends.

It requires deep analytical work, systematically building infrastructure, developing services, liberalizing the market, and inviting top managers from countries where business tourism is developed. Kazakhstan should also pay close attention to development of information technology. The opinion of experts carefully monitoring market events proves that the future of the country lies in innovations, technologies for increasing labor productivity in tourism, continuous search for new market places and growth of quality of services.

Specific state development programs, including business tourism, are extremely important for the country. In addition, it is critical to draw the attention of domestic business to more efficient management of business trips, securing advanced technologies to optimize travel expenses and improve the safety of business travelers. Around the world, the business tourism industry is a big business that brings huge opportunities. The development of these industries under latest advanced information technologies and latest world achievements may bring efficient ways to develop domestic companies and integrate into global economic process. Proper development of resources will allow to have revenues to entire economy of the country in the near future.

REFERENCES

- [1] Maklashina L. R. Business tourism - a tool for promoting tourism industry [Text] // Actual problems of economic sciences: materials of Intern. scientific conf. (Ufa, October 2011). - Ufa: Summer, 2011. -- S. 122-125. - URL
- [2] The concept of development of tourism industry of RK until 2020. [http // www.akorda.kz](http://www.akorda.kz)
- [3] Morozova N. N. Business tourism as socio-economic instrument for innovative development of the region // Bulletin of Don State Technical University. 2012.V. 12. No. 3 (64). S. 94-101.
- [4] Beaverstock, Jonathan; Derudder, Ben; Faulconbridge & Witlox (2012), International Business Travel in the Global Economy, Ashgate Publishing.
- [5] Rudskaya E. N., Skabarova A. A. Business tourism: problems, trends, prospects // Young scientist. - 2015. - No. 8. - S. 639-646. - URL
- [6] Wikipedia - free encyclopedia / en.wikipedia.org
- [7] A.E. Moldagalieva A.M. Nurzhanova. Almaty Business tourism / Bulletin of KazNU, 2011, Almaty.
- [8] Duisen G.M. Fundamentals of formation and development of tourism industry in Kazakhstan. Publishing House "LEM". - Almaty, 2012. -- S. 6.
- [9] Kulibaev A. "Silk Road - Kazakhstan": revival of history of tourism development // Kazakhstanskaya Pravda. - 2006.- Sep 17. - S. 3.
- [10] Official website of Department of Statistics of Almaty Region / almatyobl.stat.kz/
- [11] Mazbaev O.B. Tourism of Kazakhstan. Status. Problems. Ways of development // Materials of the scientific-practical conference "Modern problems of development of tourism and geography in RK: present and future" -2013.
- [12] Lenkova M. I., Marchenko E. G. Congress and exhibition tourism - a dynamically developing sector of business tourism // Resorts. Service. Tourism. 2014. No. 3–4 (24–25). S. 63–69.
- [13] Algafr M. A., Mohammad M. A. Business tourism in Russia // Young scientist. - 2016. - No. 10. - S. 588-591. - URL <https://moluch.ru/archive/114/30198/> (accessed: 11/18/2019).
- [14] Spitsyn P. About the business tourism market / Italic, Almaty, 2016.
- [15] Klimenko T. I. Business tourism: realities and prospects // Actual problems of economics and law. 2010. No. 2. P. 65–69.

Дуйсебаева К.Д., Кубесова Г.Т., Турганалиев С.Р., Абилова А.Б., Акашева А.С.

Алматы қаласындағы іскерлік туризмді дамытудың жағдайы мен болашақтары

Түйіндеме. Мақалада Алматыдағы іскерлік туризмді дамыту болашақтары мен мәселелері талқыланады.

Алматы - Қазақстанның ең әдемі қалаларының бірі, туристер мұнда жыл бойы, қыста да, жазда да еліміздің түкпір-түкпірінен, сондай-ақ жақын және алыс шетелден келеді. Іскерлік туризм - бұл тек Қазақстанда ғана емес, сонымен бірге әлемдік туризм индустриясындағы ең тиімді табыстың бірі. Біздің зерттеуіміз - Алматы қаласындағы іскерлік туризмнің даму беталысы. Іскерлік туризмнің тарихымен, мәнімен, маңызы мен жіктелісімен таныстыру; сонымен бірге әлемдегі, Қазақстан Республикасындағы және Алматы қаласындағы іскерлік туризмнің жағдайы; проблемаларды анықтау. Іскерлік туризм перспективалы бағыт болып табылады, соның арқасында бизнестің шекарасын кеңейтуге, жаңа бизнес серіктестер табуға, сонымен қатар бизнесті қуана біріктіруге және жай ғана басқа елдерге баруға жақсы мүмкіндік бар.

Іскери туризмнің дамуына әсер ететін өсудің қолайлы және теріс факторлары көрсетілген. Іскерлік туризмнің жай-күйін талдау статистикалық мәліметтерге негізделген.

Түйінді сөздер: іскерлік туризм, Алматы, Қазақстан Республикасы, конференция, көрмелер, сапарлар, саяхаттар, туристік индустрия, бизнес.

Дуйсебаева К.Д., Кубесова Г.Т., Турганалиев С.Р., Абилова А.Б., Акашева А.С.

Состояние и перспективы развития делового туризма в г. Алматы

Резюме. В статье рассмотрены перспективы и проблемы развития делового туризма города Алматы.

Алматы является одним из самых красивейших городов Казахстана, сюда круглый год, и зимой, и летом приезжают туристы со всех уголков страны, а также из ближнего и дальнего зарубежья. Деловой туризм — это одна из самых высокодоходных отраслей не только казахстанской, а также и мировой туристической индустрии. Наша исследования является ознакомление с тенденциями развития делового туризма в городе Алматы. Ознакомление с историей, сущностью, значением и классификацией делового туризма; а также состояние делового туризма в мире, в Республике Казахстане и в городе Алматы; выявить проблемы. Деловой туризм является перспективным направлением, благодаря ему существует хорошая возможность расширить границы бизнеса, найти новых деловых партнеров, а также совместить приятное с полезным и попросту посетить другие страны.

Показаны благоприятные и отрицательные факторы роста влияющие на развитие делового туризма. Анализ состояния делового туризма основан на статистических данных.

Ключевые слова: деловой туризм, Алматы, Республика Казахстан, конференция, выставки, поездки, путешествия, туристическая индустрия, бизнес.

УДК 541.18

E. Salim, M. Esirkepov

(M. Auezov South Kazakhstan State University, Shymkent, Kazakhstan
erbol_salim@mail.ru)

CYTOGENETIC MONITORING IN THE EVALUATION OF ENVIRONMENTAL SECURITY

Abstract. In this paper, we propose to use for the first time to assess the cytogenetic status of an individual (not only human, but also other organisms) accumulation index of cytogenetic disorders – Index of accumulation of cytogenetic damage (I_{ac}), taking into account the performance of cell kinetics. The analysis of the data obtained so far shows that the increase in apoptosis leads to a decrease in the frequency of cells with cytogenetic disorders, while the increase in proliferation is assumed to interfere with the normal processes of repair and promotes the reproduction of cells with cytogenetic disorders. As a result of research on integral indicators of cytogenetic actions of the person were divided into 2 groups.

Key words: cytogenetic monitoring, genomic studies, cell kinetics, cell frequency, microkernel

Е.Қ. Сәлім, М.М. Есіркепов

(М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік университеті,
Шымкент, Қазақстан Республикасы, erbol_salim@mail.ru)

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІН БАҒАЛАУДАҒЫ ЦИТОГЕНЕТИКАЛЫҚ МОНИТОРИНГ

Түйіндеме. Бұл жұмыста біз тұлғаның цитогенетикалық статусын бағалауды ұсынып отымыз, цитогенетикалық өзгерістің жинақталу индексын - Index of accumulation of cytogenetic damage (I_{ac}), жасушалық кинетика көрсеткіштерін есепке алушы. Бүгінгі күнге дейін алынған талдаулардың нәтижесі апоптоздың ұлғаюы цитогенетикалық бұзылыстағы жасушалар жиілігінің төмендеуіне алып келеді, ал пролиферацияның күшейуі репарацияның қалыпты үдерістеріне кедергі келтіріп, цитогенетикалық бұзылыстағы жасушалардың шығуына мүмкіндік береді. Зерттеулер нәтижесінде цитогенетикалық әрекеттердің интегралды көрсеткіштері бойынша тұлғалар 2 топқа бөлініп қарастырылды.

Кілт сөздер: цитогенетикалық мониторинг, геномдық зерттеулер, жасушалық кинетика, жасуша жиілігі, микроядро

Кіріспе. Цитогенетикалық мониторинг адамзаттың (басқа да организмдердің) тұқымқулаушылық ауарының алдын алу мақсатында қоршаған ортаның экологиялық ластануынан туындайтын популяцияның тұқымқулаушылық өзгерісін бақылауды мақсат етеді. Цитогенетикалық мониторингті генетикалық мониторингтің бір бөлігі ретінде жасушалық деңгейдегі геномдар жағдайын бағалауда өткізудің маңыздылығы бірқатар аспектілермен байланысты болып отыр. Жекелеген жасушалар, тіндер, органдар, сонымен қатар толық ағзалардың дамуы мен қызметінде геномның рөлі өте жоғары екендігі туралы фактілер күн сайын артып келеді [1].

Соңғы кездерде ғылым мен өндірістің дамуынан немесе өндіріске шикізатты дұрыс пайдаланбаудан қоршаған ортаны физикалық, химиялық және биологиялық жағынан ластану факторлары артып келеді. Оның жобамен 10% мутагендік әсерін тигізеді, бірақ факторлардың аз мөлшерінде ғана мутагендік белсенділік көрініс тапқаны зерттелген. Жекелеген факторлардың мазмұнындағы патологияның дамуындағы қауіпті бағалау мен алдын ала болжаудың қолданылып келе жатқан түрі олардың трансформациясы мен өзара әрекеттестігін есепке ала отырып, факторлардың барлық кешендерін төменинтенсивті әрекеттегі ағзаға түсетін ауырлықты шынайы анықтауға мүмкіндік бермейді. Осыған орай цитогенетикалық мониторингті өткізу қажеттілігі туындайды – геномның «өрескел» зақымдануынан (хромосомды аберрациялармен, микроядролармен, ядролық протрузиялармен), ықпал етіп жатқан факторлардың барлық спектріне жауап ретінде қалыптасқан, зерттеліп жатқан тұрғындардың ішіндегі жекелеген тұлғалардан жарқын көрініс тапқан жасушалардың жиілігін анықтау.

Цитогенетикалық мониторингтің арқасында зерттеліп жатқан популяциядағы тұрғындар денсаулығының жағдайы туралы ақпаратты алуға болады (нозологияға дейінгі диагностика), сонымен қатар қоршаған ортадағы генетикалық факторлар туралы (аймақ, қала, аудан), яғни адамның

цитогенетикалық статусы қоршаған ортаны генотоксиканттармен ластану деңгейінің биомаркері қызметін атқара алады (қоршаған ортаның мутагендермен ластануының диагностикалануында).

Оны өткізудің методологиялық базасы жақсы әзірленген және өз ішіне көпшілік қабылдаған, кеңінен қолданылатын хромосомдық аберрация санын есепке алуды қамтиды [2,3,4]. Инновациялық әдіс ретінде халықаралық ғылыми қоғамдастық адам лимфоциттеріне микроядерлі тестіні қолдана бастады. 1997 жылы International Human Micronucleus (HUMN) Project құрылды, оны әзірлеп пайдалану үшін 2007 жылдан бастап эксфолиативті жасушаларға микроядерлік тестілерді пайдалану бойынша HUMN_{XL} жобасы жұмыс жасайды[5]. Бұл жобалар цитогенетикалық мониторингтің бірнеше мәселелерін шешуге мүмкіндік жасады, дәлірек айтқанда хаттамаларды стандарттау, зерттеуге препараттарды дайындау, микроядерлардың анықтау критерилері, қосымша факторлардың ықпал етуі. Адамдарда қоршаған ортаның түрліше факторларының әрекетінен генотоксинді ықпалы кезіндегі микроядералар жиілігінің көтерілетінін көрсететін мәліметтер жарияланды, сонымен қатар олар май басқан кезде, диабетте, жүрек қан-тамырлар, онкологиялық, гематологиялық, нейродегенеративті және басқа да ауруларда көтерілетіні байқалған [1,6,7,8,9]. Бұл әдістің пайдалы екені көрініп отыр, сонымен қатар геномның зақымдануына қатысты ағзадағы физиологиялық және патологиялық фундаментальді зерттеулердің құралы ретінде де айрықша мәнге ие. Күн тәртібінде микроядерлік тесті аурудың алдын алу бойынша жаңа парадигма жасауда қолайлы диагностика әдісі ретінде енгізу түр, ДНК-ның тұлғаландырылған алдын алумен байланысты [11,12,13,14].

Эксперименттік бөлім

Оңтүстік Қазақстан медицина академиясының геномдық зерттеулер зертханасында осы бағыт бойынша инвазивсіз полиорганды кариологиялық тест (ИПК) тест әзірленіп сынақтан өткізілді, ол микроядролармен қатар эксфолиативті жасушалардың ядро жағдайының кең спектрін цитогенетикалық көрсеткіштері бойынша бағалауға мүмкіндік береді.

ИПК-ның артықшылығы хромосомды аберрацияларды есепке алумен салыстырғанда – талдау үшін материалды инвазивті емес түрде алуымен, қан жасушаларын культивациялаудың қажеті жоқтығымен ерекшеленеді. Препараттардың қарапайым дайындалуы мен зерттеудің салыстырмалы түрде арзанға түсетінімен пайдалы. Сонымен қатар ИПК кез-келген эксфолиативті жасушаларды талдауға арналған: буккальді, назалды, уротелиалды, бронхиалды, басқа да жасушаларды талдап, интерфазды жасуша ядросындағы цитогенетикалық бұзылыс жағдайларын бағалауға мүмкіндік береді, сонымен қатар жасушалық кинетика көрсеткіштері: - пролиферация мен апоптоз. Бұл үдерістер қатнасының өзгеруі не тіндердің деструкциясына алып келеді, немесе жаңа құрылымдардың дамуына алып келеді. ИПК кластогенді эффект пен қатар (хромосомалардың фрагменттері мен алмасуы) анеугенді эффектін есепке алуға мүмкіндік береді, олар тұқымқуалаушылық және басқа да аурулардың қалыптасуында айтарлықтай үлес қосады [15].

Цитогенетикалық мониторинг жүргізуді жоспарлау кезінде қосымша ұйымдастыру мәселелері туындайды: кім, қайда, қалайша және қандай жиілікте бұл зерттеуді жүргізу керек, зерттеудің нәтижесі болып не табылады және оны әр нақтыланған аймақта генетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін қалай қолдануға болады деген сұрақтар.

Бұл жұмыста біз тұлғаның цитогенетикалық статусын бағалауды ұсынып отымыз, цитогенетикалық өзгерістің жинақталу индексін - Index of accumulation of cytogenetic damage (I_{ac}), жасушалық кинетика көрсеткіштерін есепке алушы. Бүгінгі күнге дейін алынған талдаулардың нәтижесі апоптоздың ұлғаюы цитогенетикалық бұзылыстағы жасушалар жиілігінің төмендеуіне алып келеді, ал пролиферацияның күшейуі репарацияның қалыпты үдерістеріне кедергі келтіріп, цитогенетикалық бұзылыстағы жасушалардың шығуына мүмкіндік береді. Осыған орай I_{ac} цитогенетикалық бұзылыстардың интегралды көрсеткіштерінің көріністері ретінде (микроядролы жасушалардың соммасы, ядролық протрузиялармен және I_c - cytogenetic index промилліндегі ядроаралық көпірлермен) және пролиферацияның интегралды көрсеткіштерімен (I_p – index of proliferation промилліндегі екі немесе одан көп ядролы жасушалар соммасымен), апоптикалық индекске бөлінген (I_{apop} – apoptotic index промилліндегі апоптозадағы барлық жасушалардың соммасы):

$$I_{ac} = (I_c \cdot I_p / I_{apop}) \cdot 100.$$

Егер тұлғада цитогенетикалық бұзылыстағы немесе екі ядролы жасуша анықталмаса, нөлдік мазмұнды бірге ауыстыру керек. Цитогенетикалық қаулық жиынтығы индексін анықтауда 3 қауіп

тобын анықтауға мүмкіндік береді: төменгі ($I_{ac} \leq 2$), орта ($2 < I_{ac} < 4$) және жоғары ($I_{ac} \geq 4$) қауіп. Топтарға бөлу эмпирикалық жолмен жүргізілді және түзетуді қажет етуі мүмкін.

Зерттеулер нәтижесінде цитогенетикалық әрекеттердің интегралды көрсеткіштері бойынша тұлғалар 2 топқа бөлініп қарастырылды: полиферация мен апоптоза I_{ac} есебін салыстыру барысында 1-топ цитогенетикалық бұзылысқа жоғары қауіпті топ болып табылды, 2-топ қауіп төмен топ, оның ішінде бұл топтар 3,3 есе айырмашылықта. Жекелей бағалау 1-топтағы 5 адамның 3-еуі цитогенетикалық бұзылыстың жоғары қауіпінде тұрғанын көрсетеді, 2-топта 15 адамның 2-еуі ғана жоғары қауіпте, 4-еуі орта, 9- төменгі қауіпте екенін көреміз. Ұсынылып отырған көрсеткіш мәліметтердің жинағын әзірлеуге мүмкіндік береді, жоғары қауіптегі топты анықтауға, жоғары қауіптегі топтан тұлғаларды бөліп алып, сауықтыру шараларын жүргізуге мүмкіндік береді.

Цитогенетикалық мониторинг Түркістан облысындағы аудандарға қандай практикалық нәтиже бере алады? Алдымен цитогенетикалық бұзылыстары жоғары аудандарды анықтап, оларды білуге мүмкіндік туғызады. Олар негізінен аудан тұрғындарының радиациялық, техногенді, химиялық т.б. улану факторларымен байланысты болуы мүмкін. Геном ақауының популяциялық деңгейін бағалау сол ауданда факторлар кешенінің созылмалы әсерін сипаттау үшін де, апатты жағдайларды болып жатқан факторлар кешенінің әсерін анықтау үшін де қажет. Тұрғындардың сезімтал бөлігінде цитогенетикалық статусты бағалау жобамен қандай да бір апат болғаннан кейін 3-4 аптадан кейін (сілемейлі қабыққа базальді эпителиалді жасушалардың шығуына қажетті уақыт өткеннен кейін) одан әрі компенсаторлы-бейімделген реакцияларды қосу бойынша адаптациясы жоғалған тұлғаларға ақпарат бере алады, ол гигиеналық шараларды жүргізуге негіз бола алады.

Қазір бұл мақсаттарды жүзеге асыру үшін қауіпті бағалау методологиясы кеңінен қолданылады, ол аурудың қосымша түрлерін анықтауға, белгілі факторлар арқылы қоршаған ортаның ластануынан туындаған шығындарды есептеуге, барынша тиімді гигиеналық шараларды өткізу үшін ұсыныстар беруге мүмкіндік туғызады. Цитогенетикалық мониторинг жеке және орта топтық цитогенетикалық бұзылыстардың бағалау әдісі ретінде ұсынылатын шаралар тиімділігінің жақсы индикаторы болуы мүмкін.

ӘДЕБИЕТТЕР

- [1] Bonassi S., El-Zein R., Bolognesi C., Fenech M. // *Mutagenesis*. – 2011. – Vol. 26, N 1. – P. 93–100.
- [2] Бочков Н.П., Катосова Л.Д. // *Вестн. РАМН*. – 1992. – № 4. – С. 10–14.
- [3] Дружинин В.Г. Хромосомные нарушения у населения крупного промышленного региона: пространственно-временной цитогенетический мониторинг: Автореф. дис. ... д-ра биол. наук. – М., 2003.
- [4] Сычева Л.П., Рахманин Ю.А., Ревазова Ю.А., Журков В.С. // *Гиг. и сан.* – 2005. – № 6. – С.59–62.
- [5] Fenech M., Holland N., Zeiger E. et al. // *Mutagenesis*. – 2011. – Vol. 26, N 1. – P. 239–245.
- [6] Полиорганный микроядерный тест в эколого-гигиенических исследованиях / Под ред. Ю.А.Рахманина, Л.П.Сычевой. – М.: Гениус, 2007.
- [7] Andreassi M.G., Barale R., Iozzo P., Picanj E. // *Mutagenesis*. – 2011. – Vol. 26, N 1. – P. 77–83.
- [8] Lal A., Ames B. // *Mutagenesis*. – 2011. – Vol. 26, N 1. – P. 57–62.
- [9] Migliore L., Coppede F., Fenech M., Thomas P. // *Mutagenesis*. – 2011. – Vol. 26, N 1. – P. 85–92.
- [10] Сычева Л.П. // *Мед. генетика*. – 2007. – № 11. – С. 3–11.
- [11] Fenech M. // *Mutagenesis*. – 2005. – Vol. 20, N 4. – P. 255–269.
- [12] Fenech M., Holland N., Zeiger E. et al. // *Mutagenesis*. – 2011. – Vol. 26, N 1. – P. 239–245.
- [13] Thomas P., Holland N., Bolognesi C. et al. // *Nat. Protoc.* – 2009. – Vol. 4. – P.825–837.
- [14] Tolbert P.E., Shy C.M., Allen J.W. // *Mutat. Res.* – 1992. – Vol. 271, N 1. – P. 69–77.
- [15] Aardema M.J., Albertini S., Arni P. et al. // *Mutat. Res.* – 1998. – Vol. 410, N 1. – P. 3–79.

Сәлім Е.Қ., Есіркепов М.М.

Цитогенетический мониторинг в оценке безопасности окружающей среды

Резюме. В данной работе мы впервые предлагаем использовать для оценки цитогенетического статуса индивида (не только человека, но и других организмов) индекс накопления цитогенетических нарушений – Index of accumulation of cytogenetic damage (I_{ac}), учитывающий показатели клеточной кинетики. Анализ полученных данных показывает, что увеличение апоптоза приводит к снижению частоты клеток с цитогенетическими нарушениями, тогда как усиление пролиферации, как предполагают, препятствует нормальным процессам репарации и способствует воспроизведению клеток с цитогенетическими нарушениями. В результате исследования по интегральным показателям цитогенетических действий лица были разделены на 2 группы.

Ключевые слова: цитогенетический мониторинг, геномные исследования, клеточная кинетика, частота клеток, микроядро

УДК 666.972.12

N.T. Namazbay, Zh.B. Bakirbayev, A.K. Tanybayeva, K.D. Abubakirova, A.B. Leskhan
(al-Farabi Kazakh National University, Almaty,
Republic of Kazakhstan, E-mail: nurkanat.namazbay@mail.ru)

THE CURRENT STATE OF THE SPREAD OF " SMART CITIES»

Abstract. The article is devoted to the study of the current state of the spread of "smart cities" around the world, as well as the formation of "smart" cities in Kazakhstan. The concept of "smart city", formed in the early 2000s, is aimed primarily at the development of technology and infrastructure. Subsequent research and investment has resulted in new technologies, large data centers, smart sensors, and automated power grids. Another result of these efforts has been a critical attitude towards innovation with regard to the real or applicable degree of people: sometimes the most unusual ways of using sensors and new technologies have failed to find answers among citizens and have not had a significant impact on their daily lives.

Over the years, after trials and errors, urban experts have come to a new model of a smart city, which provides not only different ways of applying smart technological solutions, but also active participation in the development of the population. A modern smart city is not only a municipality with a developed technological infrastructure, but also a place where human life acquires a new quality thanks to smart solutions. Thanks to the digitalization of technologies and traditional services, people effectively and productively use their resources and time, become real residents of a smart city.

Key words: Smart city, smart solutions.

Н.Т. Намазбай, Ж.Б. Бакирбаев, А.К. Таныбаева, К.Д. Абубакирова, А.Б. Лесхан
(Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті,
Алматы, Қазақстан Республикасы, E-mail: nurkanat.namazbay@mail.ru)

«АҚЫЛДЫ ҚАЛАЛАРДЫҢ» ТАРАЛУЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ

Аңдатпа. Мақала бүкіл әлем бойынша "Ақылды қалалардың" таралуының қазіргі жай-күйін, сондай-ақ Қазақстандағы "ақылды" қалалардың қалыптасуын зерттеуге арналған. 2000 жылдардың басында қалыптасқан «ақылды қала» тұжырымдамасы- ең алдымен технологияларды және инфрақұрылымды дамытуға бағытталған. Кейінгі зерттеулер мен инвестициялардың нәтижесінде жаңа технологиялар, ірі деректер орталықтары, смарт-сенсорлар және автоматтандырылған электр желілері пайда болды. Бұл зерттеулердің тағы бір нәтижесі, адамдардың нақты немесе қолданатын дәрежесін ескере отырып, инновацияларға деген сыни көзқарас пайда болды: кейде датчиктерді және жаңа технологияларды пайдаланудың ең ерекше жолдары азаматтар арасында жауап таба алмады және олардың күнделікті өміріне елеулі әсер етпеді.

Көптеген жылдар бойы сынау мен қателіктерден кейін урбанистік мамандар ақылды қаланың жаңа үлгісіне келді, ол ақылды технологиялық шешімдерді қолданудың әртүрлі жолдарын ғана емес, сонымен қатар тұрғындардың дамуына белсенді қатысуын қарастырады. Қазіргі заманғы ақылды қала - дамыған технологиялық инфрақұрылымы бар муниципалитет ғана емес, бұл адамның өмірі ақылды шешімдердің арқасында жаңа сапаға ие болатын орын. Технологияны және дәстүрлі қызметтерді цифрландырудың арқасында адамдар өзінің ресурстарын және уақытын тиімді және өнімді түрде пайдаланады, ақылды қаланың шынайы тұрғындары болады.

Түйін сөздер: Ақылды қала, ақылды шешімдер.

«Smart City» терминін кең ауқымда және түрлі қырынан қарастыруға болады. Бірақ кез келген жағдайда да азаматтардың, бизнес пен мемлекеттің арасындағы көпжақты серіктестік аясында әлеуметтік мәселелерді шешуге көмектесетін ақпараттық-телекоммуникациялық технологиялар шешуші рөл атқарады. Бұл ұғым «ақылды қоғамдастық» түсінігі сынды 1993 жылы Кремний алқабында (Silicon Valley, АҚШ) қалыптасты [1]. Мұндай қоғамдастық қолда бар ақпараттық технологияларды қолдана отырып, өмір сүру және еңбек жағдайларын жақсарту үшін бизнес пен тұрғындар арасындағы кез-келген мақсатты ынтымақтастық ретінде анықталды.

Қазіргі заманғы жұмыстар дамудың негізгі факторы- технология деген көзқарасқа тоқтап қалмайды. Шын мәнінде, ақылды деп- адами капиталдың өсуі үшін барлық жағдайлар жасалған қалалар саналады. Мұндай мүмкіндіктер мен қоршаған орта неғұрлым қолайлы болған сайын, қала ақылды

болады. Бұл көзқарас еуропалық интеллектуалды қаланың көзқарасын қалыптастырды және 2007 жылы Вена технологиялық университетінің Аймақтық ғылым орталығымен сипатталды (Сурет 1) [2].



1-сурет. Ақылды қала сипаттамалары (Vienna University of Technology)

Ақылды қала осы алты саланы дамытуға стратегиялық көзқарас танытады, өздерінің тұрғындары мен ресурстарын ұтымды пайдаланып, саналы түрде және тәуелсіз түрде әрекет етеді. Түсінік авторлары келтірілген компоненттердің тізімі толық емес екендігін және ең бастысы дамудың күрделі қағидасын сақтау болып табылатындығын айқындады.

Европарламенттің (2014 жыл) анықтамасы да осы алты қағидатқа негізделеді. Анықтамаға сәйкес, ақылды қала әртүрлі муниципалдық ұйымдар мен олардың серіктестіктеріндегі АТ-шешімдерін қолдану арқылы әлеуметтік мәселелерді шешуге тырысады. Сонымен қатар, Еуропарламент проблемалық контекстке назар аударады: ақылды қалалар ірі урбанизация проблемаларына жауап ретінде қаралады (халықтың көп болуы, энергияны тұтыну, ресурстарды бөлу, қоршаған ортаны қорғау). Қалалар кедейлікті және жұмыссыздықты жоюды, теңсіздікті және энергияны басқаруды қамтамасыз ету үшін стратегиялық мәселелерге айналады.

Мұндай көзқарас Жапонияға тән. Жапондықтар ақылды қалалар деп- инновациялардың арқасында қоршаған орта жағдайын, қоғамды және экономиканы жақсартып отырып, осы көрсеткіштердің әрқайсысының ең төменгі деңгейіне қол жеткізуді атайды (Future City Initiative, 2014). Мұндай анықтама Жапония үшін негізгі проблемалар: халықтың қартаюуы және табиғи апаттардан қорғау қажеттілігіне байланысты қабылданды.

ISO Халықаралық стандарттау ұйымы, Халықаралық электротехникалық комиссия (IEC) және Халықаралық электр-байланыс бірлестігімен (ITU) құрылған «Ғаламдық ақылды қалалар» (World Smart City, 2016) форумы және ұйымының анықтауынша- ақылды қалалар тұрақты әрі қайта қалпына келуге қабілетті. Тұрақтылықтың астарында, қазіргі таңдағы қажеттіліктерді болашақ ұрпақтың экологиялық, экономикалық және әлеуметтік тұрғыдағы мүмкіндіктерін төмендетпей қамтамыз ету қарастырылады [2]. Қайта қалпына келу қабілеттілігі дегеніміз- қала өзін қоршаған жағдайлардың өзгеруіне сәтті бейімделеді.

Ұйымның пікірінше ақылды қала өзінің ең жақсы жағдайында:

- адамдарғы бағытталған (тұрғындарға, бизнеске, жұмысшыларға, туристтерге және т.б. бағытталған);

- жақсы басқарылады;
- ашық және қол жетімді (барлық адамдар мен жаңа тын идеяларға);
- өзінің қызметі туралы ақпаратты ашып көрсетеді;
- жеке мәліметтерді сақтауды қамтамасыз етеді;
- инграцияланған қызметтер мен инфрақұрылымға негізделген;
- тұрғындардың оқытылуы мен дамуына белсенді ат салысады.

Smart City-дің технологиялық аспектісі IBM (2010 жыл) компаниясының анықтамасында сипатталған. Компания Smart City концепциясының жетекші жаһандандырушы компаниялардың бірі болды. Жаһандық IT-нарықтың жетекшісі ақылды қаланы жабдықталған, бір тұтас және интеллектуалды деп қарастырады. «Жабдықталған» деп - жеке құрылғылардың, өлшеуіш аспаптардың, түрлі сенсорлардың көмегімен нақты уақыт режимінде қала өмірі мен инфрақұрылымы туралы түрлі мәліметтерді жинауды білдіреді. «Бір тұтастық» - түрлі қалалық қызметтерге деректерді цифрлық платформаларда біріктіруге жалпы қолжетімділік беруге көрсетеді. «Интеллектуалды» - ең жақсы шешімдер қабылдау үшін озық талдаулар, модельдеу, онтайландыру және визуализация қызметтері арқылы алынған ақпаратты өңдеуді қарастырады.

Осылайша, қазіргі кезде көптеген мемлекеттер, жетекші халықаралық ұйымдар мен компаниялар Smart City концепциясының ортақ көзқарастарын бөліп қарастырады.

Осыған сәйкес қала:

- икемді әрі тұрақты болады;

- қоғамды тарту арқылы бірлескен басшылықты қолданады;

- өмір сүрудің әр түрлі салалары мен қалалық шағын жүйелердің қиылысында жұмыс істейді;

- жинақталатын деректерді тиімді пайдаланады;

- қала тұрғындары мен онымен байланысты тұрғындарға қызмет көрсету сапасын және өмір сүру деңгейін жақсартуға бағытталған.

Бір ғана Еуропада «ақылды» статусқа лайық 240-тан астам қала бар. Осы саладағы жеке жобалар бүкіл әлемде, соның ішінде Қазақстанда да қолданылады. Қалаларды Smart ретінде жіктеудің бірыңғай критерийлері болмағандықтан олардың нақты санын бағалау қиын. Қолданыстағы рейтингтерде инновациялардың тиімділігі мен технологиялық инфрақұрылымды қамтамасыз етудің әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері де бар.

Әлемдік тәжірибе негізгі технологиялардың өзгеруін және ағымдағы жобалардың түрлерін көрсететін ақылды қалалардың қалыптасуының үш шартты кезеңін ажыратуға мүмкіндік береді. Ақылды қаланың анықтамалық архитектурасы қазірдің өзінде анық және жергілікті жобалар шеңберінде критикалық технологиялар әзірленуде. Деректерге қол жеткізуді қамтамасыз ететін және барлық қауіпсіздік талаптарын қамтамасыз ететін ортақ платформалар үшін оқшауланған тік жобалардан шығу қажет. Smart City-дің еуропалық идеологтарына негізделген бұл тәсіл «цифрлық» қалалардан шынымен ақылдыларға өтуді қамтамасыз етеді [3].

Қазіргі уақытта Қазақстан "Ақылды қала" тұжырымдамасымен байланысты халықаралық деңгейде бірқатар тәжірибелерді меңгерудің өте ерте кезеңдерінде жатыр. Бірнеше ілеспе саяси факторлар Үкіметтің әртүрлі аспектілерде орнықты даму стратегиясын жүргізуге батыл дайын екендігін көрсететін мән-жайлармен қатар прогреске кедергі келтіреді [4]. Олар төменде жазылған:

1. Саяси фактор және азаматтық қатысу. Қазақстандағы басқару құрылымы өте орталықтандырылған. Әкімдер, облыстардың, Алматы және Астана қалаларының әкімдерін Президент тағайындайды. Жергілікті билік органдары, әдетте, орталық үкіметке бағынады. Барлық деңгейлерде, әсіресе жергілікті билік органдарының деңгейінде институционалдық жады жетіспеушілігі, сондай-ақ аға лауазымды тұлғалардың жиі өзгеруі азаматтық қоғам үшін де, бизнесте де бар мақсаттар мен мүдделерді жетілдіруді қиындатады.

"Үкіметтің есеп берушілігі мен ден қоюына" қатысты жұмысты жандандыру үшін негізгі серпін 2015 жылдың мамырында Тұңғыш Президент бастаған Қазақстанның стратегиялық даму жоспарымен қамтамасыз етіледі. Онда "бес институционалдық реформаны іске асыру бойынша 100 кадам"[5] баяндалған, олардың бірі үкіметтің ашықтығы мен есептілігі болып табылады. Бұл басымдық азаматтардың өзін-өзі реттеу және жергілікті өзін-өзі басқару тетіктерінің көмегімен шешімдер қабылдауға қатысу мүмкіндіктерін кеңейтуді талап етеді. Онда сондай-ақ үкіметтік

органдар мен жергілікті әкімшіліктер жанынан пайда болатын қоғамдық кеңестердің рөлін нығайтуға шақыру бар, бұл оларға перспективалық пәрменді жоспарларды талқылауға және тиісті бағдарламаларды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

М.Т.Бердыходжин (1994) фосфорлық улану салдарынан орталық вегетативті иннервация үрдісіне негізделген, невропатиялық және вегетативті-тамыр жүйесінің өзгерістері жүйке жүйесінде қызметтік өзгерістер тудыратындығын зерттеді. Адреналин, норадреналин, ацетилхолин және серотонин сияқты медиаторлардың өзгеруі салдарынан жеке симпатикалық және парасимпатикалық жүйелердің әсерлері өзгереді [68]. Келтірілген мәліметтер фосфорлық улану кезінде бауырға, бүйрек үстіне, өтке жоғары қысым түсіретіндігін көрсетеді [19-20].

С.А.Ибраев (1990), К.Е.Ергешбаев (1991) фосфор ағзаға әсер еткенде артериальды гипертензия жүректің ишемиальды ауруына негізгі фактор болатын миокардиодистрофия синдромы пайда болады деп болжайды. Уытты миокардиодистрофияның негізінде энергиямен қамтылудың дұрыс жүрмеуі, миофибрилларда энергияның және иондардың, әсіресе, Ca^{2+} иондарының тасымалдануының бұзылуы жатады [21].

Зерттеу әдістері

Құрамына фосфогипс пен отын ретінде қосылған (3 % көмір майдасы, 8 % мұнай шламы және 8 % ағаш ұнтағы) гипс байланыстырғышы материалын алу мақсатында жалпы қабылданған арнайы және біздің жұмысымызда жасалған методикалық әдістер бойынша зерттеу жұмыстары жүргізілді. Шикізат құрамындағы жанғыш заттардың жану үрдісінің кинетикасын анықтау үшін, жұмыс лабораториялық термиялық қондырғыда жүргізілді. Ол лабораториялық түтікті пештен, дифференциалды термиялық өлшеу сымдарынан, кварц түтіктерінен, сандық милли-вольтметрден, микрокомпрессордан және пропан газы толтырылған баллоннан тұрады (2-сурет). Зерттелінетін нұсқаның құрамындағы көмірдің жану температурасы алдын-ала қыздырылған 700-1000 °С температуралардағы ауасыз ортадағы прибор көрсеткішіне дейінгі, алдын-ала қыздырылмаған 20-1000 °С температураларда және 700-1000 °С-ғы алдын-ала қыздырылмаған температураларда бақыланды. Материалды агломерациялық күйдіру қондырғысына жіберер алдында, одан шихта дайындалып, дайындалған шихта тарелкалы грануляторда ірілендірілді. Лабораториялық тарелкалы гранулятордың диаметрі 1,2 м, еңкіштік бұрышы 50°, айналу жылдамдығы 10 айн/мин шамасында болды. Шихтаны 5-12 мм-ге дейін ірілендіру былай жүргізілді: вентилятормен жабықталған кептіру шка-фында алдын-ала кептірілген көмір майдасы қосылып дайындалған шихтаны ылғалдап алған соң, ол гранулятор тарелкасына салынады да, компрессордағы сығылған ауаның көмегімен форсунка арқылы оған су бүркілді. Гранулятор тарелкасының айналуы арқасында шихта еңкіш тарелканың жоғары шеніне дейін көтеріледі де, қырғышқа соқтығылысып төмен домалауы арқылы олар бір-біріне жабысып іріленеді. Домалау барысында іріленген түйіршіктер шар формасына айналады. Егер түзіліп жатқан түйіршіктердің ылғалдылығы артық мөлшерде болса, онда грануляторға ұнтақ түрде құрғақ шихта беріледі.

Фосфор өндірісінің дамуы, бірқатар қолайсыздықтар туғызып отырды; гигиеналық еңбек шарттарының бұзылуы, қоршаған ортаның ластануы, медициналық санитарлық қызметтердің төмендеуі және т.б. жағдайлардың салдарынан, зауыт жұмысшыларында фосфор қосылыстарының (фосфор тотығы, фосфин, фосфор ангидраты) токсикалық әсерінен улануға ұшырап, кәсіби аурулары анықталып жатқандардың саны аз болған жоқ.

Фосфор өсімдіктер мен жануарлар ағзасында маңызды орын алады. Өсімдіктерде органикалық қосылыстар, орто және метафосфор қышқылы ретінде кездесе, ал жануарларда фосфордың жартысынан көбі, басымырақ апатит түрінде, сүйек құрамында, сондай-ақ, нуклеин қышқылының фосфолипидтері мен фосфопротеин түрінде, жұмсақ тіндерінде және ағза сұйықтықтарында кездеседі. Фосфор ағзада көмірсу, нуклеин қышқылы, ақуыз түзілуіне қатыса отырып, барлық зат алмасуда маңызды рөл атқарады. Фосфордың 5 аллотроптық модификациясы белгілі, оның ішіндегі ең маңыздысы ақ (сары) түрі. Сары фосфор ең белсенді және өте улы түрі (0,1 г дозасы өлімге әкеліп соқтырады). Фосфор ағзаға тыныс алу жолдары, ас қорыту жолдары және тері арқылы енеді. Фосфор ағзаға түскеннен соң органикалық заттармен әрекеттесіп, бос радикалдар түзеді (гидрооксильді, супероксид-анион) бұларды «фосфоротоксиндер» деп атайды. Өйткені, олар адам ағзасының клеткалық мембранасына токсикалық әсер етеді. Фосфор ағзаға енген соң қан айналымына түсіп, алдымен, асқорыту жүйесін, жүйке, эндокрин жүйесін зақымдап, сосын тыныс алу, несеп бөлу жүйесін, сүйек жүйесіне әсерін тигізіп, полиоргандық зақымдануға әкеліп соқтырады. Онда екі ай көлемінде улануда болған тышқандардың сүйегінде кальций, фосфор, магний, мыс, фтор деңгейі жоғарылап, темір деңгейі өзгермеген. Жоғарыда аталған авторлар, фосфор қосылыстарының әсері адам ағзасын полиорганды зақымдайтындығын және ұзақ ағымды меңдейтіндігін растайды. Зерттеу жұмыстарының нәтижесі көрсеткендей, фосфор қосылыстарымен байланыс үзгеннен кейінгі кезеңде, улану прогрессиялануы мүмкін екендігін жоққа шығармайды. Фосфор зауыттарында жұмыс істеген жұмысшыларда жеңіл улану белгілері болғанымен, 8-10 жылдан соң уланудың қалдық көрінісі пайда болған. Дегенмен, улану прогрессияланып, фосфор және оның қосылыстарымен байланысты үзген соң 18 жылдан кейін төменгі жақтың фосфорлық некрозы дамыған. 3 жылдан соң, фосформен байланысты үзгеннен кейін билирубин мен холестериннің жоғарылауы, бауыр симптомдары орын алған. Сонымен бірге, фосфор және оның қосылыстарының улы әсерін жануарларға жүргізілген

зерттеу жұмыстары одан әрі қарай дәлелдей түседі.

Бұл зерттеулердің нәтижелері өндіріс шаңының (фосфогипс құрамындағы кремний тотығы, фосфор тотығы, фтор және т.б.) улылық әсері жоғары болғандықтан, ағзаны пневмокониотикалық өзгеріске толық ұшырататындығын көрсетеді. Кейбір әдебиеттерде келтірілгендей, фосфор өндірісі қалдығы фосфогипс құрамындағы фосфогипс шаңы, фосфор тотығы, фторсутек және т.б. улы заттардың түзілуі мен бөліну қарқындылығы жұмыс белдеміндегі аурулар көрсеткішін бірден жоғарылататындығын көрсетеді. Нәтижесінде фосфор зауыттарында жұмыс істейтін жұмысшылар мен өндіріске жақын орналасқан елді мекен тұрғындарының арасында тыныс алу, жүйке жүйесі, тері, ас қорыту және қан аздық аурулары көрсеткіштері жоғары деңгейде. Мұны климаттық жағдайдың және қоршаған ортаның ластануының жоғарылауымен түсіндіруге болады.

Талдау нәтижелері. Химия өнеркәсіптері көп тонналы және улы заттардың ағынын шығара отырып, биосфераны ластаушы көздерінің біріне айналған. Қазіргі кезде химия өндірісінен түзілетін қалдықтардың мөлшері күннен-күнге артып келеді. Оларға бірінші кезекте органикалық еріткіштер, аминдер, альдегидтер, хлор және олардың туындылары, азот оксиді, циан қышқылы, фторидтер, фосфор және күкірт қосылыстары (күкірт диоксиді, күкіртсутегі, фосфор тотығы) металлоорганикалық қосылыстар, фтор және сынап қосылыстары жатады. 1-ші кестеде өндіріс қалдықтарының ауаны ластайтын зиянды заттары берілген.

Қазақстанда өндіріс қалдықтарын қайта өңдеу үрдісі әлі де толық дамымай келеді. Ал өндіріс орындарынан шығарылып жатқан қалдықтар газ, шаң түріндегі ластаушы заттар адам ағзасына тыныс алу, тамақтану кезінде және тері арқылы бірнеше жыл бойы біртіндеп әсер ете отырып, аллергияға, мутагенді және канцерогенді ауруға ұшыратады. Сонымен бірге, ауа бассейнінің бұзылуына, көбінесе, ЖЭО-ның отынының жануы кезінде (мазут, көмір) түрлі ауылшаруашылық және технологиялық автотранспорттардың жұмыс істеуі де өз әсерін тигізеді.

1-кесте. Химия өндірісі қалдықтарының қоршаған ортаны ластаушы зиянды заттары

Өндіріс	Атмосфераны ластайтын негізгі құрамбөліктер
Фосфор және фосфор қышқылы	P_2O_5 , H_3PO_4 , HF, фосфогипс шаңы
Карбамид	NH_3 , CO, $(NH_2)_2$, CO (шаң)
Аммиакты селитра	NH_3 , CO, HNO_3 , NH_4NO_3 (шаң)
Суперфосфат	H_2SO_4 , HF, суперфосфат шаңы
Аммиак	NH_3
Карбофос	SO_2 , P_2O_5 , H_2S , карбофос шаңы
Минералды пигмент	Fe_2O_3 , $FeSO_4$, фосфогипс

Оңтүстік өңіріне қарасты Тараз қаласындағы «Минералды тыңайтқыштар» және «Жаңа Жамбыл фосфор зауыттары» қарқынды жұмыс атқаруда. Әдеби деректерге сүйенсек, Тараз қаласында атмосфера ауасына жылына орта есеппен зиянды заттар 168,3 мың т-ны, соның ішінде, қатты заттар – 41 мың т-дан жоғары, азот тотықтары – 13,9 мың т, фтор қосылыстары – 1,134 мың т-ны құрайды.


Фосфор өндірісінен түзілетін қалдықтар қоршаған орта үшін өте улы, әрі өртке қауіпті газ тәріздес, қатты және сұйық заттардан тұрады. Фосфор өндірісінің қалдығы болып табылатын фосфогипстің құрамында кремний тотығы, күкірт тотығы, фтор, кальций тотығы, фосфор тотығы және т.б. зиянды қосылыстар кездеседі (экстракция әдісіне, шикізатқа байланысты құрамы өзгеруі мүмкін).

Фосфор өндірісінің дамуы, бірқатар қолайсыздықтар туғызып отырды; гигиеналық еңбек шарттарының бұзылуы, қоршаған ортаның ластануы, медициналық санитарлық қызметтердің төмендеуі және т.б. жағдайлардың салдарынан, зауыт жұмысшыларында фосфор қосылыстарының (фосфор тотығы, фосфин, фосфор ангидраты) токсикалық әсерінен улануға ұшырап, кәсіби аурулары анықталып жатқандардың саны аз болған жоқ.

Фосфор өсімдіктер мен жануарлар ағзасында маңызды орын алады. Өсімдіктерде органикалық қосылыстар, орто және метафосфор қышқылы ретінде кездессе, ал жануарларда фосфордың жартысынан көбі, басымырақ апатит түрінде, сүйек құрамында, сондай-ақ, нуклеин қышқылының фосфолипидтері мен фосфопротеин түрінде, жұмсақ тіндерінде және ағза сұйықтықтарында кездеседі. Фосфор ағзада көмірсу, нуклеин қышқылы, ақуыз түзілуіне қатыса отырып, барлық зат алмасуда маңызды рөл атқарады.

Фосфордың 5 аллотроптық модификациясы белгілі, оның ішіндегі ең маңыздысы ақ (сары) түрі. Сары фосфор ең белсенді және өте улы түрі (0,1 г дозасы өлімге әкеліп соқтырады). Фосфор ағзаға тыныс алу жолдары, ас қорыту жолдары және тері арқылы енеді. Фосфор ағзаға түскеннен соң органикалық заттармен әрекеттесіп, бос радикалдар түзеді (гидрооксильді, супероксид-анион) бұларды «фосфоротоксиндер» деп атайды. Өйткені, олар адам ағзасының клеткалық мембранасына токсикалық әсер етеді. Фосфор ағзаға енген соң қан айналымына түсіп, алдымен, аскорыту жүйесін, жүйке, эндокрин жүйесін зақымдап, сосын тыныс алу, несеп бөлу жүйесін, сүйек жүйесіне әсерін тигізіп, полиоргандық зақымдануға әкеліп соқтырады. Сонымен қатар, В.А. Козловскийдің (1988 ж.) зерттеу жұмыстары бойынша фосформен улануда тыныс алу жүйесіндегі мұрын, жұтқыншақ, кеңірдектің созылмалы катаральді өзгерістерінің дамидынын атап көрсетті. С.А.Ибраевтың (1983 ж.) пікірінше улану жағдайында жүрек-қан тамыр жүйесіндегі бұзылыстар мен гипертониялық типті нейроциркуляторлық дистонияның дамуы пайда болатындығын айтады. Онда екі ай көлемінде улануда болған тышқандардың сүйегінде кальций, фосфор, магний, мыс, фтор деңгейі жоғарылап, темір деңгейі өзгермеген. Жоғарыда аталған авторлар, фосфор қосылыстарының әсері адам ағзасын полиорганды зақымдайтындығын және ұзақ ағымды меңдейтіндігін растайды. Зерттеу жұмыстарының нәтижесі көрсеткендей, фосфор қосылыстарымен байланыс үзгеннен кейінгі кезеңде, улану прогрессиялануы мүмкін екендігін жоққа шығармайды. Фосфор зауыттарында жұмыс істеген жұмысшыларда жеңіл улану белгілері болғанымен, 8-10 жылдан соң уланудың қалдық көрінісі пайда болған. Дегенмен, улану прогрессияланып, фосфор және оның қосылыстарымен байланысты үзген соң 18 жылдан кейін төменгі жақтың фосфорлық некрозы дамыған. 3 жылдан соң, фосформен байланысты үзгеннен кейін билирубин мен холестериннің жоғарылауы, бауыр симптомдары орын алған. Сонымен бірге, фосфор және оның қосылыстарының улы әсерін жануарларға жүргізілген зерттеу жұмыстары одан әрі қарай дәлелдей түседі.

Бұл зерттеулердің нәтижелері өндіріс шаңының (фосфогипс құрамындағы кремний тотығы, фосфор тотығы, фтор және т.б.) улылық әсері жоғары болғандықтан, ағзаны пневмокониотикалық өзгеріске толық ұшырататындығын көрсетеді. Кейбір әдебиеттерде келтірілгендей, фосфор өндірісі қалдығы фосфогипс құрамындағы фосфогипс шаңы, фосфор тотығы, фторсутек және т.б. улы заттардың түзілуі мен бөліну қарқындылығы жұмыс белдеміндегі аурулар көрсеткішін бірден жоғарылататындығын көрсетеді. Нәтижесінде фосфор зауыттарында жұмыс істейтін жұмысшылар мен өндіріске жақын орналасқан елді мекен тұрғындарының арасында тыныс алу, жүйке жүйесі, тері, ас қорыту және қан аздық аурулары көрсеткіштері жоғары деңгейде. Соның ішіндегі тыныс алу аурулары: пневмония, бронхит, бронхитті астманың жоғары екен. Мұны климаттық жағдайдың және қоршаған ортаның ластануының жоғарылауымен түсіндіруге болады.



1 – Шайқорық елді мекеніндегі ересектер арасында кездесетін қан аздық ауруы; 2 – Ақбұлым елді мекеніндегі ересектер арасында кездесетін қан аздық ауруы.

1-сурет. Ересектер арасында кездесетін қан аздық ауруы

Төмендегі 1-ші суреттерде Тараз қаласындағы емханалардан алынған статистикалық мәліметтер бойынша ауруларға қатысты өңделген қисықтар тұрғызылған. Мұнда «Фосфор» өндірісіне жақын орналасқан «Шайқорық» елді мекені мен өндірістен қашық орналасқан «Ақбұлым» елді мекенінде тұратын адамдар арасында кездесетін аурулар салыстырмалы түрде көрсетілген. Есептеу нәтижесі ауру санының 100 000 тұрғын санының есебі бойынша көрсетілген. Суретте адамдар арасында кездесетін қан аздық, яғни темір жетіспеушілікпен ауыратын қала халқының 2001-2006 ж.ж. аралығындағы тәуелділік графигі тұрғызылған. Мұндаға 2001-2006 ж.ж. аралығындағы ауру көрсеткіші «Шайқорық» елді мекеніндегі адамдардың «Ақбұлым» елді мекеніне қарағанда жоғары деңгейде, қала халқы үшін қалыпты жағдайдағы қауіпсіз ауру көрсеткішіне тән емес мәнді көрсетеді.

Тіптен, 2011-2016 ж.ж. аралығындағы ересектерде, 14 жасқа дейінгі балалар арасында және 15-17 жас аралығындағы жасөспірімдер арасында қан аздық ауру саны бірден көтерілген. Мұны жоғарыда айтқан фосфор өндірісінің климаттық жағдайды нашарлатуы негізінде жергілікті жердің метеорологиялық жағдайы және қоршаған ортаның ластануының жоғарылауымен түсіндіруге болады.

Тараз қаласына қарасты «Шайқорық» елді мекені мен «Ақбұлым» елді мекеніндегі аурулар санын салыстырмалы түрде көрсеткен статистикалық мәліметте көрсетілген мәндер абсолютті сан болғандықтан, статистикалық санақ жүйесі бойынша абсолютті ауру санын жүз мың тұрғынға көбейтіп, сол жылғы қалада немесе елді мекенде өмір сүретін халық санына бөлу арқылы, әр жылға ауырған адамдардың көрсеткішін тәуелділік графигі арқылы тұрғызуға болады.

Қорытынды. Қоршаған ортаның фосфор қосылыстарымен ластануына байланысты және желдің жиі соғатын оңтүстік-батыс бағытында, қалдық сақтау қоймасына жақын орналасқан Шайқорық елді мекені тұрғындарының тыныс алу, ас қорыту, қан аздық және тері аурулары ластану көздерінен қашықтағы Ақбұлым елді мекенінде тұратын тұрғындармен салыстырғанда, аурулар саны 2-3 есе артатындығы байқалды. Фосфор өндірісі қалдықтарын зерттеу барысында ұсынылған технологияның қоршаған орта үшін қауіпсіздігі және оның қоршаған ортаны жақсартудағы рөлі қарастырыла отырып, өндірістен шығарылатын зиянды заттардың атмосфералық ауадағы таралуы кезінде селителі зонаға дейін ШРК мәнінен төмен концентрация мәні анықталды. Фосфогипс қалдығын сақтау қоймасы орналасқан ауданының экологиялық карта-схемасы жасалып, ондағы зиянды заттардың санитарлық нормаға сай шекаралары анықталды. Тараз қаласындағы «Минералды тыңайтқыштар» зауытынан шығарылатын фосфогипстің құрамындағы зиянды заттардың атмосфералық ауадағы сапалық көрсеткішін анықтай отырып, аталмыш өндіріс орындарына жақын орналасқан аудандардың экологиялық қауіпсіздік коэффициенті анықталды. Талдауға негізделген экологиялық индикатор мәні 0,3 – апатты жағдайдағы көрсеткіш мәнін, яғни қоршаған ортаның қауіпті жағдайда тұрғандығын дәлелденді. Фосфогипс қалдығының атмосфера ауасындағы максимал концентрациясының шектік рауалы мөлшерге дейін сейілу шекарасын экологиялық карта-схемада белгілеуді негіздеу және ол қалдықты қабатты күйдіру арқылы экологиялық қауіптілік коэффициенті $\beta=0,3$ -тен қоршаған ортаға қауіпсіз болып табылатын $\beta=1-2$ экологиялық қауіпсіз деңгейге қол жеткізілді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- [1] Қазақстан Республикасының Экологиялық Кодексі. – Алматы, 2007.
- [2] –138 б.
- [3] Дарибаев Ж.Е. Разработка технологии получения аглопорита с возгонкой цветных металлов // Вестник КазГУ. –1996. – №5-6. – С. 73-75.
- [4] Концепция экологической безопасности Республики Казахстан на 2005-2014 годы. – Астана, 2005. – С. 25.
- [5] Самакова А.Б. Проблемы отходов производства и потребления и пути их решения. / Доклад Министра ООС РК на парламентских слушаниях по вопросам отходов производства и потребления. – Астана, 2005. – С. 25.
- [6] Ақбасова А.Ж., Жамалбеков Е.Ү. Экологиялық энциклопедия. – Алматы, 2007. –252 б.
- [7] Bostanova A. and oth. Bioecological studies identifying the reasons of occurrence of fungi species that infect the seeds of leguminous crops in South Kazakhstan Fresenius Environmental Bulletin Volume 27 ± No. 8/2018 pages 5301-5305
- [8] Kurbanyazov S. and oth. A comprehensive study of various loam properties of Besarik field to obtain ecofriendly building materials Fresenius Environmental Bulletin Volume 27 ± No. 9/2018 pages 5858-5863
- [9] Воробьев О.Г., Балабеков О.С., Молдабеков Ш.М. Экологические проблемы химического предприятия. –Алматы: Казахстан, 1984. – С.172.

- [10] Молдабеков Ш.М. Очистка фосфор, фтор и серосодержащих газов производства фосфора и его соединения: дисс. докт.техн. наук.: –М.: –1984. – С.437.
- [11] Юнусов У.И., Абдрахманова А.А. Экологическое состояние юга республике Казахстан и пути его оздоровления. // Наука и образование Южного Казахстана. –1996. –№2. – С. 248-256.
- [12] Бишимбаев В.К., Тлебаев М.Б. Разработка экологизированной системы водоснабжения и водоотведения производства фосфора. // Гидрометеорология и экология. –1999. –№2. – С. 122-127.
- [13] Тлебаев М.Б., Бишимбаев В.К. Принципы построения эколого-экономической системы развития фосфора. // Поиск. – 1999. №2. – С. 121-126
- [14] Нуркеев С.С. Проблемы и перспективы создания кадастра твердых промышленных отходов Казахстана. // Материалы IV Междунар.науч.-техн. конф. –Алматы, 2000. – С. 13-17.
- [15] Тилегенов И.С. Обоснование и разработка способов и средств предотвращения техногенных выбросов в окружающую среду: автореф...докт.техн.наук: –Тараз, 2003. – С. 50
- [16] Жалгасулы Н. Эколого-технологические основы повышения эффективности разработки полезных ископаемых: автореф...докт.техн.наук: –Тараз, 2001. – С. 44
- [17] Горблянский Ю.Ю. Состояние бронхолегочной системы у рабочих фосфорного производства: автореф... канд.мед.наук. – Алма-Ата, 1989. – С. 24.
- [18] Белоскурская Г.И., Крылов Ю.В. Клиника поражений желудочно-кишечного тракта при хронической интоксикации фосфора. // Здравоохранение Казахстана . –1979. –№9. – С. 48-50
- [19] Садыков У.С. Влияние желтого фосфора на морфофункциональное состояние толстой кишки.: автореф... канд.мед.наук: – Алма-Ата, 1994. – С.24.
- [20] Зельцер М.Е., Косенко Т.Ф. Состояние эндокринной системы при хронической фосфорной интоксикации. // В сб. науч.тр. Патогенез, клиника, диагностика, лечение и профилактика хрон. Фосфорной интоксикации. –Шымкент, 1988. – С. 47-48.
- [21] Кулқыбаев Г.А. Общие механизмы токсического действия промышленных ядов в зависимости от характера питания. // сб.науч. тр. Региональные проблемы питания. –Алматы, 1992. – С. 86
- [22] Ибраев С.А. Морфологические механизмы повреждения миокарда при хронической фосфорной интоксикации. // Здравоохранение Казахстана. – 1990. –№12. – С. 13-15

Турметова Г., Сейтметова А.

Оценка влияния отходов фосфорита на окружающую среду и здоровье человека

Резюме. Содержание фосфорных отходов из фосфорного производства, расположенных в Южно-Казахстанской области, составляет около 120 т, что превышает норму. Хранение его на открытом складе является актуальной проблемой с экологической и экономической точки зрения. Фосфор занимает важное место в организме растений и животных. В растениях встречаются органические соединения, орто - и метафосфорная кислота, а у животных более половины фосфора встречаются в виде преимущественно апатита, костей, а также в виде фосфолипидов нуклеиновой кислоты и фосфопротеина, в мягких тканях и жидкостях организма. В ходе исследования отходов фосфорного производства установлено значение концентрации ниже значения ПДК до селитебной зоны при распределении вредных веществ в атмосферном воздухе, с рассмотрением роли предлагаемой технологии для окружающей среды и улучшения состояния окружающей среды.

Ключевые слова: фосфорит, отходы, окружающая среда, загрязнение, вредное вещество, организм.

UDC 54.052

¹B. Bayahmetova, ¹A. Sabitova, ²A. Baiken

(¹Shakarim State University of Semey, Semey

²S.Toraighyrov Pavlodar State University, Pavlodar
alfa-1983@mail.ru)

HUMINE SUBSTANCES OF DARK AND LIGHT CHESTNUT SOIL

Abstract: Was allocated to mineral part of soil samples from ecological areas of dark chestnut soil of Borodulikha district and light chestnut soil Ayaguz district of East Kazakhstan region, the fraction of oxides and hydroxides in the mineral composition of the films by extraction of the organic substances of the soil and on the study of the fractional composition, the determination of the viscosity by viscometer of Ostwald.

Keywords: soil, humic acid, alkaline reagent, spectroscopy, qualitative composition.

Chestnut desert-steppe soils are formed in arid and extracontinental conditions of dry and desert steppes. The soil-forming rocks here are yellow-brown, often skeletal carbonate loams. There are variegated

colored tertiary saline deposits, mainly clay, which have a great influence on the development of the complexity of the soil cover. Chestnuts oil sare for medunder the vegetation of dry steppes in arid climate. Humus horizon of dark chestnut or light chestnut color with brownish tinge, lumpy or lumpy-silty structure stands out in the profile of virgin chestnut soils under a layer of mild turf [1].

Currently, chestnut soils are divided into three subtypes: dark chestnut, chestnut, and light chestnut, based on differences in the salt profile, humus content and composition. Dark chestnut soils contain 2-3% humus. Within the subtypes, the chestnut soils are subdivided into following genus: ordinary, saline, saline-solonchak, residual solonets, solonets-solodilized, carbonate, carbonate-solonets, low boiling (deep boiling), and incompletely developed (on dense rocks). Dark chestnut soils have a dark gray color with a brownish tint, and lumpy, lumpy-granular structure of the humus horizon in virgin lands, silty-lumpy in arable land. The thickness of the humus layer 35-45cm, boiling at a depth of 45-50 cm, gypsum and soluble salts - about 2 m. Unlike dark chestnut soils, chestnut soils have less humus layer thickness, which is equal to 30-40cm. Light chestnut soils are distinguished by a small thickness of the humus layer - 25-35 cm and it is unstructured [2-3].

In this paper, the objects of study are soil samples from ecologically clean areas: dark chestnut soil of the Borodulikha region and light chestnut soil of the Ayaguz region of the East Kazakhstan.

The following work was carried out: extraction of the mineral part from the soil, fraction of oxides and hydroxides in the composition of mineral films, extraction of soil organic matter and the study of the fractional composition, determination of viscosity on Ostwald's viscometer.

According to the results of the research, the organic part of the dark chestnut soil consists of particular fractions that can be individually separated at certain isoelectric points. At the same time, the studied soil forms 7 well-separated fractions, the isoelectric points of which correspond to the following pH values: 7,0; 6,0; 4,0; 3,0; 2,0; 1,0 and <1,0. pH = 5 is not considered due to negligible release of humic acids in a separate fraction. The organic part of light chestnut soil is represented by fractions with isoelectric points corresponding to the following pH values: 7,0; 6,0; 5,0; 4,0; 3,0; 2,0; 1,0 и <1,0 (Table 1).

Table 1. The total content (%) of humic and hematmelanic acids in selected fractions of dark and light chestnuts oil

Organic part	Fractions							
	pH 7,0	pH 6,0	pH 5,0	pH 4,0	pH 3,0	pH 2,0	pH 1,0	pH<1
Light chestnut soil	0,015	0,009	0,008	0,009	0,008	0,01	0,01	0,011
Dark chestnut soil	0,058	0,032	-	0,018	0,011	0,023	0,046	0,070

The total content (%) of humic and hematmelanic acids of the isolated fractions confirms that dark chestnut soils are more enriched with organic matter than light chestnut soils.

The proportion of each fraction in the composition of organic matter is different (Table 2). The organic matter of dark chestnut soil mainly consists of fractions with a pH of 7,0; 1,0; <1; and light chestnut soil consists of fractions with a pH of 7,0; <1.

Table 2. The proportion (%) of organic fractions of the total content of organic matter

Organic matter	Fractions							
	pH 7,0	pH 6,0	pH 5,0	pH 4,0	pH 3,0	pH 2,0	pH 1,0	pH<1
Light chestnut soil	19,15	1,58	10,47	11,28	9,66	13,29	14,27	20,17
Dark chestnut soil	22,58	12,53	-	6,85	4,39	8,92	17,70	27,00

Spectrophotometric data indicates that the composition of the dark chestnuts oils heterogeneous (Fig. 1). Individual fractions have homogeneous groups, according to the presence of coincident absorption maxima in the spectra. Thus, it can be selected a sufficiently large number of matches in maxima of fractions with isoelectric points at pH 7,0; 4,0; 3,0; also group of fractions with pH 2,0; 1,0.




Figure 1. Spectral curves of organic fractions of dark chestnut soil

Spectrophotometric curves were obtained for each fraction of light chestnut soil (Fig. 2). The spectrophotometric study showed that all the selected fractions differ in their qualitative composition, and many of them have a common set of functional groups. A significant number of coincidences in maxima is observed in the following fractions with isoelectric points at a pH of 6.0; 4.0; 3.0 and 1.0; <1.




Figure 2. Spectral curves of organic fractions of light chestnut soil

The heterogeneity of the chemical composition of individual fractions is confirmed by the data obtained in determining the relative viscosity (Table 3).

Table 3. Relative viscosity of fulvic-humic acid fractions

Organic matter	Fractions							
	pH 7,0	pH 6,0	pH 5,0	pH 4,0	pH 3,0	pH 2,0	pH 1,0	pH<1
Light chestnut soil	1,33	1,30	1,40	1,49	1,47	1,42	1,41	1,43
Dark chestnut soil	1,43	1,33	-	1,27	1,28	1,32	1,08	1,41

The results of the studies showed that dark chestnut soils contain a greater amount of humic and hematmelanic substances compared with light chestnut soils. Thus, dark chestnut soils have high sorption properties, which makes it possible to use them for the sorption of heavy metals from the soil.

REFERENCES

- [1] Dobrovolskii, V.V. Rol guminovykh kislot v formirovanii migracionnykh massopotov tiazholykh metallov// Pochvovedenie. – 2004. – №1. – S. 32-39.
- [2] Ladonin, D.V. Vzaimodeistvie guminovykh kislot s tiazholymi metallami// Pochvovedenie– 1997. – №7. – С.8-11.
- [3] Ladonin, D.V. Vzaimodeistvie guminovykh kislot s tiazholymi metallami// Materialy mezhdunarodnoy nauchno-prakticheskoy konferentsii// Semipalatinsk. – 2002. Т.1. S. 806-811

Баяхметова Б.Б, Сабитова А.Н., Байкен А.

Қоңыр және ашық каштан топырақтарының гуминдік заттары

Түйіндеме. Экологиялық таза аудандар топырақ үлгілерінен – Бородулиха ауданының кара-каштан топырағы және Шығыс Қазақстан облысы Аягөз ауданының Ашық каштан топырағынан минералды бөліктері бөлінді, құрамында минералды пленкалар бар оксидтер мен гидроксидтер фракциялары, топырақтың органикалық заттарын экстракциялау және фракциялық құрамын, Оствальд вискозиметрінде тұтқырлықты анықтау бойынша зерттеу жүргізілді.

Түйін сөздер: топырақ, гумин қышқылы, сілтілік реагент, спектроскопия, сапалық құрам. Баяхметова Б.Б,

Сабитова А.Н., Байкен А.

Гуминовые вещества темно- и светлокаштановой почвы

Резюме. Были выделены минеральной части из почвенных образцов из экологически чистых районов – темно-каштановая почва Бородулихинского района и светло-каштановая почва Аягузского района Восточно-Казахстанской области, фракции оксидов и гидроксидов в составе минеральных пленок, по экстракции органических веществ почвы и по исследованию фракционного состава, по определению вязкости на вискозиметре Оствальда.

Ключевые слова: почва, гуминовая кислота, щелочной реагент, спектроскопия, качественный состав.

ӘӘЖ: 502.521

G.B. Tanabekova, A.E. Orazbayev, M.N. Zhamalkhan, A.D. Zhigitbekova, Ye.A. Kirshibayev.

(Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Republic of Kazakhstan,

E-mail: tanabekova.guli@gmail.com)

THE ECOLOGICAL STATUS OF GROUNDWATER IN THE ALMATY REGION.

Abstract. The most important environmental problem today is the increase in the level of air pollution in the city, which negatively affects the health of the population due to the increase from year to year of stationary, mobile sources of air pollution. The main ingredients of air pollution are dust, sulfur dioxide, carbon monoxide, nitrogen dioxide and formaldehyde. The article presents a comprehensive analysis of the current environmental state of the impact of emissions of heat and power complex of Almaty, the main sources and factors of air pollution. The results of the research revealed emissions of pollutants from stationary sources that affect the atmosphere.

Key words: groundwater, pollution, water quality, water supply, drinking water.

Г.Б. Танабекова, А.Е. Оразбаев, М.Н. Жамалхан, А.Д. Жигитбекова, Е.А. Кіршібаев

(Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қаласы,

Қазақстан Республикасы. E-mail: tanabekova.guli@gmail.com)

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ЖЕР АСТЫ СУЛАРЫНЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ

Аңдатпа. Алматы облысының жер асты суларына қаланың өнеркәсіп орындары қауіп тудырады, олар ГЭС-1, Бірінші май мұнай базасы, сүзу алаңдары, ағынды суларды жинақтағыштар мен тұндырғыштар, Ават және Алматы құс шаруашылықтарының алқаптары. Жер асты суларының ластану көздерінің көпшілігі ауыр металдар, фенолдар, нитраттар, фтор, бром, мұнай өнімдері, солтүстік-батыс бөлігінде шоғырланған.

Түйін сөздер: жер асты сулары, ластану, судың сапасы, жер асты суларының қоры, су жинақтағыш, сумен қамтамасыз ету, шаруашылық-ауыз су.

Халық шаруашылығында пайдалануға жарамды жерасты сулары өзіндік ерекшеліктері бар пайдалы қазындылар болып табылады.

Бұл ерекшеліктердің ең бастысы тек олардың қалпына келуі мен таусылуы ғана емес, сонымен қатар су алумен байланысты қарқынды қоректену де болып табылады. Мысалы, гидравликалық байланыстағы жерасты суларын пайдалану кезінде жерүсті суқоймалары арылу облысынан қоректену облысына айналуы мүмкін. Қорлардың қалпына келтірілуінің басқа да жағдайлары болуы мүмкін, олар төменде қарастырылады. Жерасты суларының тағы бір маңызды ерешелігінің бірі олардың қозғалмалылығы және олардың қоршаған ортамен тығыз байланысы, бұл ерекшелік қабаттың шекаралық жағдайында суды пайдалану кезінде байқалады. Осы факторлардың барлығы пайдалану жағдайына және пайдалану кезінде жерасты сулары сапасының өзгеруіне де әсер етеді [1-3].

Алматы облысының табиғи-геологиялық жағдайлары, таулы аймақтары мен күшті тауаралық ойпаттары, ірі және кішігірім өзен алақпарты оның аумағында жаңа жер асты суларының маңызды қорларын қалыптастыруға ықпал етті [4]. Облыстың барлығына дерлік аумағы Жоңғар-Тянь-Шань аймағының бір бөлігі болып табылатын Жоңғар-Балқаш гидрогеологиялық аймағында орналасқан.

Мұнда артезиан бассейндері (Оңтүстік Балқаш, Алакөл, Қопа-Іле, майда тау аралық ойпаттардың қойнауқаттық бассейндері) және жарықшақ сулардың бассейндері (Жоңғар, Күнге-Алатау) ағады. Тек Алматы облысының солтүстік-шығыс бөлігі Солтүстік Балқаш бассейнінің жарықшақ суларының құрамына кіреді [5]. Жер асты суларының негізгі қорлары артезиан бассейндерінде кездесетін төрттік, неоген, палеоген, борлы шөгінділердің су тұтқыштарымен шектеледі. Олар халықтың ауыз сумен, әсіресе ірі су пайдаланушыларды сумен жабдықтауда маңызды рөл атқарады. Жарықшақ сулардың бассейндері жер асты суларының әлсіз қорларымен ерекшеленеді, сол уақытта олардың аймақтағы кең таралуы оларды сумен қамтамасыз ету үшін кішігірім су пайдаланушылардың үлкен қызығушылығын тудырады. Жер асты суларының 10 г/л дейін минералданған болжанған ресурсы 49 845 мың. м³/тәулік, сонымен қатар 1 г/л минералданған – 39 124; 1–3 г/л – 8413; 3–10 г/л – 2308. Сәйкесінше, жалпы болжанған ресурстардың 78 % тұщы жер асты суына тиесілі. Алматы облысының болжанған ресурс модулі көп, 10 г/л минералданған 1 км²-қа 2,58 г/л, ал 1 г/л минералданған 1 км² – 2,02 г/л құрайды. Болжанған тұщы жер асты су ресурстары бір адамға тәулігіне 14,56 м³ болып табылады [6].

Алматы облысының жер асты суларының ластануы

Жер үсті суларынан басқа жер асты сулары үнемі ластанады, мысалы ең алдымен ірі өнеркәсіптік орталықтарда. Жер асты суларының ластану көздері өте әртүрлі.

Ластауыш заттар жер асты суларына әртүрлі тәсілдермен енуі мүмкін: атмосфералық жауын-шашынның табиғи инфильтрациялауымен немесе өзен суларымен, ұңғымалар арқылы мәжбүрлеп төгу және сұйық ластағыштармен (мұнай құбыры авария болған жағдайда, ағынды сулардан және басқа да «кездейсоқ емес» жазатайым оқиғалардан) ағып кетуі мүмкін.

Жер асты суларының ластануының табиғи көздеріне конденсацияланбаған табиғи сулар жатады (теңіздер мен жер үсті ағыстарының тұзды сулары, жоғары мөлшерде хлоридтер, сульфаттар, темір, фтор, сутегі сульфиді, тұздар және т.б. бар жерасты сулары).

Жерасты суларының аумақты дамыту ауқымына сәйкес жергілікті және аймақтық ластану деп бөлінеді. Біріншісі сулы горизонттағы салыстырмалы түрде кішігірім аудандарды қозғайтын бөлек (нүктелік) көздерден туындайды; уақтылы шаралар, жергілікті ластанудың қолайсыз салдарлары шектеулі болуы мүмкін және кейбір жағдайларда толықтай жойылады.

Аймақтық (аймақ) ластану олардың аумақтарының сипатын анықтайтын көптеген көздерден туындайды; мұндай ластануды жою өте қиын және кейбір жағдайларда іс жүзінде мүмкін емес.

Мұнда жер асты суларының ластануы әдетте өнеркәсіптік кәсіпорындардың аумағы, қалдықтарды сақтау құралдары және т.б. шектелмеген, бірақ жер асты суларының 20-30 километрге дейінгі және одан да көп ағындары бойымен таралады. Бұл ауыз сумен қамтамасыз ету үшін нақты қауіп тудырады.

Негізінен, зерттеушілер жерасты суларының келесі негізгі ластағыштарды анықтайды: өнеркәсіптік; ауыл шаруашылық; коммуналдық және тұрмыстық; теңіз және тұзды суды енгізу арқылы және ядролық жарылыстардың нәтижесінде.

Жер асты суларының ластануының әлеуетті көздері ретінде жер асты суларының шегінде немесе тұрмыстық және ауыз су мақсаттарында немесе олардың әсер ету аймағында орналасқан техногендік көздер қарастырылады. Сонымен бірге жер асты суларының ластануы анықталмады немесе осы көздердің әсер ету аймағында жерасты суларының мемлекеттік мониторингінің байқау желісі жоқ. Жер асты суларының ластану көздері әдетте техногенез объектілері болып табылады, олардың жанында жер асты суларының учаскелерінде тұрмыстық және ауыз су үшін немесе олардың

әсер ету аймағында таратылатын өнімді немесе іргелес су қоймаларындағы жер асты суларындағы нормаланған компоненттердің артуы анықталды [7,8].

Табиғаттың қалыпты құрамдас бөліктері, мысалы, темір, марганец, фтор, жер асты суларының ластану дәрежесі техногендік шығудың стандартталған құрамдас бөліктерімен анықталады, бұл жер асты суларының табиғи компоненттермен ластану дәрежесін көрсетеді.

Жер асты суларының жай-күйінің параметрлерінің бірі - суды алу. Жергілікті және ауыз су мақсаттарында пайдаланылған жер асты суларының бұл құны 1999-2000 жылдардағы жер асты суларының мемлекеттік мониторингінің ақпараттық жүйесінің «Бухгалтерия» шағын жүйесінің деректері бойынша берілген.

Алматы облысында шаруашылық-ауыз сумен қамтамасыз ету жер асты суларының 32 кен орны, жерді суландыру және шаруашылық ауыз сумен қамтамасыз ету үшін 6, шаруашылық-ауыз сумен жабдықтауға және техникалық қажеттіліктерге - 3 кен орны барланған. Белгіленген топтар үшін жер асты суларының пайдалану қорлары 1547,1; 4602; 1606,6 мың м³ / тәул. Барлығы тәулігіне 7755,7 мың м³.

Бұдан басқа, аймақта жерді суландыруға арналған, қоры тәулігіне 9273,6 мың м³ құрайтын жер асты суларының 12 ірі кен орны барланған. Олар негізгі мақсаттардан басқа, елді мекендердің, бригадалардың, шаруашылықтардың және жұмысшылардың ГКЗ хаттамаларында көрсетілмеген суармалы қондырғыларға қызмет көрсететін персоналдың шаруашылық және ауыз сумен қамтамасыз ету үшін қолданылады. Барлығы 32 кен орнында шаруашылық ауыз сумен жабдықтауға тәулігіне 4066,9 мың м³ бекітілді.

Өзен аңғарларында 9 жер асты суларының шөгінділері табылды, ал өзеннің ысырынды конустарында және тауаралық ағын суларында - 16, артезиан бассейндерінде - 5, жарықшақ шөгінділерінде - 2 кен орны барланған. Облыста ең үлкен кен орындары (тәулігіне 100 мың текше метрден астам қоры бар) Солтүстік Тянь-Шань мен Жоңғар Алатауының тау бөктеріндегі аудандарында орналасқан, мұнда жер асты суларының қалыптасуы үшін табиғи жағдайлар өте қолайлы.

Жалпы алғанда, аймақта жер асты суларының елеулі қоры бар. Жер асты суларының ластайтын басты көздер ірі қалалар мен өнеркәсіптік орталықтардың, тау-кен өндіру кәсіпорындарының, мал шаруашылығы кешендерінің және суармалы жер массивтерімен ұштастырылған. Қазақстанның ең ірі қалаларының бірі Алматы индустриалды аймақ болғандықтан геологиялық ортаға ең қарқынды технологиялық әсер етеді, себебі Алматыда (шамамен 1,5 млн адам) көптеген өнеркәсіптіктер, тұрмыстық және өнеркәсіптік қалдықтар, күл қоқыстар, ағынды суларды жинақтағыштар, сүзу алаңдары және басқа да әсер етуші орталар бар.

Ластанудың әлеуетті көздері басқа қалалар Талдықорған, Жаркент, Үштөбе, Талғар, Қаскелең, Қапшағай, облыстың аудан орталықтарында, басқа елді мекендерде, тау-кен өндіретін өндіріс орталықтар Текелі, Көксу, Тұйық, Арқарлы және басқа да қалаларда кездесуі мүмкін. Оларда көптеген мал шаруашылығы кешені, құс фабрикалары, фермалар мен кенселер және басқа да ауыл шаруашылығы нысандары бар. Суармалы жерлердің массивтерінде қолданылатын тыңайтқыштар мен пестицидтерден ластану қаупі тұрақты.

Жалпы жер асты суларының тоғыз кен орнының ластануы анықталған, оның ішінде алтауы – ырысынды конустарда, біреуі - өзен аңғарында, біреуі - артезиан бассейнінде (кесте 1).

Жер асты суларының Алматы кен орнында (729) қаланың өнеркәсіп орындары қауіп тудырады, олар ГЭС-1, Бірінші май мұнай базасы, сүзу алаңдары, ағынды суларды жинақтағыштар мен тұндырғыштар, Ават және Алматы құс шаруашылықтарының алқаптары. Жер асты суларының ластану көздерінің көпшілігі ауыр металдар, фенолдар, нитраттар, фтор, бром, мұнай өнімдері, солтүстік-батыс бөлігінде шоғырланған.

Кейбір аймақтарда кадмий мөлшері 0,01 мг / л (10 ШРК-дан көп), марганец - 0,7-1,4 мг / л (7-14 ШРК), сынап - 0,0005-0,001 мг / л (1-2 ШРК), фенолдар - 1,5 мг / л (6 ШРК), мұнай өнімдері - 0,3-0,5 мг / л (3-5 ШРК), нитраттар - 171 мг / л дейін (3,8 ШРК) бром - 0,4-1,0 мг / л (2-5 ШРК). Жер асты суларының үстіңгі сулы қабаттарында ластану дәрежесі қауіпті, төменгі жол берілуі мүмкін. Іле артезиан бассейнінің солтүстік-батыс бөлігіндегі су алатын және бақылайтын құбырларда Покровка (744), Боралдай (732), Қараой (738) және Николай (743) жер асты суларының құрамында фтормен ластану дәрежесі 12 мг / л (8 ШРК), оны пайдалану барысында жасанды түрде азайту шараларын жасау қажет. Бұл кен орындарындағы жер асты суларының ластану деңгейі *руқсат етілген*, фтор бойынша *қауіпті*.

1-кесте. Алматы облысының жер асты суларының кен орындарының ластануы

№	Кадастр бойынша пайдаланылатын мақсаты	Қорлары бекітілген кен орындары	Ластану деңгейі	Қауіптілігі 1 класка жататын заттар	Қауіптілігі 2 класты заттар		Қауіптілігі 3-4 класты заттар				
					Металдар	Басқа бейорганикалық заттар	Металдар	Басқа бейорганикалық заттар	Нитраттар (Нра)	Фенолдар (Фе), мұнай өнімдері (Мө)	Минералдану (М), қаттылық (Қ)
1	729 шақ, атқ	Алматы	3	Hg	Cd	Br	Mn		Нра	Фе, Мө	
2	738 шақ, жс	Қараой	2			F			Нра		
3	739 шақ	Қаскелең	2				Mn		Нра	Фе, Мө	
4	747 шақ, жс	Ұзынағаш	2						Нра	Мө	
5	779 шақ	Сарыөзек	3		Pb			Cl ⁻¹ , SO ₄ ⁻²			М
6	780 шақ, атқ	Талдықорған	3		Pb				Нра	Мө	
7	782 шақ	Үштөбе	2				Mn		Нра	Пе	
8	783 жс	Хоргос	2				Mn		Нра	Фе, Мө	
9	786 жс	Шілікті	2						Нра	Фе, Мө	

Жер асты суларының ластану орындары сүзу алаңдары болып табылады:

Қапшағай, Қаскелең, Талғар қалалары: *Николай (743)*, кен орындарындағы жер асты суларының ластану деңгейі *рұқсат етілген*; *Қаскелең (739)*, марганец 0,22-0,36 мг/л (2,-3,6 ШРК), нитраттар 66-85 мг/л (1,5-1,9 ШРК), фенолдар 0,3-0,4 мг/л (1,2-1,6 ШРК), мұнай өнімдері 0,25-0,33 мг/л (2,5-3,3 ШРК), ластану деңгейі *орташа қауіпті*; *Талғар (745)*, ластану деңгейі *рұқсат етілген*;

қ.т.а. Фабричный, Шамалған, Ұзынағаш: *Ұзынағаш (747)*, нитраттар 45-75 мг/л (1-1,7 ПДК), мұнай өнімдері 0,3-0,5 мг/л (3-5 ШРК), ластану деңгейі *орташа қауіпті*,

қ.т.а. Шелек: *Шелек (748)*, ластану деңгейі *рұқсат етілген*;

қ.т.а. Шонжы: *Қарадала (737)*, ластану деңгейі *рұқсат етілген*;

қ.т.а. Маловодный, Түрген, Қаракемір, Мирный, Алексеевка, Ават: *Есік-Түрген (736) және Талғар (745)*, ластану деңгейі *рұқсат етілген*;

қ.т.а. Энергетикалық: *Покровка (744)*, ластану деңгейі *рұқсат етілген*,

қ.т.а. Таран: *Ақсеңгір (726)*, ластану деңгейі *рұқсат етілген*.

Талдықорған (780) кен орны Талдықорған қаласының аймағындағы жер асты суларындағы құбырларда қорғасын құрамы 0,07-0,17 мг/л (2,3-3,3 ШРК) жетеді. Орталық су алу құбырларындағы жер асты суларында нитрат құрамы өсіп келе жатыр. Грунтты сулардағы мұнай өнімдерінің құрамы 0,1-ден 1,5 мг/л (1-15 ШРК) аралығында болады. Соңғы 10 жылда 3-15 есе жоғарылады. Жер асты суларының ластану көздері Талдықорған қаласының сүзу алаңдары. Су алу аймағында жер асты суларының ластану деңгейі *қауіпті*.

Хоргос (783) кен орнында Жаркент қаласына жақын және Жоңғар Алатау маңындағы елді мекендерде нитраттардың мөлшері 4,5 – 9 (0,1-0,2 ШРК) бастап 45-90 мг/л (1-2 ШРК) аралығында өсті. Су алу аймағында жер асты суларының ластану деңгейі *орташа қауіпті*. Жер асты суларының ластану көздері Жаркент қаласының сүзу алаңдары.

Көксу және Текелі кеніштерінде шоғырланған фабрикаларының кен орындарының жерасты сулары Үштөбе (782), Сарқанд ірімшік зауыты: Ақсу (760), Қапал май зауыты: Қапал (768), Талдықорған және Киров қант зауыттары: Талдықорған (780), Раздельнский: Қоғалы (774).

Жер асты суларының ластану дәрежесі:

Сарыөзек (779) кен орнында - 1,7 г / л минералдану, 750-800 мг / л сульфаттың мөлшері (1,5-1,6 ШРК), хлорид 400-550 мг / л (1,1-1,6 ШРК), қорғасын 0,17-0,22 (5,7-7,3 ШРК) *қауіпті*.

Алматы облысының жер асты суларының экологиялық жағдайын бағалау нәтижесінде келесі қорытындыға келеміз, жер асты суларының ластайтын басты көздер ірі қалалар мен өнеркәсіптік орталықтардың, тау-кен өндіру кәсіпорындарының, мал шаруашылығы кешендерінің және суармалы жер массивтерімен ұштастырылған.

Алматы облысының жер асты суларына қаланың өнеркәсіп орындары қауіп тудырады, олар ГЭС-1, Бірінші май мұнай базасы, сүзу алаңдары, ағынды суларды жинақтағыштар мен

тұндырғыштар, Ават және Алматы құс шаруашылықтарының алқаптары. Жер асты суларының ластану көздерінің көпшілігі ауыр металдар, фенолдар, нитраттар, фтор, бром, мұнай өнімдері, солтүстік-батыс бөлігінде шоғырланған.

ӘДЕБИЕТТЕР

- [1] Андрусевич В.И., Айтуаров Т.К., Боровский Б.В. и др. Методические рекомендации по поискам, разведке и оценке эксплуатационных запасов трещинных вод в Казахстане. Алма-Ата: КазИМС, 1992. 134 с.
- [2] Ахмедсафин У.М., Сыдыков Ж.С. и др. Влияние подземного водного и гидрохимического стока в бассейне Арала и водно-солевого притока в Аральское море // Природные ресурсы современного Приаралья. Алма-Ата, 1981. С. 3-26.
- [3] Ахмедсафин У.М., Джабасов М.Х., Курмангалиев Р.М. и др. Региональные ресурсы подземных вод Казахстана. Алма-Ата, Наука, 1983 176 с.
- [4] Фролов Н.М. Основы гидрогеотермии. М.: Недра, 1991. 335 с.
- [5] Черняев А.М., Прохорова Н.Б. и др. Бассейн-III. Стратегия управления устойчивым водопользованием. Екатеринбург: Изд-во Виктор, 1997. 236 с.
- [6] Чигаркин А.В. Геоэкология Казахстана. Алматы: Изд-во Санат, 1995. 172 с.
- [7] Тонкопий М.С. Экономическая оценка водных ресурсов и ущербов от загрязнения воздушной среды. Алматы: Экономика, 1999. 219 с.
- [8] Смоляр В.А., Калмыкова Н.В., Буров Б.В. и др. Состояние подземных вод Республики Казахстан (режим, ресурсы, качество, использование). Алматы: МПР и ООС, 1997: 208 с.

Танабекова Г.Б., Оразбаев А.Е., Жамалхан М.Н., Жигитбекова А.Д., Киршибаев Е.А.

Экологическое состояние подземных вод Алматинской области.

Резюме. На подземные воды Алматинской области опасно влияют промышленные объекты города, к которым относятся ГЭС-1, Первомайская нефтяная база, площадки фильтрации, резервуары для сточных вод и отложения, районы Аватской и Алматинской птицефабрик. Большинство источников загрязнения подземных вод это: тяжелые металлы, фенолы, нитраты, соединения фтора, брома, нефтепродукты, сосредоточенные на северо-западе Алматинской области.

Ключевые слова: подземные воды, загрязнение, качество воды, водоснабжение, питьевая вода.

УДК 908; 911.37

R.Zh. Kelinbayeva, A. K. Zhailauova

(Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

E-mail: zhar80@mail.ru)

TOURISTIC POTENTIAL OF MEDIUM AND SMALL CITIES OF KARAGANDY REGION

Abstract. In the modern period medium and small cities of Kazakhstan have a lot of socio-economic problems. We think that one of the solutions for that is looking for a touristic potential of cities. This theme is very relevant for the cities of Karagandy region, especially for single-industry towns. Directions of developing tourism in the cities of a Central Kazakhstan, based on a potential that they have, are suggested in the article to improve a quality of life in them.

Key words: tourism, medium and small cities, Central Kazakhstan, touristic potential, tourist infrastructure, single-industry towns.

Р.Ж. Келінбаева, А. К. Жайлауова

(әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы,

E-mail: zhar80@mail.ru)

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ОРТА ЖӘНЕ КІШІ ҚАЛАЛАРЫНЫҢ ТУРИСТІК ӘЛЕУЕТІ

Түйіндеме. Қазіргі кезеңдегі Қазақстанның орта және шағын қалалары көптеген әлеуметтік-экономикалық проблемаларды бастан кешуде. Осы мәселелерді шешудің бағыттарының бірі ретінде біз қалалардың туристік әлеуетін анықтауда көреміз. Бұл мәселе әсіресе моноиндустриалды қалалар ретінде дамып келе жатқан Қарағанды облысының қалалары үшін өзекті. Мақала Орталық Қазақстан қалаларында қолда бар әлеуетке сүйене отырып, туризмді дамыту, жергілікті халықтың өмір сүру деңгейін жақсартудың перспективалық бағыттары ұсынылады.

Түйін сөздер: туризм, орта және кіші қалалар, Орталық Қазақстан, туристік әлеует, туристік инфрақұрылым, моноиндустриалды қалалар.

КІРІСПЕ


Қазіргі кезде елімізде тек қана бір саланың өнімін өндіру арқылы пайда тауып, күнін көріп отырған бірқатар шағын және кіші қалалар бар. Бұлардың қатарында кезінде облыс орталығы болған қалалар да кездеседі. Мәселен, Жезқазған, Арқалық секілді дәуренінде атағы айға жеткен қалалардың шаруасы өрге дөңгелемей, ширамай тұр қазір. Қайсыбір қала тұрғындары темір жолынан жол бойынан пайда тапса, енді бірі жеңіл өнеркәсіптен нәпақа көріп отыр. Десек те, бұның барлығынан шығатын қорытынды біреу-ақ – бірсала арқылы кіріс көріп отырған шағын қалалардың болашағы да бұлыңғыр. Сондықтан болар, бір кәсіпорынға тәуелді болған моноқалалардың экономикасын әртараптандыру үшін Үкімет тарапынан әзірлеген арнайы бағдарламалар қажет. Бағдарламалар шағын қалалардың әлеуметтік түйткілдерін шешуге мүмкіндік береді.

ЗЕРТТЕУ НЫСАНЫ МЕН ӘДІСТЕРІ

Қазақстан Республикасының орталық аймағы нарықтық экономика жағдайында қарқынды дамуда, бірақ тау-кен металлургия салалары басым дамуда. Моноиндустриалды қалалар ретінде дамып келе жатқан шағын және орта қалалар экономиканы әртараптандырудың төмен деңгейімен, қала құрушы кәсіпорынның даму перспективасымен, жұмыспен қамтудың және моноқалалар бюджетінің қала құрушы кәсіпорынның қызметіне жоғары тәуелділігімен байланысты экономикалық проблемаларды бастан кешуде. Оның салдарынан әлеуметтік проблемалар туындайды: жұмыссыздық, төмен табыс деңгейі мен өмір сапасы, халықтың кетуі, сондай-ақ әлеуметтік шиеленістің ықтимал өсу үрдістері. Сонымен қатар, бұл негізгі қала құрушы кәсіпорындардың тоқтап қалу қатері, тау-кен өндіруші кәсіпорындардың кен базасының сарқылуы, бәсекеге қабілетсіз өнімдер, қала тұрғындарының қала құрушы кәсіпорындардан түсетін салық түсімдеріне тәуелділігінің жоғары деңгейі. [1]. Моноқалаларды дамыту жөніндегі іс-шараларға көзқарастарды олардың экономикалық әлеуетіне қарай саралау қажет, осыған байланысты қалалардың туристік әлеуетін анықтау қала экономикасын жандандыру факторы мен оның дамуының маңызды бағыты болуы мүмкін.

НӘТИЖЕЛЕРІ МЕН ОЛАРДЫ ТАЛДАУ

Қарағанды облысында барлығы 442 елді мекен бар, оның ішінде 11 қала: 100 мыңнан астам халқы бар 2 ірі қала – Қарағанды және Теміртау; 50 мыңнан 100 мыңға дейін халқы бар орташа қалалар – Балқаш, Жезқазған, Сәтбаев; және 50 мыңнан кем халқы бар шағын қалалар – Қаражал, Қарқаралы, Приозерск, Саран, Шахтинск және Абай. [2]. (1 сурет)



1-сурет. Қарағанды облысының қалалары

Қарағанды облысының орта және кіші қалалары бұл аймақтың маңызды өндірістік және өнеркәсіптік әлеуеті шоғырланған аумақ болып табылады.

Жезқазған – Орталық Қазақстандағы қала, Қара-Кеңгір өзенінің бассейніндегі түсті металлургияның ірі орталығы. Қаланың Қарағандыға темір жол қатынасы бар.

Жезқазған қаласының жер қойнауының байлықтары туралы қола дәуірінде білдік. Мыс кендері түріндегі кен орындары және олардың қазбалары туралы Геродот еңбектерінде айтылады. Кең жұмыстар жүргізілді, кен шығарылды, металл балқып, мыс өнімдері жасалды. Бұған археологиялық олжалар – кенді балқытуға арналған пеш жүйесі, мыс құймалары, жебенің мыс және қола ұштықтары дәлел. Жезқазған маңайында обелискілер (менгир), тас бабалар, ежелгі құрылыстардың үйінділері кездеседі.

Жезқазған Санкт-Петербургте шығарылған" капитан Рычковтың 1771 жылы Қырғыз-Қайсақ даласына саяхатының күндізгі жазбаларында" аталады. Жезқазған ауданына жазбалар жарияланғаннан кейін қорғасын мен мыстың осы ауданындағы үлкен қоры туралы болжамдарды растайтын бірнеше экспедиция ұйымдастырылды. Алғаш рет мыс жерлері Жезқазған мыс кен орны ретінде 1847 жылы Екатеринбург өнеркәсіпшісі Н. А. Ушаков тіркеді.

Жезқазған тұйық темір жол стансасы болып табылады, бірақ 2012 жылдан бастап ұзындығы 988 км "Жезқазған – Сексеуіл – Шалқар – Бейнеу" теміржол тармағының құрылысы жүргізілуде, ол "Қытай шекарасы – Ақтау – Баку – Грузия – Түркия – Еуропа елдері" транзиттік дәлізінің бір бөлігі болуға тиіс.

ПАҚ-та өңделгенге дейінгі және өңделгеннен кейінгі бірдей өлшемдегі және формадағы жағдайындағы ФЛ жолақтары, ФЛ өңделген үлгілерінің максимум жағдайы өңделмеген үлгілерге қатысты ұзын толқындарға қарай ығысқан. Бұл дегеніміз, беткі қабатты өңдеудің жоғарғы қабаттағы люминесценция орталықтарына күрделі әсер ететінін көрсетеді.

Қорытынды

Бұл мақалада кеуекті кремний негізінде әр түрлі құрылымының фотолюминесцентті қасиеттерінің ерекшеліктері олардың үлгінің фазалық құрамымен байланысты қарастырылған және оларды модификациялаудың мүмкін әдістері көрсетілген. ФЛ шыңы 1.75-2.2 эВ аралығында беткі қабаты атмосферада ұстау уақытына байланысты өзгертінді, бастапқы өндіру технологиясы және беткі қабытты модификациялау әдістері көрсетілген. Үлгідегі дефектілі оксидтердің салыстырмалы таралуының артуы ФЛ интенсивтілігінің елеулі төмендеуіне алып келеді.

Полиакрильді қышқылды (ПАК) су ерітіндісінде кеуекті кремниді өңдеу оның фотолюминесцентті қасиеттерін жетілдіру мен өңдеудің өте қызықты әдісі болып табылатыны көрсетілген. Бұл жағдайда кеуекті кремний беткі қабаты полиакрильді қышқылдың өзара әрекеттесуінің екі параллельді механизмі бақыланады. ПҚ үлгілері терісінің микрометрлік көлденең өлшемімен фотолюминесценцияны тек ПАК-та өңделгеннен кейін көрсетеді.

Бұл берілген функционалды наноматериалдардың қазіргі заманғы оптоэлектроникада перспективті қолдануын куәландырады.

ӘДЕБИЕТТЕР

[1] Леньшин А. С., Кашкаров В. М., Голощапов Д. Л., Середин П. В., Полуместная К. А., Мараева Е. В., Солдатенко С. А., Юраков Ю. А., Домашевская Э. П. Состав и реакционная способность нанопорошков пористого кремния. Неорганические материалы, 2012, том 48, № 10, с. 1–6.

[2] Корсунская Н.Е. и др. // Физика и техника полупроводников, т. 44, вып. 1. С. 82-86. (2010).

[3] Леньшин А.С., Кашкаров В.М., Турищев С.Ю., Смирнов МС., Домашевская Э.П. Влияние естественного старения на фотолюминесценцию пористого кремния. // Журнал технической физики, 2012, том 82, вып 2, с. 150-152.

Бажиков К.Т., Таймуратова Л.У.

Фотолюминесцентные свойства кремния

Резюме. Показано, что обработка пористого кремния в водном растворе полиакрильной кислоты (ПАК) является очень интересным способом обработки и совершенствования его фотолюминесцентных свойств. Образцы ПК показывают фотолюминесценцию с микрометрическим горизонтальным размером кожи только после обработки в ПАК. Это свидетельствует о перспективном использовании данных функциональных наноматериалов в современной оптоэлектронике.

Ключевые слова: пористый кремний, фотолюминесценция, нанокристалл.

ӘОЖ 911.8 (574)

A.S. Nygymanova, K.A. Kuterbekov

(L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

E-mail: aisulunyg@yandex.kz)

**RADIOECOLOGICAL SITUATION IN KAZAKHSTAN:
PAST AND FUTURE**

Abstract. The main sources of radionuclide pollution contributing to the formation of a tense radioecological situation in Kazakhstan are considered. Ultimately, this radioecological situation was mainly related to the activities of the military-industrial complex of the former Soviet Union, enterprises of mining and uranium industry and uranium processing industry. The formation and development of uranium mining industry and processing complexes in Kazakhstan on the basis of its own mineral resource base of uranium suitable for mining by method of underground borehole leaching is briefly described.

Keywords: radiation background, radionuclides, radioactive contamination, uranium mining and processing, waste, recultivation, nuclear energy, National nuclear company «Kazatomprom», digitalization of the industry.

А.С. Нығыманова, Қ.А. Күтербеков

(Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., ҚР

e-mail: aisulunyg@yandex.kz)

**ҚАЗАҚСТАННЫҢ РАДИОЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ:
ӨТКЕНІ МЕН КЕЛЕШЕГІ**

Түйіндемe. Қазақстандағы шиеленіскен радиоэкологиялық жағдайдың қалыптасуына ықпал еткен радионуклидтік ластанудың негізгі көздері қарастырылды. Түптеп келгенде мұндай радиоэкологиялық ахуал негізінен бұрынғы Кеңес Одағының әскери-өнеркәсіптік кешенінің, тау-кен және уран өндіру мен уран өңдеу өнеркәсібі кәсіпорындарының қызметтеріне байланысты болды. Жерасты ұңғылап шаймалау (ЖҰШ) тәсілімен өңделетін уранды Қазақстанның меншікті минералды-шикізат базасы негізінде өндіру өнеркәсібі мен өңдеу кешендерінің қалыптасуы мен дамуы қысқаша сипатталады.

Түйін сөздер: радиациялық фон, радионуклидтер, радиоактивті ластану, уран өндіру және өңдеу, қалдықтар, қалпына келтіру, атом энергетикасы, «Қазатомөнеркәсіп» Ұлттық атом компаниясы, саланы цифрландыру.

Экология мәселесі – атом қаруынан да қауіпті, себебі экология қазір Ғаламдық проблемалық сипат алып отыр. Кез келген өркениетті ел өзінің экологиялық мәселесін шешуде ең қауіпті деген экологиялық апатты аймақтарды БҰҰ-ның алдына мәселе етіп қояды. Экологиялық қауіп дегенде, алдымен ХХ ғасырдың ортасынан бастап ғаламдық экологиялық апатты аймақтардың ерекше көбейіп кеткендігін айтқан жөн. Бұл – ғылыми-техникалық прогрестің кері сипаттағы нәтижесі [1, 73].

XXI ғасыр адамзаттың ақыл-ойы кемелденген тұсқа дәл кезігіп отыр. Сондықтан адам-қоғам-табиғат арасындағы қарым-қатынастарды үйлестіре отырып, табиғат ресурстарын тиімді пайдалану тұрғысынан алғанда, жер шарының бүгінгі тағдыры мен болашағы адам баласының ақыл-ойының деңгейіне тікелей қатысты болмақ. Кез келген елдің дамуының негізгі басымдықтарының бірі

қоршаған ортаны қорғау болуы тиіс. Бұл жалпыадамзаттық жағдайдың орындалмауы елеулі экологиялық мәселелерге алып келеді. Осы тұрғыда Қазақстан бұрынғы Кеңес Одағының өнеркәсіптік жүйесінің экстенсивті қызметінің нәтижесінде пайда болған күрделі экологиялық жағдайы бар ел ретінде белгілі. Жалпы алғанда экологиялық жағдай ел бойынша маңызды радиоэкологиялық ахуалмен де күрделене түсуде. Мұның себебі Кеңес Одағының өнеркәсіптік, қорғаныс кәсіпорындарының және атом-өнеркәсібі кешенінің қызметі, онымен қоса аумақтардың радиоактивтік ластануының негізгі көлеміне де байланысты болып отыр. Радионуклидтермен ластанған учаскелерді оңалту маңызды әрі күрделі экономикалық, әлеуметтік және экологиялық проблемаға айналды. Бұрынғы мемлекеттік жүйеден қалған бұл мәселелер жас мемлекет болып енді қалыптасып келе жатқан Қазақстанның иығына түскен ауыр жүк болып тұр. Олардың шешімдерінің күрделілігі бұрынғы КСРО-да барлық дерлік радиологиялық ғылыми-зерттеу институттары, зертханалар сонымен қатар, мамандар да Ресей аумағына шоғырланғандығы мәселенің күрмеуіне ілігіп отыр. Бұдан бөлек, КСРО ыдырағаннан кейін атом-өнеркәсібі кешенінің қызметтері және онымен байланысты радиоактивті ластану объектілері туралы ақпараттардың барлығы Қазақстан үшін айтарлықтай дәрежеде қатаң құпиялылық күйде сақталды. Сонымен республикадағы радиациялық жағдайды зерделеу жөніндегі жұмыстарды іс жүзінде қайтадан басынан бастауға тура келді [2, 94].

Әскери мақсатта қолданылған атомдық қарудың күшін сезінген екі державалық мемлекет (АҚШ пен КСРО) өз арсеналының басымдыққа ие екендігін таныту мақсатын көздеген әлемдік жүйедегі қарсы тұрудың бастамасы болды. Кеңес Одағы өзінің минералдық-шикізат базасын тез арада құруы және сол кезеңде іс жүзінде болмаған атом өнеркәсібін дамытуы қажет екендігін айқын сезінді. Сол уақытта уранның қоры көп мөлшерде әрі өзінде өндірілуі қажет болды. КСРО мемлекеттік Қорғаныс комитетінің 1944 жылдың 8 сәуіріндегі арнайы қаулысымен барлық геологиялық ұйымдар жедел түрде радиоактивті кендерді іздестіру жұмыстарына кірісуге міндеттелді. 1945 жылдың қазан айында уран бағытын шоғырландыру үшін уранды геологиялық-іздестіру және барлау жұмыстарын ұйымдастыру мен басқару міндеті жүктелген бірінші Бас геологиялық барлау басқармасы құрылды. Еліміздің барлық аумағын қамтитын тексеру және іздестіру жұмыстарын жүргізетін 17 экспедицияға біріккен 270 мамандандырылған далалық геологиялық барлаушылар жұмылдырылды.

Осылайша 1948 жылы Қазақстан аумағында Волков экспедициясы (қазіргі «Волковгеология» АҚ) жұмысын бастады. Алғаш рет 1951 жылы экспедиция геологтары Қазақстандағы бірінші уран кен орнын ашты. Ол Қордайдан табылды және екі жылдан кейін оны өнеркәсіптік игеруге берді. Сонымен, Волков экспедициясы әзірлеген гидротермальді уран кендерін іздестіру әдістемесі одан кейін Солтүстік және Оңтүстік Қазақстанда тиімді пайдаланылды, бұл жерлерде 1953-1956 жылдары Солтүстік өңірден (Маньбай, Есіл, Балхашинское, Заозерное және т.б.) 7 кен орны мен Қазақстанның оңтүстігіндегі Шу-Іле-Кендітас ауданында (Бота-Бұрым, Қызылсай және т.б.) 5 кен орындары ашылды. [3, 61].

Уран кендерін өндіру және өңдеу жұмыстары бірқатар алып өндірістік кешендерден құралған, сол кездегі орта машина жасау Министрлігінің тау-кен байыту комбинаттары арқылы жүзеге асырылды.

Бұл Кеңес Одағының ядролық қару-жарақ пен ядролық энергетика бағдарламаларының, яғни өнеркәсіптің құрылуымен және уран кенінің өңделуімен байланысты болатын қызметтердің кең ауқымды түрі болды. 1956 жылдың мамыр айында КСРО үкіметі орта машина жасау Министрлігінің бастамасымен Солтүстік Қазақстан уран кен орындарының негізінде *Целинный тау-кен-химия* комбинатын (қазіргі Степногорск тау-кен-химия комбинаты) салу туралы қаулы қабылдайды, ол күкірт қышқылы мен азот-фосфор тыңайтқыштарын өндіретін уран-молибден кендерін кешенді қайта өңдеуге маманданған орталық болды [4, 12].

1949 жылы пайдалануға берілген Өскемен қаласындағы Үлбі металлургия зауыты (ҮМЗ) ерекше орынға ие болды. Ол негізінен КСРО-ның әскери-өнеркәсіптік кешеніне қызмет көрсетті, сондықтан мұнда ең озық технологиялармен жабдықталған жоғары сапалы құрал-жабдықтар мен металлургия және атом өнеркәсібі саласының ең үздік мамандары шоғырландырылды. Кейінірек осы

ҮМЗ уранды бейбіт мақсатта игере бастады. Зауыт мамандары орта машина жасау министрлігінің қатаң стандарты бойынша жұмыс жасағандықтан, барлық өнімдері жоғары сапасымен ерекшеленді, бұл Үлбі металлургия зауытының осы уақытқа дейінгі де табысты жұмысының кепілі болып келеді.

Үлбі металлургия зауыты аэроғарыштық, электротехникалық және атом өнеркәсібі мен аспаптар жасауға арналған материалдар шығарады. Зауыт ВВЭР (*Су-су корпусық энергетикалық реактор*) және РБМК (*Үлкен қуатты каналдық реактор*) реакторларына төмен байытылған уран таблеткаларын жасайтын негізгі өндіруші көзі, сондай-ақ әртүрлі бериллий, тантал және ниобий өнімдерін шығарушы болып табылады. Бастапқыда КСРО-да, кейін ТМД-дағы тантал мен бериллийді өндіруші жалғыз Үлбі металлургия зауыты болғанын атап өткен жөн. Сонымен қатар осы зауыт Кеңес Одағы мен экономикалық өзара көмек кеңес (Болгария, Чехословакия) елдерінің атом станцияларына отын таблеткаларының 85%-ын өндіріп беріп отырған. ҮМЗ 1970 жылдары КСРО-дағы бүкіл атом энергетикасының дамуына елеулі үлес қосты [5, 24].

1959 жылы құрамында сирек кездесетін элементтері бар уран-фосфор кендерінің Маңғышлақ түбегіндегі кен орындарын өндіру мен өңдеу үшін № 1 комбинат құру (1967 жылдан бастап Каспий маңындағы тау-кен-химия комбинаты деп өзгертілді) туралы шешім қабылданды. Осылайша Қазақстан уран өнімдерін шығаруда Кеңес Одағындағы көшбасшылардың бірі болды [6, 35].

1960 жылдардың екінші жартысында жерасты ұңғылап шаймалау (ЖҰШ) тәсілімен уранның қоры аз кендерден уран өндіру мүмкіндігі дәлелденді. Бұл уран өндіру өнеркәсібіндегі нағыз революция болды.

70 жылдың ішінде Қазақстанның әртүрлі өңірлерінен геологиялық өнеркәсіптің барлық түрлері бойынша 130-дан астам уран кен орындары анықталды, мұнда 1,3 миллион тоннадан астам уран қоры мен ресурстары бар әлемдегі ең ірі уран өндіру өнеркәсібінің минералды-шикізат базасы құрылды. Бұл геологиялық барлау жұмыстарын нақты ұйымдастырудың арқасында, уран кен орындарын іздестірудің жаңа әдістерін әзірлеу және геологиялық саланың еңбек өнімділігін арттырған – бұрғылау саласын меңгеру рекордтық көрсеткіштерге қол жеткізудің бірден бір тиімді жолы болды. Осы кезеңдері «Волковгеология» экспедициясы 26 миллион метрден астам ұңғыманы бұрғылаған.

1-кесте. **Аймақтық радиоэкологиялық жұмыстардың кешенді зерттеулерінің нәтижелері** (Б.Р. Берікболов, П.Г. Каюков, 2009)

облыс	облыс көлемі, мың км ²	аса қауіпті аймақтардың саны	аса қауіпті аймақтардың көлемі	
			мың км ²	%
Ақмола	146.6	7	27	18
Шығыс Қазақстан	283.3	6	95	33
Алматы	223.9	11	70	31
Солтүстік Қазақстан	98	4	15	15
Қарағанды	428	8	48	11
Жамбыл	144.3	8	83	37
Павлодар	124.8	3	27	21
Ақтөбе	300.6	5	78	26
Қостанай	195.4	5	50	25
Оңтүстік Қазақстан	117.3	7	26	22
Қызылорда	226	7	54	23
Батыс Қазақстан	151.3	4	52	34
Атырау	112	2	61	54
Маңғыстау	165.6	3	55	33
Барлығы	2717.1	80	741	27

Кеңес Одағы ыдыраған соң бұрынғы КСРО орта машина жасау Министрлігінің құрамында болған кәсіпорындардың корпоративтік байланыстары бұзылды. Сонымен 1991 жылдың аяғында Қазақстанда 8 объект жұмыс жасады: 3 кен басқармасы – “Центральное”, “Степное” және №6; “Волковгеология” геологиялық бірлестігі; “Целинный тау-кен-химия комбинаты”; “Каскор”; “Үлбі тау-кен-химия комбинаты” және “Маңғыстау атом энергия комбинаты” [7, 22].

Сонымен, Қазақстандағы жалпы радиоэкологиялық жағдайды, яғни радиациялық-қауіпті объектілер орналасқан жерлерді облыстар бойынша көрсетілген 1 және 2 кестеден көруге болады. Осы объектілер әсер етуі бойынша Қазақстанның жалпы аумағының 27%-ға жуығын (шамамен 741 мың км²) алып жатқан объектілер, бұл Семей сынақ полигоны ауданынан 40 есе асып түсетін аумақты көрсетеді.

2-кесте. **Қазақстан Республикасы облыстарындағы радиациялық-қауіпті аумақтардың көлемі (М.С. Панин, 1995)**

№	көлемі, мың км ²	Басқа да радиациялық-қауіпті нысандар көлемі (мың км ²)				
		халық саны, млн. адам	жалпы жер көлемі	оның ішінде орын алғаны	радиоактивтілігі жоғары жерасты сулары	уран-кенті
1	Батыс Қазақстан	0.595	151.2	-	1.0	-
2	Ақтөбе	0.651	298.7	33.6 (3.4)	2.0	-
3	Атырау	0.376	112.0	-	2.0	-
4	Маңғыстау	0.268	166.2	-	3.0	1.0
5	Қостанай	960.962	114.5	0.5 (0.3)	-	-
6	Солтүстік Қазақстан	0.580	44.3	1.3 (1.2)		1.0
7	Көкшетау	0.624	78.1	19.4 (3.2)	30.0	70.0
8	Торғай	0.285	111.9	2.0 (0.4)		
9	Ақмола	0.818	124.6	7.4 (2.0)	10.0	10.0
10	Павлодар	0.836	127.5	7.7 (2.7)		
11	Қарағанды	1 273	854	257 (34)	20.0	15.0
12	Жезқазған	0.456	313.4	67.3 (18.0)	10.0	10.0
13	Қызылорда	0.582	228.1		60.0	60.0
14	Оңтүстік Қазақстан	1.617	116.3	0.2 (0.2)	60.0	60.0
15	Жамбыл	0.952	144.6	16.2 (7.2)	10.0	30.0
16	Алматы	1.829	104.7	5.5 (2.7)	10.0	10.0
17	Талдықорған	0.675	118.5	8.1 (4.7)	40.0	
18	Семей	0.784	179.6	57.1 (5.8)	40.0	
19	Шығыс Қазақстан	0.890	97.3	34.5 (13.1)		30.0
Барлығы		15.053	2717.1	256.6 (68.3)	298.0	251.0

Сонымен жұмыс барысында Қазақстанның 80-нен астам аса қауіпті радиоэкологиялық аймағы белгілі болды, табиғи ортадағы радиоактивтілігі жоғары бұл аймақтар, табиғи және техногенді радиоактивті объектілердің көлемдік және жергілікті таралуымен ерекшеленіп отырған жерлер, соның ішінде 33 елді мекенде радиоактивті ауытқулар анықталды. Алдын ала есептеулер бойынша радиоактивтілігі жоғары аудандарда 1 млн. астам адамдар тұрады, демек осы фактордың адам денсаулығына әсерін тереңірек зерттеуді қажет етеді [8, 200].

Елдегі радиациялық жағдайдың шиеленісуін тудыратын негізгі факторлар:

- Семей және басқа да ядролық полигондардың аумағында жүргізілген көптеген ядролық жарылыстардың нәтижесінде пайда болған жасанды радионуклидтермен жер бетінің ластануы;

- уран, полиметалдар және сирек кездесетін металдар, сондай-ақ мұнай мен көмір кен орындарында геологиялық барлау және пайдаға асыру жұмыстары кезінде, тау-кен жыныстарының радиоактивті үйінділері және су төгінділері түріндегі радиациялық ластану ошақтар санының көп болуы;

- уран-кенді және торий-сирек металды жерлерге, кенді аудандарға және жоғары радиоактивтілігі бар тау-кен жыныстарын дамытудың жекелеген аудандарына сыйысатын өңірлердегі жоғары радиациялық фон;

- уранның гидроденді кен орындарының таралу аудандарында құрамында жоғары радионуклидтер бар табиғи топырақ асты және жер асты суларының кең таралуы. Қолдағы бар деректер бойынша табиғи сулардағы табиғи радионуклидтердің экологиялық қауіптілігін атап өтуге болады;

- халықтық-шаруашылық міндеттер үшін орындалған және (1949-1961) жылдары жасалған ядролық жарылыстар;

- атом-өнеркәсіп кешені кәсіпорындарының қызметі;

- Қытай Лоб-Нор полигонының қызметі және жаһандық құлдырау.

Өзінің шығу тегі бойынша аталған факторлар табиғи, техногендік және жасанды ластану түрлерінің көздері болып табылады.

Республикада бақылауды талап ететін және шаруашылықта пайдалануға болмайтын құрамында радионуклиді жоғары 700-ден астам табиғи көздер анықталды.

Қазақстанда табиғи радионуклидтердің жоғары құрамы бар шикізатты өндіретін және пайдаланатын уранды емес (мұнай, көмір және т.б.) және оларға ілеспе өңдеу өндірістерінің желісі де бар [9, 86].

1993 жылдың 31 тамызында «КАТЭП» Ұлттық акционерлік компаниясы болып қайта құрылады. Корпорация әлемдік нарыққа шығу жолын көздейді. Сол уақыттан бері уран өндіруді, экспорттауды және тасымалдауды жүзеге асыратын, қадағалайтын ортақ заңды тұлға ретінде өкілдік етті және Қазақстан аумағынан ядролық материалдардың бақылаусыз экспортталу ықтималдығы толығымен жойылды. Сонымен қатар атом энергетикасы бойынша Ұлттық агенттік құрылып, еліміз атом энергетикасы жөніндегі Халықаралық агенттіктің (МАГАТЭ) мүшесі болды.

Атом саласындағы бұл жетістіктер саяси сипатқа ие болды және Қазақстан экономикасының бәсеңдеуіне әкелді. Ішкі және сыртқы факторлардың әсерінен бұрынғы орта машина жасау министрлік мұрасы қарқынды ыдырай бастады. Негізгі өндірістік қорлардың тозуы әлемдік уран өндіруші компаниялардан 20 жылдық технологиялық артта қалуға әкеп соқты. Шығындар өсті, уран өнімінің өзіндік құны нарық бағасымен бәсекелесе алмады. Тәуелсіздік алған сәттен бастап өндіру көлемі үш есеге қысқарды, жылына 800 тоннадан кем өндіретін төменгі шекті деңгейге жетті, бұл әрең дегенде рентабельділік деңгейде қалуға мүмкіндік берді [10].

1997 жылы уран өнеркәсібін реформалау аясында Қазақстан Республикасының Президенті “Қазатомөнеркәсіп” Ұлттық атом компаниясын құру туралы Жарлыққа қол қойды. Компания құрамы “Волковгеология” геологиялық барлау компаниясы, үш кен басқармасы (Степное, Орталық және Алтыншы) мен Үлбі металлургия зауытына біріктірілген мықты өндірістік бірлестікке айналды.

Сонымен “Қазатомөнеркәсіп” осы кездері басынан көптеген қиындықтарды өткеріп барып, қайта жандану, нығаю және даму кезеңдеріне өтеді. Өндіріс тиімсіз болғандықтан, компания әзірлеген оңалту бағдарламасы уран өндіруді арттырып қана қоймай, сонымен қатар ядролық отын номенклатурасын кеңейтеді, бериллий өндірісін қалпына келтіріп, тантал цехын іске қосып, еріткіш қышқылы мен басқа да өнімдерді шығара бастайды. Сондай-ақ шығындар түбегейлі қысқарып, шартты-тұрақты шығындарды үнемдеуге тез қол жеткізіп, осылайша өнімнің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуге зор мүмкіндік беріледі.

2003 жылға қарай Қазатомөнеркәсібі стратегиялық өндірісті қалпына келтірді. Бериллий өнімі бойыншы әлемде екінші орынға және тантал индустриясында төртінші орынды иеленді.

2004 жылы “Қазатомөнеркәсіп” ҰАК АҚ жариялаған «2010 жылға қарай 15 мың тонна» бағдарламасы уран өндіру және қайта өңдеу бойынша өндірістік қуатты одан әрі ұлғайтуды талап етті. Сол уақытта барланған және мемлекеттік баланста есепке алынған уран қорлары өндіруші кәсіпорындарға толығымен тапсырылды. Барлау жұмыстарымен қатар кен орындарында уранды жерасты шаймалау әдісімен алу тәжірибелік жұмыстары және өндіру кешендерінің құрылысы жүргізілді.

Бұрғылау көлемінің айтарлықтай өсуі бұрғылау станоктарының, қосалқы жабдықтар мен еңбек ресурстарының санын күрт арттыруды талап етті. Осындай мәселені шешу үшін “Волковгеология” АҚ «2006 жылдан 2014 жылға дейінгі аралықта бұрғылау жұмыстарын қарқындалту бағдарламасын» әзірледі.

Бағдарламаның техникалық, технологиялық және ұйымдастырушылық іс-шараларын жүзеге асыру “Волковгеологияның” жыл сайынғы бұрғылау жұмыстарының өнімділігін 10-12%-ға арттыруға және жылына 3 млн метрден астам (погонды метр-қума метр) көлемінде “Қазатомөнеркәсіптің” өндіруші кәсіпорындарының қажеттіліктері үшін барлау және технологиялық бұрғылауды орындауда сөзсіз көшбасшы болуға мүмкіндік берді. Бұрғылау жұмыстарын орындаудың жоғарғы қарқынын тұрақты ұстап тұру үшін Орталық тәжірибелік-әдістемелік экспедицияда бұрғылау мен іздеудің жаңа технологиялары партиясын құрады. Жұмыс көлемінің артуы білікті мамандармен қамтамасыз ету мәселесіне әкелді. Оны шешу үшін экспедиция өз мамандарынан құралған жұмысшыларды оқыту мен біліктілігін арттыруға арналған оқу пунктін ашты. Инженерлік кадрлар Ресей мен Қазақстанның бейінді жоғары оқу орындарына оқуға жіберілген студенттер есебінен толықтырылып отырады. Жыл сайын 100-ден астам маман біліктіліктерін арттырудың түрлі курстарынан өтеді. Мұндай тәсілмен “Волковгеология” АҚ кадрлық мәселені толығымен шешіп отыр [11].

2018 жылдың 10 қаңтарына еліміздің Президенті Қазақстан халқына Жолдауында сандық және ақпараттық технологияларды дамытуға баса назар аударып, ел алдына Төртінші өнеркәсіптік революцияға көшу міндетін қойды.

Бүгінгі күні барлық дамыған елдер мен әлемнің ірі компаниялары өз қызметтерін үнемі жетілдіріп отыруға бағытталған. Сонымен бірге пайданың өсуі мен одан әрі табысты дамытуды қамтамасыз ету үшін нарық конъюнктурасының әрдайым өзгеріп тұратын жағдайларына уақтылы ден қойып отыру қажет. Қазіргі уақытта “Қазатомөнеркәсіп” ҰАК АҚ уран өндіру көлемі бойынша әлемдік көшбасшы болып табылады.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, елдің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету жөнінде Қазатомөнеркәсібі трансформация бағдарламасы шеңберінде өндірісті цифрландыру, автоматтандыру және роботтандыру саласында инновациялық жобаларды әзірлеп және енгізу бойынша белсенді істер атқаруда. Мысалы, «Индустрия 4.0» платформасы жайында айтатын болсақ, онда Қазатомөнеркәсіп үшін платформа “Цифрлы кеніш”, ERP (кәсіпорын ресурстарын жоспарлау), жоспарлаудың интеграцияланған жүйесі, ахуалды орталық және т.с.с. ақпараттық жүйелер жиынтығы болып табылады.

Сонымен қатар, технологиялық процестерді басқарудың автоматтандырылған жүйесін (ТПБАЖ) жаңғырту жобасы қолға алынды, олар өндірістік және технологиялық процестерді (яғни ерітінділердің, реагенттердің, электр энергиясының және т.б. жұмсалуды мен тұтынуын) автоматты режимде бақылауға және басқаруға, адам факторды есепке алмағанда, деректерді жинауға, өндеуге және сақтауға мүмкіндік береді. Бұл технологиялық процестерді басқарудың автоматтандырылған жүйесі компанияның “Цифрлы кеніш”, “Ахуалды орталық” және “Жоспарлаудың интеграциялық жүйесі” сияқты негізгі жобалары үшін ақпарат көзі болып табылады [12].

2016 жылы “Kazatomprom–SaUran” уран өндіру кәсіпорнында “Цифрлы кеніш” пилоттық жобасы іске қосылды. Бұл ақпараттық жүйе деректерді орталықтандырып жинақтауға, оңтайлы өндірістік процесті қамтамасыз етуге, реагенттердің жұмсалуды қадағалауға, құрал-жабдықтар жұмысының тоқтап қалуын қысқартуға, қоймалардағы қажетті материалдардың қалдығын бақылауға, орынсыз жағдайларды болдырмай жедел анықтауға және жоюға мүмкіндік береді.

Болашақта “Цифрлы кеніш” жүйесі арқылы кәсіпорын өндірістік процестерді бақылап, өндіру жұмыстары бойынша ағымдағы жоспарларды қадағалап, болжам жасайды. Сонымен қатар, адамдар атқаратын жұмыстардың кейбір түрлерін роботталған кешендер алмастыра алады. Бұл өндіріс персоналдарына төнген кейбір зиянды факторлардың әсер ету қаупінен қорғайды. “Kazatomprom–SaUran” кәсіпорнында 2017 жылдың соңында дайын өнімді ыдысқа салу желісін роботтандыру жобасы іске қосылды. Уранды ыдысқа салу, өлшеу және тиеу жұмыстарын адамдар емес, роботтар орындайды. Осы процесті автоматтандыру дайын өнімнің шығарылуын дәлдікпен орындауға және бақылауды арттыруға, сондай-ақ деректерді келесі жүйелерге онлайн режимде беруді қамтамасыз етеді.

Қазір Қазатомөнеркәсіп бизнес-процесті реинжинирингілеу жолымен өндірістік кәсіпорындарды басқаруда әлемнің үздік тәжірибелерін енгізіп жатыр. Осы бағыт бойынша компанияда SAP ERP (Enterprise Resource Planning–кәсіпорын ресурстарын жоспарлау) жүйесін енгізу жұмыстары жүргізілуде. Бұл жүйе арқылы холдингтің барлық бизнес-процестері мен қызметтері бірыңғай жүйеге біріктіріледі, өндірістегі қызметтің әр түрлері бойынша жалпы деректер базасына қол жеткізе алады. Мұндай бірлестік кәсіпорын ішіндегі қызмет ресурстарын бөлісуді оңтайландырады. SAP ERP бөлімшелер арасындағы жұмыс ағынын бақылауды жеңілдетеді, ақпараттар мен міндеттердің қайталануына байланысты шығындарды азайтады, басқарудың бытыраңқы жүйесінің жұмысына байланысты туындайтын мәселелерді қысқартады. Маңызды деректер негізінде Компания қызметін нақты жоспарлау үшін осындай құралды қолдану жобаның нәтижесі болып есептеледі. Сонымен ақпарат алмасу әлдеқайда жеңіл, ал жұмыс тиімділігі жоғары болуы тиіс.

Сондай-ақ Компанияның тағы бір жаңалығы – болжаудың, жоспарлаудың бизнес-процестерін жетілдіруге, даму сценарийлерін әзірлеуге және барынша маңызды мақсаттарды айқындауға бағытталған жоспарлаудың интеграцияланған жүйесін (ЖИЖ) енгізу. Жүйенің жұмыс істеу принципі өндірісті тізбекті цифрлауға және математикалық модельдеуге негізделген, бұл компанияның баға мен экономикалық пайдасына түрлі факторлардың әсерін кешенді түрде талдауға, сонымен қатар компания басшыларының салмақты шешімдер қабылдауына толық және сенімді ақпараттар ұсына алады.

Басқарушылық шешім қабылдауды жетілдіру үшін компания “Ахуалдық орталық” жүйесін енгізген. Осы ақпараттық жүйеде компанияның барлық еншілес кәсіпорындарының өндірістік, қаржылық-экономикалық және басқа да көрсеткіштері қамтылған. Еншілес кәсіпорындардың регламенттелген есептерін жинау процесін автоматтандыру есебінен жүйе қағаздағы құжат айналымын едәуір төмендетті, қажетті ақпаратты жинау сапасы мен жылдамдығы артты.

Әлбетте, “Қазатомөнеркәсіп” ҰАК цифрлық технологиялар мен инновацияларды енгізу компанияның және еліміздің жаһандық бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді [13, 6 с].

“Қазатомөнеркәсіп” ҰАК АҚ тапсырмасы бойынша “Волковгеология” АҚ «Уран минералды-шикізат базасын дамытудың 2007-2030 жылдарға арналған кешенді бағдарламасын» әзірледі, онда уран шикізат базасын дамытудың перспективалары мен негізгі бағыттары көрсетілген. Кәсіпорын ұжымы болашаққа сеніммен қарайды, өйткені орындалмайтындығы көрінген мәселелердің барлығы артта қалды. Қызметкерлердің кәсіпқойлығы, еңбекқорлығы және оптимизмі – бұл осы уран өндіру саласының минералды-шикізат базасын нығайту жөніндегі кез келген міндеттерді шешуге мүмкіндік берді.

Қорытынды

Осылайша, Қазақстан өзінің жер көлемінің геологиялық ерекшелігіне қарай, табиғи уран мен көмірсутегі ресурстарына бай мемлекет, сондай-ақ бұрынғы Кеңес Одағы жүйесіндегі ядролық сынақтардың полигондары мен әскери-өнеркәсіптік кешенінің шикізат базасы ретінде дамыған тарихи жағдайларына байланысты ХХ ғасырдың ең үлкен жетістігі болған – радиоактивтіліктің пайдасы мен зиянын да бірдей көрген әлемдегі бірден-бір танымал ел. Радиоактивтілікке қатысты мол әрі қайғылы тәжірибе жинақтады. Ел аумағының едәуір бөлігі табиғи және жасанды радионуклидтермен ластанған. Радиоактивті қалдықтарды кәдеге жарату мен көму (жою) және радионуклидтермен ластанған аумақтарды оңалту мәселелерін шешу мемлекет үшін аса күрделі болып табылады. Бұл мәселелерді әлемдік қоғамдастықтың қатысуынсыз шешу мүмкін емес. Сонымен қатар, Қазақстанда қалыптасқан радиоэкологиялық жағдай радиоэкологиялық зерттеулердің кең ауқымын жүргізуге және олардың нәтижелерін іс жүзіне асыруға бірегей мүмкіндік береді. Қазақстандағы радиоэкологиялық жағдайдың негізгі ерекшеліктерін қорытындылай келе, аталған барлық факторлардың радиациялық әсер ету аймағында Қазақстанның 27%-ға жуығы яғни, бұл шамамен 741 мың шаршы км аумағында 1 млн.-нан астам халық тұратын жерлер екенін атап өту қажет. Осы мәлімет адамдардың денсаулығына әсерін терең зерттеуді талап ететін жағдай болып табылады [14]. Алдын ала есептеу бойынша Қазақстан аумағындағы радиоэкологиялық ахуалды елеулі түрде сауықтыру үшін 1.1 млрд. АҚШ доллары жұмсалуды қажет. Талап етіліп отырған сома қомақты болғанымен, онсыз қазір және болашақ ұрпақ үшін халықтың денсаулығына кепілдік беру мүмкін емес.

ӘДЕБИЕТТЕР

- [1] Бейсенова Ә.С. Қазақ елінің экологиялық ахуалы: монография. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2018, – 392 б.
- [2] Республика Казахстан. Окружающая среда и экология.Т.3/ Под ред. Медеу А.Р. 2-е изд. – Алматы, 2010. – 520 с.
- [3] И.А. Шишков, П.Г. Каюков. Радиоэкологические проблемы Республики Казахстан, связанные с разведкой и разработкой месторождений урана, //Известия Национальной Академии Наук Республики Казахстан. (Серия геологии и технических наук), – 2013 г., №5 (401). – С. 69-77.
- [4] Петров Н.Н., Язиков В.Г., Аубакиров Х.Б. Урановые месторождения Казахстана (экзогенные). – Алматы: Ғылым, 1995.
- [5] Петров Н.Н., Язиков В.Г., Берикболов Б.Р. Урановые месторождения Казахстана (эндогенные). – Алматы: Ғылым, 2000.
- [6] Радиоэкологическая обстановка на территории Республики Казахстан (нефтепромысловые районы Западного Казахстана). Под редакцией Н.И.Баева Алматы. 1997. –67с.
- [7] Программа ликвидации очагов радиоактивного загрязнения при разведке урановых месторождений. – Алматы, 2002.
- [8] М.С. Панин. Загрязнение окружающей среды: Учебное пособие / Под ред. И.О. Байтулина. – Алматы: Раритет, 2011. – С.200-205.
- [9] Каюков П.Г.и др. Изучение радиационной обстановки на территории Республики Казахстан // Отчет за 2004–2008 гг. в 16 книгах. – Алматы, 2008.
- [10] М.С. Панин. Экология Казахстана. – Семипалатинск, 2005. –548 с.
- [11] Учебно-методическое руководство по радиоэкологии и обращению с радиоактивными отходами для условий Казахстана. – Алматы, 2002. – 304с.
- [12] Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, 10 қаңтар 2018 жыл.
- [13] Б.Бекмуратов. Цифровизация уранодобывающей отрасли // Корпоративная газета АО «НАК «Казатомпром», АТОМ.KZ. – Апрель 2018. –№4 (74), –С. 6-7.
- [14] Концепция захоронения радиоактивных отходов РК. – Алматы. ААЭ РК, 1993.

Ныгманова А.С., Кутербеков К.А.

Радиоэкологическая ситуация Казахстана: прошлое и будущее

Резюме. Рассмотрены основные источники радионуклидного загрязнения, способствующие формированию напряженной радиоэкологической ситуации в Казахстане. В конечном счете, такая радиоэкологическая ситуация была в основном связана с деятельностью военно-промышленного комплекса бывшего Советского Союза, предприятий горнодобывающей и уранодобывающей промышленности и ураноперерабатывающей промышленности. Кратко описано становление и развитие уранодобывающей промышленности и перерабатывающих комплексов в Казахстане на основе собственной минерально-сырьевой базы урана, пригодного для отработки способом (ПСВ) подземного сважинного выщелачивания.

Ключевые слова: радиационный фон, радионуклиды, радиоактивное загрязнение, добыча и переработка урана, отходы, рекультивация, атомная энергетика, Национальная атомная компания «Казатомпром», цифровизация отрасли.

УДК 517.929

A. Kalybay, D. Karatayeva

**STRONG NON-OSCILLATION AND OSCILLATION SECOND ORDER
HALF-LINEAR DIFFERENCE EQUATION**

Abstract. This article is devoted to the study of the signs of strong oscillation and non-oscillation of one class of second-order quasilinear difference equations. A lot of articles, monographs and books are devoted to the question of the oscillatory properties of difference equations. More strongly investigated linear, quasilinear difference equations of the second order by various methods. In this paper, using the results of the Hardy weighted inequality in a difference form and based on the well-known variational principle for a second-order half-linear difference equation, the signs of strong oscillation and non-oscillation for one class of second-order half-linear difference equations are established.

Keywords: half-linear difference equation, strong non-oscillation, strong oscillation, discrete Hardy weighted inequality, sequence of numbers.

А. А. Калыбай¹, Д. С. Каратаева²

¹Университет КИМЭП, Алматы, Казахстан

²Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

¹kalybay@kimep.kz, ²danagul83@inbox.ru

СИЛЬНАЯ НЕОСЦИЛЛЯТОРНОСТЬ И ОСЦИЛЛЯТОРНОСТЬ ПОЛУЛИНЕЙНОГО РАЗНОСТНОГО УРАВНЕНИЯ ВТОРОГО ПОРЯДКА ¹

Аннотация. Настоящая статья посвящена исследованию признаков сильной осцилляторности и неосцилляторности одного класса квазилинейных разностных уравнений второго порядка. К вопросу осцилляционных свойств разностных уравнений посвящены достаточно много статей, монографии и книг. Более сильно исследованы линейные, квазилинейные разностные уравнения второго порядка различными методами. В данной работе используя результаты весового неравенства Харди в разностной форме и на основе известного вариационного принципа для полулинейного разностного уравнения второго порядка устанавливаются признаки сильной осцилляторности и неосцилляторности для одного класса полулинейных разностных уравнений второго порядка.

Ключевые слова: полулинейное разностное уравнение, сильная неосцилляторность, сильная осцилляторность, весовое дискретное неравенство Харди, последовательность чисел.

Рассмотрим полулинейное разностное уравнение второго порядка:

$$\Delta(\rho_i |\Delta y_i|^{p-2} \Delta y_i) + \lambda \nu_i |y_{i+1}|^{p-2} y_{i+1} = 0, \quad i = 0, 1, 2, \dots, \quad (1)$$

где $\lambda > 0$, $1 < p < \infty$ и $\Delta y_i = y_{i+1} - y_i$. Относительно коэффициентов уравнения (1) полагаем, что $\nu = \{\nu_i\}$ и $\rho = \{\rho_i\}$ являются последовательностями неотрицательных действительных чисел. Более того, пусть $\rho_i > 0$ для всех $i = 0, 1, 2, \dots$ и для каждого $m > 1$ существует $i > m$ такой, что $\nu_i \neq 0$.

Приведем необходимые для настоящей работы определения и утверждения. Пусть $m \geq 0$ и $n \geq 0$ – целые числа. Для краткости будем писать “интервал”, подразумевая “дискретный интервал”.

– Говорят, что интервал $(m, m + 1]$ содержит обобщённый нуль нетривиального решения $y = \{y_i\}$ уравнения (1), если $y_m \neq 0$ и $y_m y_{m+1} < 0$.

– Нетривиальное решение y уравнения (1) называется осцилляторным, если оно имеет бесконечное число обобщённых нулей, в противном случае оно называется неосцилляторным.

– Уравнение (1) называется осцилляторным, если все его нетривиальные решения являются осцилляторными, в противном случае оно называется неосцилляторным.

– В силу теоремы Штурма о разделении нулей [1, Theorem 3], уравнение (1) осцилляторно, если одно его нетривиальное решение осцилляторно.

– Уравнение (1) называется сильно осцилляторным или неосцилляторным, если оно при всех $\lambda > 0$ соответственно является осцилляторными или неосцилляторным.

Изучению осцилляционных свойств уравнения (1) посвящено большое количество работ (см., например, [1, 2, 3, 4, 5, 6] и приведенные там ссылки). Эта проблема первоначально изучалась для случая $p=2$, т.е. когда уравнение (1) имеет вид

$$\Delta(\rho_i \Delta y_i) + \lambda \nu_i y_{i+1} = 0, \quad i = 0, 1, 2, \dots, \quad (2)$$

Исследование уравнения (1) опирается на следующее утверждение, приведённое в работе [1].

Теорема А Пусть $0 \leq m < \infty$. Уравнение (1) является неосцилляторным тогда и только тогда, когда существует $m > 1$ и выполняется неравенство

¹Работа выполнена при финансовой поддержке Министерства науки и образования Казахстана, Грант №АР05130975 по направлению “Интеллектуальный потенциал страны”.

$$\sum_{i=m}^{\infty} (\rho_i |\Delta y_i|^p - \lambda \nu_i |y_{i+1}|^p) \geq 0 \quad (3)$$

для всех нетривиальных $y = \{y_i\}_{i=m}^{n+1}$, $y_m = 0$ и $y_{n+1} = 0$

Здесь нам понадобится утверждение, эквивалентное теореме А, доказательство которого приведено в работе [3]. Для этого эквивалентного утверждения дадим определение множества

$\overset{\circ}{Y}(m, n)$ для $0 \leq m < n \leq \infty$. Нетривиальную числовую последовательность $y = \{y_i\}_{i=0}^{\infty}$ назовем финитной, если конечное число её членов отлично от нуля, а множество $\text{supp } y := \{i \geq 0 : y_i \neq 0\}$

назовем её носителем. Обозначим через $\overset{\circ}{Y}(m, n)$ совокупность всех финитных последовательностей y , у которых $\text{supp } y \subset [m+1, n]$, $n < \infty$. При $n = \infty$ мы полагаем, что для любого y найдётся целое число $k = k(y) : m < k < \infty$ такое, что $\text{supp } y \subset [m+1, k]$.

Теорема В Пусть $0 \leq m < n \leq \infty$. Уравнение (1) является неосцилляторным тогда и только тогда, когда существует $m > 1$ и выполняется неравенство

$$\sum_{i=m}^{\infty} \lambda \nu_{i-1} |y_i|^p \leq \sum_{i=m}^{\infty} \rho_i |\Delta y_i|^p, \quad y \in \overset{\circ}{Y}(m, n), \quad (4)$$

где $\nu_{-1} = 0$.

В случае $\lambda = 1$ уравнение (1) и соотношение (4) соответственно имеет вид

$$\Delta(\rho_i |\Delta y_i|^{p-2} \Delta y_i) + \nu_i |y_{i+1}|^{p-2} y_{i+1} = 0, \quad i = 0, 1, 2, \dots, \quad (5)$$

$$\sum_{i=m}^{\infty} \nu_{i-1} |y_i|^p \leq \sum_{i=m}^{\infty} \rho_i |\Delta y_i|^p, \quad y \in \overset{\circ}{Y}(m, n), \quad (6)$$

где $\nu_{-1} = 0$.

Рассмотрим весовое неравенство Харди в разностной форме

$$\sum_{i=m}^{\infty} \nu_{i-1} |y_i|^p \leq C_m \sum_{i=m}^{\infty} \rho_i |\Delta y_i|^p, \quad y \in \overset{\circ}{Y}(m, n), \quad (7)$$

Лемма 1. Пусть $1 < p < \infty$ и C_m – наилучшей константа в (7). Тогда уравнение (1)

(i) неосцилляторно тогда и только тогда, когда существует $m > 1$ и выполнено $0 < C_m \leq 1$;

(ii) осцилляторно тогда и только тогда, когда для любого $m > 1$ выполнено $C_m > 1$.

Доказательство леммы 1. Так как утверждение (ii) является отрицанием утверждения (i), то достаточно доказать утверждение (i). Пусть уравнение (5) неосцилляторно. Тогда, в силу теоремы В,

существует $m > 1$ и выполняется неравенство (6) для всех $y \in \overset{\circ}{Y}(m, n)$. Это означает, что $0 < C_m \leq 1$. Обратно, пусть существует $m > 1$ и выполнено $0 < C_m \leq 1$. Тогда для $m > 1$

выполнено (6) для всех $y \in \overset{\circ}{Y}(m, n)$. Поэтому на основании теоремы В уравнение (5) неосцилляторно. Лемма 1 доказана.

В работе [7] найден критерий выполнения неравенства (7) вместе с оценкой его наилучшей константы C_m :

Теорема С. Пусть $0 \leq m < n \leq \infty$ и $1 < p < \infty$. Неравенство (7) выполняется тогда и только тогда, когда $B(m, n) < \infty$. Более того, для наименьшей константы в (7) выполняется

$$B(m, n) \leq C_m \leq 2\tilde{\gamma}_p B(m, n), \tag{8}$$

где

$$B(m, n) \equiv B_{\nu, \rho}(m, n) = \sup_{m < t \leq s < n} \left(\sum_{i=t}^{s-1} \nu_i \right) \left(\left(\sum_{i=m}^t \rho_i^{1-p'} \right)^{1-p} + \left(\sum_{i=s}^n \rho_i^{1-p'} \right)^{1-p} \right)^{-1}$$

и

$$\tilde{\gamma}_p = \inf_{1 < \mu} \frac{\mu^p (\mu^p - 1)}{(\mu - 1)^p}.$$

Умножая обе части неравенства (7) на $\lambda > 0$ получим неравенство Харди соответствующее неравенству (4)

$$\sum_{i=m}^{\infty} \lambda \nu_{i-1} |y_i|^p \leq \lambda C_m \sum_{i=m}^{\infty} \rho_i |\Delta y_i|^p, \quad y \in \overset{\circ}{Y}(m, n), \tag{9}$$

при этом в неравенстве (9) наилучшая константа будет λC_m , где C_m –наилучшая константа в неравенстве (7).

Теперь, на основании леммы 1 и теоремы С имеем

Теорема 1. Пусть $1 < p < \infty$. Тогда уравнение (1)

(i) *сильно неосцилляторно тогда и только тогда, когда*

$$\lim_{m \rightarrow \infty} B(m, \infty) = 0 \tag{10}$$

(ii) *сильно осцилляторно тогда и только тогда, когда*

$$\lim_{m \rightarrow \infty} B(m, \infty) = \infty \tag{11}$$

Доказательство теоремы 1. Часть (i). Пусть уравнение (1) сильно неосцилляторно. Тогда, в силу леммы 1, для любого $\lambda > 0$ существует $m(\lambda) > 1$ и выполнено $\lambda C_{m(\lambda)} \leq 1$. Откуда

$$C_{m(\lambda)} \leq \frac{1}{\lambda} \text{ и}$$

$$\lim_{\lambda \rightarrow \infty} C_{m(\lambda)} = 0. \tag{12}$$

Так как из $0 < \lambda < \lambda_1$ и $\lambda_1 C_{m(\lambda_1)} \leq 1$ следу ет $\lambda C_{m(\lambda_1)} \leq 1$, то $m(\lambda) \leq m(\lambda_1)$, т.е., $m(\lambda)$ не убывает по $\lambda > 0$. Поэтому существует $\lim_{\lambda \rightarrow \infty} m(\lambda) = m(\infty)$. Если $m(\infty) < \infty$, то из (8) и (12) имели бы $B(m(\infty), \infty) = 0$, что невозможно в силу наложенных условия на последовательности ν, ρ . Следовательно $\lim_{\lambda \rightarrow \infty} m(\lambda) = \infty$ и из (12) имеем $\lim_{m \rightarrow \infty} C_m = 0$. Тогда из (8) следует выполнение (10).

Обратно, пусть выполнено (10). Тогда для любого $\lambda > 0$ существует $m(\lambda)$ такой, что $B(m(\lambda), \infty) \leq \frac{1}{2\tilde{\gamma}_p \lambda}$, т.е., $\lambda 2\tilde{\gamma}_p B(m(\lambda), \infty) \leq 1$. Откуда из (8) имеем $\lambda C_{m(\lambda)} \leq 1$ для любого

$\lambda > 0$. Тогда по лемме 1 уравнение (1) неосцилляторно для любого $\lambda > 0$, т.е., уравнение (1) сильно неосцилляторно.

Теперь докажем утверждение (ii). Пусть уравнение (1) сильно осцилляторно. Тогда по лемме 1 для любого $\lambda > 0$ и для любого $m > 1$ выполнено $\lambda C_m > 1$ или $C_m \leq \frac{1}{\lambda}$. Откуда при $\lambda \rightarrow \infty$ имеем $C_m = \infty$ для любого $m > 1$ и в частности при $\lim_{m \rightarrow \infty} C_m = \infty$. Тогда из (8) следует (11).

Обратно, пусть выполнено (11). Тогда $B(m, \infty) = \infty$ и из (8) следует $C_m = \infty$, т.е., $\lambda C_m = \infty$ для любого $\lambda > 0$. Следовательно по лемме уравнение (1) сильно осцилляторно. Теорема 1 доказана.

Если

$$\sum_{i=s}^{\infty} \rho_i^{1-p'} = \infty \quad (13)$$

то

$$B(m, \infty) = \sup_{m < t} \sum_{i=t}^{\infty} \nu_i \left(\sum_{i=m}^t \rho_i^{1-p'} \right)^{1-p}$$

Поэтому из теоремы 1 имеем.

Следствие 1. Пусть $1 < p < \infty$ и выполнено (13). Тогда уравнение (1)

(i) сильно неосцилляторно тогда и только тогда, когда

$$\lim_{t \rightarrow \infty} \sum_{i=t}^{\infty} \nu_i \left(\sum_{i=m}^t \rho_i^{1-p'} \right)^{1-p} = 0;$$

(ii) сильно осцилляторно тогда и только тогда, когда

$$\lim_{t \rightarrow \infty} \sum_{i=t}^{\infty} \nu_i \left(\sum_{i=m}^t \rho_i^{1-p'} \right)^{1-p} = \infty.$$

ЛИТЕРАТУРА

- [1] Rehak P. Oscillatory properties of second order half-linear difference equations // Czech. Math. J. - 2001. - V. 51, no. 126. - 303–321.
- [2] Алимагамбетова А.З., Ойнаров Р. Критерии осцилляторности и неосцилляторности полулинейного разностного уравнения второго порядка // Математический журнал. - 2007. - Т. 7, № 1(23). - 15–24 с.
- [3] Алимагамбетова А.З., Ойнаров Р. Двухсторонние оценки для решений одного класса нелинейных разностных уравнений второго порядка // Математический журнал. - 2008. - Т. 8, № 3(29). - 12–21 с.
- [4] Hasil P., Vesely M. Oscillation constants for half-linear difference equations with coefficients having mean values // Advances in difference equations. - 2015. - V. 2015:20. - doi: <http://dx.doi.org/10.11861313662-015-0544-1>.
- [5] Jiang J., Tang X. Oscillation of second order half-linear difference equations (I) // Applied Math. Sciences. - 2014. - V. 8, no. 40. - P. 1957–1968.
- [6] Rehak P. Comparison theorems and strong oscillation in the half-linear discrete oscillation theory // Rocky Mountain J. Math. - 2003. - V. 33, no. 1. - P. 333–352.

[7] Kalybay A., Karatayeva D., Oinarov R., Temirkhanova A. Oscillation of a second order half-linear difference equation and the discrete Hardy inequality // Electron. J. Qual. Theory Differ. Equ. - 2017. - no. 43. - P. 1–16. - doi: <http://dx.doi.org/10.14232/ejqtde.2017.1.43>.

Қалыбай Ә. А., Қаратаева Д. С.

Екінші ретті жартылай сызықты айырымдық теңдеудің күшті тербелімсіздігі және тербелімділігі

Аңдатпа. Бұл мақала екінші ретті квазисызықты айырымдық теңдеулердің бір класының күшті тербелімді және тербелімсіздік белгілерін зерттеуге арналған. Айырымдық теңдеулердің тербелімдік қасиеттері көптеген мақалаларда, монографияларда және кітаптарда қарастырылған. Екінші ретті сызықты, квазисызықты айырымдық теңдеулер әр түрлі әдістермен неғұрлым күшті зерттелінді. Бұл жұмыста айырымдық түрде берілген Харди салмақты теңсіздігінің нәтижелерін қолдана отырып және екінші ретті жартылай сызықты айырымдық теңдеуі үшін белгілі вариация қағидасы негізінде, екінші ретті жартылай сызықтық айырымдық теңдеулерінің бір класы үшін күшті тербелімді және тербелімсіздік белгілері бекітіледі.

УДК 517.957, 532.5

G. N. Shaikhova, G.T.Bekova, I.B. Izgaliyev

(L.N. Gumilyov Eurasian national university, Nur-Sultan, Kazakhstan
e-mail: g.shaikhova@gmail.com)

**THE HYPERBOLIC TANGENCES METHOD FOR THE
EVOLUTIONARY EQUATION OF WAVE DYNAMICS**

Abstract. In the paper, we consider the evolutionary equation of wave dynamics which represents the fluid velocity in the horizontal direction. The evolutionary equation of wave dynamics was proposed as a model for studying unidirectional long waves of small amplitudes in water, which is an alternative to the Korteweg-de Vries equation. Using the hyperbolic tangent method and the Maple program, we find various new solutions to this equation. Solutions in the work are found with allowance for the integration constant. In addition, the graphs of the solutions are presented.

Keywords: tanh method, partial differential equation, evolutionary equation of wave dynamics, traveling wave, ordinary differential equation, solution

Г.Н. Шайхова, Г.Т. Бекова, И.Б. Изгалиев

(Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева,
Нур-Султан, Казахстан. e-mail: g.shaikhova@gmail.com)

**МЕТОД ГИПЕРБОЛИЧЕСКОГО ТАНГЕНСА ДЛЯ
ЭВОЛЮЦИОННОГО УРАВНЕНИЯ ВОЛНОВОЙ ДИНАМИКИ**

Аннотация. В работе рассмотрено эволюционного уравнения волновой динамики, которое представляет скорость жидкости в горизонтальном направлении. Эволюционного уравнения волновой динамики было предложено как модель для исследования однонаправленных длинных волн малых амплитуд в воде, что является альтернативой уравнению Кортевега-де Фриза. С помощью метода гиперболического тангенса и программы Maple находим различные новые решения эволюционного уравнения волновой динамики. Решения в работе найдены с учетом константы интегрирования. Кроме того, представлены графики полученных решений.

Ключевые слова: метод гиперболического тангенса, дифференциальное уравнение в частных производных, эволюционного уравнения волновой динамики, перемещающаяся волна, обыкновенное дифференциальное уравнение, решение

Введение. Нелинейные эволюционные уравнения имеют приложения во многих областях физики [1-4]. В этой статье рассматриваем эволюционное уравнение обобщенной волновой динамики [5-6]:

$$u_t + uu_x + \beta u_{xxx} - \alpha u_{xx} - \gamma u_{xxxx} = 0 \quad (1)$$

Последние годы для описание некоторых волновых уравнений используется нелинейные уравнение четвертого порядка. В общем случае уравнение (1) имеет вид:

$$\frac{\partial u}{\partial t} + u \frac{\partial u}{\partial x} + \beta \frac{\partial^3 u}{\partial x^3} = \alpha \frac{\partial^2 u}{\partial x^2} + \gamma \frac{\partial^4 u}{\partial x^4} \quad (2)$$

здесь α , β и γ постоянные коэффициенты, $u(x, t)$ функция, характеризующая физические явления: смешивание, толщина пленки, концентрация и т.д.

При $\alpha \neq 0$, $\beta = \gamma = 0$ уравнение (2) называется уравнением Бюргерса, моделирующего образование ударных волн в динамике газа в простых условиях [3].

Метод гиперболического тангенса. Метод гиперболического тангенса нашел широкое применение для решения дифференциальных уравнений в частных производных [7-9]. Он позволяет преобразовывать нелинейное дифференциальное уравнение в частных производных к обыкновенному дифференциальному уравнению с помощью преобразования перемещающейся волны $\xi = x - ct$. Применяя преобразование приведем уравнение (1) к обыкновенному дифференциальному уравнению в виде:

$$-cu' + \frac{1}{2}(u^2)' + \beta u''' - \alpha u'' - \gamma u'''' = 0. \quad (3)$$

После интегрирования уравнение (3) примет вид:

$$-cu + \frac{1}{2}u^2 + \beta u'' - \alpha u' - \gamma u''' = R, \quad (4)$$

где R - константа интегрирования.

Из уравнения (4) приравняв члены u^2 и u''' , получаем равенство $2M=M+3$ [14,15]. Откуда имеем $M = 3$. Тогда решение метода гиперболического тангенса допускает следующее разложение [10-15]:

$$u(x, t) = a_0 + a_1 Y + a_2 Y^2 + a_3 Y^3. \quad (5)$$

где $Y = \tanh(\mu(x - ct))$.

Подставляя разложение (5) в уравнение (4) и собирая коэффициенты при степенях Y^i получим систему алгебраических уравнений для коэффициентов $a_0, a_1, a_2, a_3, \mu, c, R$:

$$Y^6 : 60a_3\gamma\mu^3 + \frac{1}{3}a_3^2 = 0, \quad (6.1)$$

$$Y^5 : 24a_2\gamma\mu^3 + 12a_3\beta\mu^2 + a_2a_3 = 0, \quad (6.2)$$

$$Y^4 : 6a_2\beta\mu^2 + 3a_3\alpha\mu + 6a_1\gamma\mu^3 - 114a_3\gamma\mu^3 + a_1a_3 + \frac{1}{2}a_2^2 = 0, \quad (6.3)$$

Түйіндеме. Бұл мақалада поликарбоксилатты суперпластификаторлардың гипсті тұтастырғыштардың қасиетіне әсері зерттеу нәтижелері келтірілген. Гипс ерітінділерінің беріктігіне PCE 41A, PCE 42A және PCE 50 әсері зерттелді. Үлгілерді 2 сағат, 3 тәулік және 7 тәуліктегі беріктігі сыналды. PCE 41A, PCE 42A және PCE 50 поликарбоксилатты суперпластификаторды гипсті тұтастырғышқа қосқанда жоғары маркалы гипс алуға болатындығы дәлелденді. С/Г қатынасын 0,45-0,55 дейін жоғарлату гипс ертіндісінің аққыштығын 125 мм-ден 200 мм дейін жоғарлады, гипс беріктігі 19,1 МПа-дан 12,7 МПа дейін төмендеді. Шағын үлгілердің 7 тәуліктегі беріктігі нәтижесінде PCE 41A поликарбоксилатты суперпластификаторды гипс тұтастырғышқа қосу Г18-Г19 жоғары маркалы гипс тұтастырғыш алуға болатындығын дәлелденді.

Түйін сөздер: гипс, аққыштық, беріктік, гипс маркасы, поликарбоксилатты суперпластификатор.

Кіріспе. 2015-2019 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының индустриалды-инновациялық даму бағдарламасын [1] жүзеге асыру арқылы құрылыс материалын өндіруші кәсіпорындардың жобалық қуатылығы артып жатыр. Солардың бірі Тараз қаласындағы «Жамбыл гипс» АҚ зауытында жаңа цехтардың құрылысы аяқталып, өнімділігі 5 есе артты. Зауыт құрылыс материалдарының 14 түрін шығарып, Ресей, Тәжікстан, Қырғызстанға экспортқа жіберіп жатыр [2]. Сондай-ақ құрылыс гипс материалдарын өндіретін мыңға жуық өндірушілердің ішінде ЖШС "Alina Group", ЖШС "Кнауф Гипс Қапшағай", ЖШС "BASF - Центральная Азия", ЖШС "Central Asia Construction" кәсіпорындары ішкі нарықты толық қамтамасыз етіп отыр. Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігінің мәліметі бойынша құрылыс гипс негізінде алынған құрылыс материалдарының бағасы 2018 жылдың желтоқсаны мен 2019 жылдың маусымы аралығында 0,7 %-ға қымбаттаған [3]. Осыған орай гипстен жасалған құрылыс материалдардың сапасын арттырып, бағасын арзандату мақсатында ғалымдар көптеген зерттеулер жүргізіп жатыр.

Негізгі зерттеу жұмыстар шет елдік ғалымдардың тың идеяларының өндіріске жылдам әрі сенімді енгізулері, гипстен жасалған бұйымдардың қолдану деңгейін арттырып, бәскелестік жағынан теңдесі жоқ материал екендігін нарықта көрсетіп келеді.

Гипс тұтастырғыштың беріктігін арттыру бойынша Мюнхен техникалық университетінің профессоры И. Планк бірқатар зерттеулер жүргізген. Ол поликарбонаттарды мұқият зерттеу [4] барысында поликарбонаттардың бүйір тізбекті талшықтарын анықтап, бүйір тізбектілерді зарядтау негізінде тұтқыр суспензия алған. Мұнда поликарбонаттардың бүйір тізбекті талшықтары жоғары анионды зарядтармен гипстің жиі электростатикалық итерілуі арқылы тұтқыр суспензияларды сұйылтады. Сұйытылған гипсті тұтастырғыштың аққыштығы артып, беріктігі жоғарлайды.

Ресейлік ғалымдар поликарбонатты пластификатордың гипстің физика - механикалық параметрлеріне әсерін зерттеді. Механикалық сынақтар нәтижелерін талдауда пластификаторды гипс тұтастырғышқа 1% көлемінде қосқанда 28 тәуліктегі қысудағы беріктіктің 72% - ға дейін ұлғаюына ықпал ететінін көрсетті. Пластификатордың тиімді мөлшерін пайдалану, гипс ерітіндісіне қатайтқыш рөлін атқарады. Сонымен қатар су сіңірілуі төмендейді, жұмсарту коэффициенті жоғарылайды, гипс материалдарын ұстасу мерзімдері азаяды [5].

Талдау әдістері. Гипс тұтастырғыштың аққыштығын цилиндр тәрізді өлшемдері: диаметрі 5 см, биіктігі 10 см болатын және де диаметрі 20 см шыны дисктен тұратын Вискозиметр Сутарда құрылғысында анықталды. 100 г гипсті алып оған есепу негізде су және суперпластификатор қосып, сұйық суспензияның аққыштығы анықталады.

Гипс тұтастырғыштың 2 сағат, 3 және 7 тәуліктегі беріктігі гипс қамырынан жасалған өлшемі 2×2×2 см үлгіде анықталған. Қысу кезіндегі беріктік шегі ПГМ-100МГ4-А гидравликалық преста жүргізілді.

Алынған нәтижелерді талдау. Зерттеу жұмыстарын жүргізу кезінде Бағаналы кен орнының гипсі қолданылды. Бағаналы кен орнының гипсінің химиялық құрамы 1 кестеде келтірілген. Гипс тұтастырғыштың беріктігін арттыру мақсатында «Цемент, керамика және шыны технологиялары» кафедрасыда PCE 41A, PCE 42 A және PCE 50 түрлері бар поликарбонатты суперпластификаторларды қолданып зерттеу жұмыстары жүргізілді.

1-кесте. Бағаналы кен орнының гипсінің химиялық құрамы

Материал	SiO ₂	CaO	R ₂ O ₃	SO ₃	H ₂ O	MgO	CaSO ₄
Бағаналы гипсі	0,93	35,93	0,48	45,72	18,22	2,53	94,45

Химиялық талдау нәтижесінде Бағаналы кенорнының гипсінің құрамында ешқандай зиянды қоспалар кездеспейді.

Бағаналы кенорнының гипсін қолданып, гипсті тұтастырғыштың беріктігін жоғарлату мақсатында алдымен гипстің аққыштығы анықталды. Гипсті тұтастырғышқа су гипс қатынасы С/Г 0,45-тен 0,55 аралығында алынды және суперпластификатор мөлшері 0,1-0,5 % аралығында қосылды. Төмендегі 2-4 кестелерде PCE 41A, PCE 42A және PCE 50 20 % поликарбонатты суперпластификаторлардың ертіндісі гипс тұтастырғышына 0,1-0,5 % мөлшерінде енгізгендегі аққыштығы, ұстасу мерзімінің басталуы мен аяқталуы, сондай-ақ 2x2x2 см үлгідегі 2 сағаттағы, 3 және 7 тәуліктегі беріктігінің нәтижелері, гипс тұтастырғыштың маркасы көрсетілген.

2-кесте. «PCE 41 A» 20% суперпластификаторымен гипс тұтастырғышының физика-механикалық көрсеткіштеріне әсері

№	С/Г	«PCE 41 A» қоспасы, %	Аққыштығы, мм	Ұстасу уақыты, мин		Беріктігі, 2x2x2, МПа			Гипс маркасы
				басталуы	аяқталуы	2 сағ	3 тәу	7 тәу	
1	0,45	0,1	125	3	10	8,8	13,2	19,1	Г19
2	0,45	0,5	164	11	27	8,5	12,9	18,7	Г18
3	0,5	0,1	115	4	19	8,9	13,4	19,4	Г19
4	0,5	0,2	130	9	20	8,4	12,8	18,9	Г18
5	0,53	0,1	150	4	11	8,1	12,3	18,1	Г18
6	0,55	0,1	150	7	15	7,9	12,1	17,9	Г17
7	0,55	0,2	180	10	25	7,6	11,9	17,7	Г17

3-кесте. «PCE 42 А» 20% суперпластификаторымен гипс тұтастырғышының физика-механикалық көрсеткіштеріне әсері

№	С/Г	«PCE 42 А» қоспасы, %	Аққыштығы, мм	Ұстасу уақыты, мин		Беріктігі, 2x2x2, МПа			Гипс маркасы
				басталуы	аяқталуы	2 сағ	3 тәу	7 тәу	
1	0,45	0,1	130	6	12	8,6	12,5	19,0	Г19
2	0,45	0,5	175	10	23	8,4	11,7	18,2	Г18
3	0,5	0,1	135	9	18	8,6	12,4	19,1	Г19
4	0,5	0,2	150	14	27	7,3	9,9	16,4	Г16
5	0,53	0,1	160	5	10	7,1	9,4	15,9	Г15
6	0,55	0,1	182	11	25	6,9	9,1	15,6	Г15
7	0,55	0,2	195	13	27	6,1	8,6	14,8	Г14

4-кесте. «PCE 50» 20 % суперпластификаторымен гипс тұтастырғышының физика-механикалық көрсеткіштеріне әсері

№	С/Г	«PCE 50» қоспасы, %	Аққыштығы, мм	Ұстасу уақыты, мин		Беріктігі, 2x2x2, МПа			Гипс маркасы
				басталуы	аяқталуы	2 сағ	3 тәу	7 тәу	
1	0,45	0,1	Тез қатты			6,9	9,3	14,7	Г14
2	0,45	0,5	165	3,5	13	6,7	8,9	14,1	Г14
3	0,5	0,1	160	3	14	6,9	8,1	14,4	Г14
4	0,5	0,2	178	5	15	6,3	6,2	13,9	Г13
5	0,53	0,1	183	6	19	6,1	6,9	13,6	Г13
6	0,55	0,1	195	5,5	17	5,9	6,7	13,2	Г13
7	0,55	0,2	200	7	24	5,5	6,1	12,7	Г12

Гипс тұтастырғышына «PCE 41 А» поликарбонатты суперпластификаторды мөлшерлеп қосқанда беріктігіне әсерін тигізді. С/Г=0,45 болғанда PCE 41 А мөлшерін 0,1 %-дан 0,5 % жоғарлатқанда гипс ертіндісінің аққыштығы 125 мм-ден 164 мм дейін жоғарлады. Ұстасу уақытының басталуы 3-11 мин, ал аяқталуы 10 – 27 мин дейін ұзарды. 2x2x2 см шағын үлгіде 2 сағаттық қысудағы беріктігі 8,8 МПа-дан 8,5 МПа-ға төмендеді. 3 тәуліктегі беріктігі 12,9-13,2 МПа құрады. Ал 7 тәуліктегі беріктігі 18,7-19,1 МПа болды. Бұл С/Г қатнасы 0,45 болғанда, PCE 41 А мөлшерін жоғарлату гипс тұтастырғышты жоғары марка алуға болатындығын көрсетті. С/Г қатынасын 0,45-тен 0,55 дейін аттырғанда сәйкесінше аққыштық артады. PCE 41 А мөлшерін өте көп мөлшерде жоғарлату гипс аққыштығын тым қатты арттырып, ұстасу процесі жүрмеді. Ал гипс тұтастырғышына С/Г қатынасын арттыру беріктігіне кері әсер етті. Шағын үлгілердің 7 тәуліктегі беріктігі 19,1 МПа-дан 17,7 МПа-ға дейін төмендеуіне әкеліп соқты.

Гипс тұтастырғышына «PCE 42 А» поликарбонатты суперпластификаторды мөлшерлеп қосқанда беріктігіне әсері PCE 41 А қарағанда төмен нәтиже көрсетті. С/Г=0,45 болғанда PCE 42 А мөлшерін 0,1 %-дан 0,5 % жоғарлатқанда гипс ертіндісінің аққыштығы 130 мм-ден 175 мм дейін жоғарлады. Ұстасу уақытының басталуы 6-10 мин, ал аяқталуы 12 – 23 минаралығын құрады. 2x2x2 см шағын үлгіде 2 сағаттық қысудағы беріктігі 8,6 МПа-дан 8,4 МПа-ға төмендеді. 3 тәуліктегі беріктігі 11,7-12,5 МПа құрады. Ал 7 тәуліктегі беріктігі 18,2-19,0 МПа болды. С/Г қатнасы 0,45 болғанда, PCE 42 А мөлшерін жоғарлату гипс тұтастырғышты жоғары марка Г18-Г19 алуға болатындығын көрсетті. С/Г қатынасын 0,45-тен 0,55 дейін аттырғанда сәйкесінше аққыштық 150-195 мм артты. PCE 42 А мөлшерін 0,2 %-дан және С/Г>0,45 және жоғарлату гипс аққыштығын тым қатты арттырып, ұстасу мерзімін тежеді. Ал гипс тұтастырғышына С/Г қатынасын арттыру беріктігіне кері әсер етті. Шағын үлгілердің 7 тәуліктегі беріктігі 19,0 МПа-дан 14,8 МПа-ға дейін төмендеді.

Ал гипс тұтастырғышына «PCE 50» поликарбонатты суперпластификаторды мөлшерлеп қосқанда беріктігіне әсері PCE 41 А және PCE 42А қарағанда төмен нәтиже көрсетті. С/Г=0,45 болғанда PCE 50 мөлшерін 0,1 % қосқанда аққыштық мүлде жүрген жоқ. PCE 50 мөлшерін арттырып 0,5 % жоғарлатқанда гипс ертіндісінің аққыштығы 165 мм құрады. PCE 50 мөлшерін 0,1 % қосқанда Ұстасу уақыты тез жүріп, гипс тез қатты. Ал PCE 50 мөлшерін 0,5 % қосқанда ұстасу уақытының

басталуы 3,5 мин, ал аяқталуы 13 мин болды. 2x2x2 см шағын үлгіде 2 сағаттық қысудағы беріктігі 6,9 МПа-дан 6,7 МПа-ға төмендеді. 3 тәуліктегі беріктігі 8,9-9,3 МПа құрады. Ал 7 тәуліктегі беріктігі 14,1-14,7 МПа болды. С/Г қатынасын 0,45-тен 0,55 дейін аттырғанда сәйкесінше аққыштық 160-200 мм дейін артты. PCE 50 мөлшерін 0,2 %-дан және С/Г>0,45 және жоғарлату гипс аққыштығын тым қатты арттырып, ұстасу мерзімін тежеді. Ал гипс тұтастырғышына С/Г қатынасын арттыру PCE 41 А және PCE 42А қарағанда беріктігіне кері әсер етті. Шағын үлгілердің 7 тәуліктегі беріктігі 14,7 МПа-дан 12,7 МПа-ға дейін төмендеді. Жоғары маркалы гипс тұтастырғышын алу мүмкіндігі жоқ екендігі дәлелденді.

Қорытынды

Осылайша, PCE 41А, PCE 42А және PCE 50 поликарбоксилатты суперпластификаторды гипс тұтастырғышына қосқанда жоғары маркалы гипс алуға болатындығы дәлелденді. PCE 41А, PCE 42А және PCE 50 мөлшерін 0,5 %-дан жоғары мөлшерде қосу, ұстасу уақытын тоқтатты. С/Г қатынасын 0,45-0,55 дейін жоғарлату гипс ертіндісінің аққыштығын 125 мм -ден 200 мм дейін жоғарлады, гипс беріктігі 19,1 МПа-дан 12,7 МПа дейін төмендеді. Шағын үлгілердің 7 тәуліктегі беріктігі нәтижесінде PCE 41А поликарбоксилатты суперпластификаторды гипс тұтастырғышқа қосу Г18-Г19 жоғары маркалы гипс тұтастырғыш алуға болатындығын дәлелденді.

ӘДЕБИЕТТЕР

[1] Қазақстан Республикасының 2015-2019 ж аралығындағы «Индустриалды-инновациялық даму – 2» бағдарламасы. Астана, 2015 ж.

[2] Өнеркәсіп. Цемент өндірісі. Толығырақ мына сілтемеде: <https://24.kz/kz/teleproject/nerk-sib/item/228556-nerk-sip-tsement-ndirisi>

[3] Қазақстанда әктас, гипс және бояу арзандады. Толығырақ мына сілтемеде. https://www.archive.inform.kz/kz/kazakstanda-aktas-gips-zhane-boyau-arzandady_a3546482

[4] J. Plank, E. Sakai, C.W. Miao, C. Yu, J.X. Hong «Chemical admixtures – Chemistry applications and their impact on concrete microstructure and durability» // Cement and concrete research. 78 (2015). - P. 81-99

[5] Потороchina С.А., Новикова В.А., Гордина А.Ф. Влияние поликарбоксилатного пластификатора на технические параметры гипса // Вестник науки и образования Северо-Запада России. 2015, Т. 1, № 3. –С. 1-6.

Сабет Ж.К., Таймасов Б.Т., Жаникулов Н.Н.

Повышение прочности гипсового вяжущего на основе поликарбоксилатных суперпластификаторов

Резюме. В статье представлены результаты исследований влияния поликарбоксилатных суперпластификаторов на свойства гипсовых вяжущих. Исследовано влияние PCE 41А, PCE 42А и PCE 50 на прочность гипсовых растворов. Испытаны прочность образцов в 2 час, 3 сут и 7 сут возрасте. Доказано, что включая поликарбоксилатный суперпластификатор PCE 41А, PCE 42А и PCE 50 в гипсовый вяжущее можно получить гипс высокой марки. Повышение соотношения В/Г до 0,45-0,55 повысило текучесть гипсового раствора с 125 мм до 200 мм, прочность гипса снизилась с 19,1 МПа до 12,7 МПа. В результате 7 суточной прочности малых образцов было доказано, что включение PCE 41А в гипсовый вяжущий оказывает получить гипс марки Г18-Г19.

Ключевые слова: гипс, текучесть, прочность, марка гипса, суперпластификатор поликарбоксилатный.

УДК 664.69: 633.11

A. Sagaliyeva, F. Makhmudov, S. Azimova, G. Iskakova

STUDY OF PHYSICAL AND CHEMICAL QUALITY INDICATORS OF NEW PROMISING WHEAT VARIETIES OF KAZAKHSTAN

Abstract: Grain is an expensive raw material. In the total cost of flour production, the share of grain is 90 ... 95 %. Therefore, it is important to use it with the highest efficiency, i.e. to ensure the maximum output of the finished product, its best quality with minimum specific operating costs. The solution of this important engineering problem is possible only on the basis of management of grain properties in the process of its processing. Samples of durum wheat grains of Kostanay and Akmola regions were used for experimental studies and indicators characterizing their physical and biochemical properties were determined. In an open market economy, the quality of manufactured products is essential, which is impossible without updating and studying the raw material base. Kazakhstan is one of the largest exporters of grain, namely durum wheat Botanical subspecies *Triticum Durum* and soft glassy wheat species *Triticum Aestivum*.

Key words: grain, grain vitreousness, flour, quality.

А.Д. Сагалиева, Ф.А. Махмудов, С.Т. Азимова, Г.К. Искакова
(Алматинский технологический университет, Алматы, Республика Казахстан
Email. a.sagalieva07@inbox.ru)

ИССЛЕДОВАНИЕ ФИЗИКО-ХИМИЧЕСКИХ ПОКАЗАТЕЛЕЙ КАЧЕСТВА НОВЫХ ПЕРСПЕКТИВНЫХ СОРТОВ ПШЕНИЦЫ КАЗАХСТАНА

Аннотация: Зерно – дорогостоящее сырье. В общих затратах на производство муки доля зерна составляет 90...95 %. Поэтому важно использовать его с наивысшей эффективностью, т.е. обеспечить максимальный выход готовой продукции, наилучшее ее качество при минимальных удельных эксплуатационных затратах. Решение этой важной инженерной задачи возможно только на основе управления свойствами зерна в процессе его переработки. Для проведения экспериментальных исследований использованы образцы зерна твердой пшеницы Костанайской, Акмолинской области и определены показатели, характеризующие их физические и биохимические свойства. В условиях открытой рыночной экономики существенно важным является качество изготавливаемой продукции, что невозможно без обновления и изучения сырьевой базы. Казахстан является одним из крупнейших экспортеров зерна, а именно твердой пшеницы ботанического подвида *Triticum Durum* и мягкой стекловидной пшеницы вида *Triticum Aestivum*.

Ключевые слова: зерно, стекловидность зерна, мука, качество.

В 2019 году территория уборочных площадей составила 15 млн 230,1 тыс. га, в 2018 году она располагалась на 15 млн 27,3 тыс. га. В Казахстане в 2018 году по итогам уборочной кампании было намолочено 22 млн 810 тыс. тонн зерна, средняя урожайность составила 15,1 центнера с га [1].

Зерно – это плоды хлебных злаков, семена бобовых и масличных культур, используемых для пищевых, кормовых и технических целей.

Наиболее важные показатели качества зерна, определяющие степень его пригодности для производства макаронных изделий, следующие: влажность и натура зерна, масса 1000 зерен, стекловидность, количество и качество клейковины, зольность, твердозерность и т.д. Изучение качества зерна позволит установить потенциальную возможность извлечения эндосперма в виде муки высших сортов с высокими хлебопекарными и макаронными свойствами [2].

Для проведения экспериментальных исследований использованы образцы зерна твердой пшеницы Костанайской, Акмолинской области и определены показатели, характеризующие их физические и биохимические свойства. Полученные данные по твердым сортам пшеницы приведены в диаграммах – рисунок 1 и рисунок 2.

Анализ приведенных данных позволяет сделать вывод, что физические (натура, масса 1000 зерен, стекловидность, твердозерность) и биохимические (количество и качество клейковины, белок, зольность, число падения) показатели исследуемых образцов пшеницы колеблются в значительных пределах.

Результаты оценки качества исследуемых образцов показали, что масса 1000 зерен у твердых сортов пшеницы Костанайской области колеблется в пределах от 43,2 до 55,9 г, Акмолинской области - от 36,9 до 44,3 г.

Особого внимания заслуживает натура зерна, нашедшая повсеместное применение в практике внутренней и международной оценки товарного зерна [3].

Ее издавна рассматривают как косвенный показатель выходов муки. Значение этого показателя колеблется, соответственно, в пределах 781-914, 850-915, 895-914 и 914-935 г/л. Высокими величинами натуры характеризовались все твердые сорта пшеницы.

Стекловидность характеризует консистенцию эндосперма пшеницы и оказывает основное влияние на условия подготовки и переработки зерна в муку, т.е. мукомольные свойства. Считается, что стекловидное зерно обладает наибольшей прочностью, и мука из такой пшеницы получается рассыпчатая, с хорошей севкостью. Значение стекловидности исследуемых образцов колеблется в диапазоне от 93 до 98 % для пшеницы Костанайской области, для пшеницы Акмолинской области - от 87 до 96 %. Общей стекловидностью выше 60% обладали все сорта пшеницы.

Диапазон твердозерности испытываемых образцов колеблется в пределах 89-93, 91-96, 87-95, 91-97 ИТ, соответственно. Представленные сорта относятся к категории твердозерным, с величиной твердозерности свыше 66 ИТ.




Рис. 1. Биохимические показатели качества исследуемых твердых сортов пшеницы Республики Казахстан




Рис. 2. Физические показатели качества исследуемых твердых сортов пшеницы Республики Казахстан

Исследования биохимических свойств зерна показали, что изучаемые образцы пшеницы различны по качественным параметрам зерна [4]. Высокие пищевые достоинства пшеничной муки в значительной мере обусловлены содержанием и качеством клейковины. Установлено, что содержание сырой клейковины в твердых сортах пшеницы больше чем в мягких сортах. Так, содержание клейковины в твердых сортах пшеницы Костанайской области изменяется от 30,1 до 39,1 %, Акмолинской области – от 31,2 до 39,8 %.

Под качеством клейковины понимают совокупность ее физических свойств: растяжимость, эластичность, связность. Поэтому учет в зерне наряду с количеством клейковины и ее качества является обязательным, этот признак считается менее стабильным, в некоторых случаях наблюдается переход клейковины из одной группы в другую, когда ее исходное качество находилось на границе двух групп. В наших случаях исследуемые сорта пшеницы по качеству клейковины относятся ко второй группе качества, при котором показания прибора ИДК-1 колеблются в пределах от 80 до 100 единиц прибора.

Общий белок пшеницы – это важнейший составной компонент зерна, жизненно необходимый в пищевом рационе человека, выступает в первую очередь как показатель его биологической ценности, являющейся частью пищевой ценности. Анализ данных (рисунок 1) показывает, что в изучаемых сортах пшеницы Костанайской области содержание белка колеблется в пределах от 13,2 до 20,2%, Акмолинской области - от 15,7 до 24,5.

По данным рисунка 1 видно, что зольность в твердых сортах колеблется в пределах 1,92-1,97 и 1,91-1,97, соответственно.

По величине числа падения сорта пшеницы можно отнести к зерну с оптимальной амилазной активностью, отличного качества с величиной числа падения от 200 до 300 с., следовательно, представленные образцы пшеницы различаются по физическим и биохимическим свойствам и принадлежат к разным группам и классам.

Согласно результатам исследования, выход муки колебался в пределах от 63 до 69 % для образцов зерна Костанайской области, Акмолинской области - от 63 до 70 %.

Результаты исследований новых сортов твердой пшеницы Казахстана разных областей показывает, что практически все они отвечают требованиям, предъявляемым к сильным и ценным сортам пшеницы, значения показателей качества пшеницы колебались в зависимости от климатических особенностей региона.

Таким образом, по показателям натуре, общей стекловидности, зольности, содержанию белка, клейковины, числу падения, твердозерности исследуемые образцы зерна твердой пшеницы Костанайской, Акмолинской, областей отвечают требованиям межгосударственного (ГОСТ 9553-2016 Пшеница Технические условия), республиканского (СТ РК 1046-2008 Пшеница Технические условия) и международного (ИСО 9000-2015) стандартов.

ЛИТЕРАТУРА

- [1] <https://www.inform.kz/ru/5-5-mln-tonn-zerna-namolocheno-v-kazahstane>
- [2] Исакова Г.К. Технология макаронного производства: Сырье и материалы. Учебное пособие. – Алматы: Полиграфия - сервис и Ко, 2014. – 208 с.
- [3] Онгарбаева Н.О. Формирование помольных партий пшеницы по технологическому потенциалу зерна: монография. – Алматы: Алматинский технологический университет, 2005. – 165с.
- [4] Медведев Г.М. Технология макаронных изделий. – СПб: ГИОРД, 2005. - 312

Сагалиева А.Д., Махмудов Ф.А., Азимова С.Т., Исакова Г.К.

Қазақстан бидайының жаңа перспективалы сорттары сапасының физика-химиялық көрсеткіштерін зерттеу

Түйіндеме. Астық-қымбат шикізат. Ұн өндіруге арналған жалпы шығындарда астық үлесі 90...95% құрайды. Сондықтан оны ең жоғары тиімділікпен пайдалану маңызды, яғни дайын өнімнің ең жоғары шығуын, ең аз үлестік пайдалану шығындары кезінде оның ең жақсы сапасын қамтамасыз ету. Осы маңызды инженерлік міндеттерді шешу астықты қайта өңдеу процесінде оның қасиеттерін басқару негізінде ғана мүмкін болады. Тәжірибелік зерттеулер жүргізу үшін Қостанай, Ақмола облысындағы қатты бидай дәнінің үлгілері қолданылды және олардың физикалық және биохимиялық қасиеттерін сипаттайтын көрсеткіштер анықталды. Ашық нарықтық экономика жағдайында дайындалатын өнімнің сапасы маңызды болып табылады, бұл шикізат базасын жаңартпай және зерделемей мүмкін емес. Қазақстан астықты, атап айтқанда *Triticum Durum* ботаникалық түрдің қатты бидайын және *Triticum Aestivum* түріндегі жұмсақ шыны тәрізді бидайды ірі экспорттаушылардың бірі болып табылады.

Түйін сөздер: астық, астық, ұн, сапа.

ӘОЖ: 574.24

E.K. IBRAGIMOVA, K.T. ABDRAIMOVA
(Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University
E-mail: elmiira.ibragimova@ayu.edu.kz
kuralai.abdraimov@ayu.edu.kz)

CHEMICAL COMPOSITION OF THE UNDERGROUND THERMAL WATERS OF THE TURKESTAN REGION AND THEIR IMPACT ON THE HUMAN BODY

Abstract: In many regions of the country there are many sources of mineral water spewing from the depths of the earth, which have healing properties. These thermal waters are chemically, gaseous and mineralized. The article describes the chemical composition of thermal waters near Turkestan and their specificity. Nowadays, people use these water sources for medicinal purposes. Studying the results of the research, it is necessary to identify priority areas for the implementation of various measures for the development of health tourism in Turkestan.

Key words: thermal waters, medical institutions, illness, balneotherapy, tourism.

Э.Қ. Ибрагимова, Қ.Т. Абдраимова
(А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Қазақстан, Түркістан)

ТҮРКІСТАН АЙМАҒЫНДАҒЫ ЖЕР АСТЫ ТЕРМАЛДЫ СУЛАРЫНЫҢ ХИМИЯЛЫҚ ҚҰРАМЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ АДАМ АҒЗАСЫНА ӘСЕРІ

Аңдатпа: Республикамыздың бірталай өңірінде өте тереңнен атқылап, жер бетіне шығып жатқан емдік қасиеті мол минералды су бұлақтары көптеп кездеседі. Бұл термалды сулардың химиялық, газдық құрамы мен минералдануы әртүрлі болып келеді. Мақалада Түркістан маңындағы термалды су көздерінің химиялық құрамы анықталып, олардың өзіндік ерекшеліктеріне мән берілді. Қазіргі таңда түрлі ауруларға шипа ретінде тұрғындар осы аталған су көздерін емдік мақсатта пайдалануда. Анықталған зерттеу нәтижелерін зерделей отырып, Түркістан аймағында емдік-сауықтыру туризмін дамыту үшін түрлі шараларды жүзеге асырудың басым бағыттарын ұсыну қажеттігі туындайды.

Кілт сөздер: термалды сулар, емдеу орындары, ауру, бальнотерапия, туризм.

Кіріспе. Табиғи сулар ежелден адамдарға қызығушылық туғызуда. Адам минералды судың денсаулығына елеулі әсер етуі мүмкін екенін байқаған соң, олардың негізгі құрамын зерттеу қажеттілігі туындады. Құрамында пайдалы элементтер бар екенін байқаған адамзат, емдеу үшін минералды суды қолдануға кірісті. Содан бері әртүрлі химиялық және биологиялық белсенді компоненттердің жер асты суларында қалыптастыру және жинақтаудың тамаша механизмдерін тереңдетіп зерделеу қажеттілігі айқындалды [1].

Ерте кезеңдердің өзінде адам ағзасына әр түрлі табиғи, климаттық, гидроминералды және ландшафттық факторлардың әсер ететіндігі байқалған болатын, ал XVI-XVIII ғасырларда климатпен және сумен емдеудің ғылыми алғышарттары қалыптасты, алғашқы емдік сауықтыру орындары пайда болды, емдік сауықтыру-бальнеология ғылым ретінде медициналық тәжірибеге енді [2-4]. Тұңғыш ыстық сулардың қайнаркөзі ежелгі римдіктермен байланысты антикалық дәуірде ашылған және дәл сол шипалы судың аймағынан алғашқы шипажайларды сала бастаған [5].

Республиканың бірталай өңірінде өте тереңнен атқылап, жер бетіне шығып жатқан емдік қасиеті мол минералды су бұлақтары көптеп кездеседі. Олар температурасы және құрамындағы газдар мен тұздарының түрі жағынан (хлор, калий, натрий, темір және т.б.) әр түрлі болып келеді. Адам ағзасына шипалық әсері бар Алма Арасан, Қапал Арасан, Сарыағаш, Жаркент Арасан емдік сауықтыру-шипажайлары, емханалар салынған. Қызылорда аймағындағы Жаңақорған шипажайы 1919 жылдан жұмыс істейді [6]. Термалды су қорларының мол аудандары: Маңғыстау, Үстірт, Ертіс маңы, Сырдария, Іле артезиан алаптары. Термал суы тек мекемелерде емдік қасиеті бар су ретінде ғана емес, сондай-ақ, елді мекендерге жылу беруде, энергетикалық қондырғыларда және т.б. мақсаттарда да қолданылады.

Термалды суларды күрделі минерал ретінде пайдалануға болады:

1) жылумен қамтамасыз ету (жылу және ыстық су беру), ал кейбір жағдайларда электр энергиясы ретінде;

- 2) дәрілік мақсаттар үшін;
- 3) құнды химиялық өнімдер алу көзі ретінде;
- 4) түрлі технологиялық қажеттіліктерге (кептіру, жуу және т.б.).

Барлық термалды су көздерін жоғарыда аталған барлық мақсаттарға бірдей қолдануға болмайды. Көбінесе олар дәрілік мақсаттарда қолданылады және бұл жағдайда минерал ретінде қарастырылуы керек. Химиялық шикізат ретінде термалды сулар пайдаланылатын жағдайларда олар өнеркәсіптік сулар ретінде қарастырылады [7].

Зерттеудің мақсаты: Түркістан аймағындағы термалды су көздерінің физика-химиялық құрамын анықтау, өңірдегі шипажайлар мен емдік сауықтыру орындарын ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету.

Материалдар мен зерттеу әдістері. Түркістан ауданының су ресурстары жер бетіндегі жер астындағы сулардан, жасанды су қоймаларынан тұрады. Негізгі су көздері Сырдария, Қарашық өзендері және Арыс-Түркістан каналы болып табылады. Суды ұтымды қайта бөлу, жеке ауданның сумен қамтамасыз етілуін жоғарылату мақсатында Қаратау беткейінен ағатын негізгі өзендерге 8 су қоймасы салынған: Сасық Бұлақ, Шерт, Ермак, Ақтөбе, Майдамтал, Шылбыр, Қошқорған және Шаға.

Ауданда суармалы алап аймағы шегінде гидрографиялық байланыс нашар дамыған және суы аз Қаршық, Шаға, Ырмақ-Өзен, Иқансу, Шерт және басқа да Қаратау жотасының оңтүстік-батыс беткейінен бастау алатын кіші өзендерден тұрады. Олардың барлығы қар және бұлақ суларымен қамтамасыз етіледі. Қардың еруі кезінде өзендер сумен толып ағын суларға айналады, бірақ мамыр айында өзендерде су деңгейі төмендейді, ал жазда өзен сулары жазықтықта көзден ғайып болады. Тек қана Бөген су қоймасы құрылғанға дейін, Бөген өзені суын Шошқакөл ойпатына құйған және онда орналасқан көлді сумен қамтамасыз еткен. Өзеннің ені 8-15 м. Тереңдігі 1-5 м, ал оның таудан шығар кездегі алқабы бірнеше километрге жетеді. Өзеннің орта жылдық су шығыны 0,79 дан 3,49 м³/секундты құрайды. Суының минерализациясы 1 г/л дейінгі тұщы су, өзен суының химиялық құрамы бойынша гидрокарбонатты-кальцийлі-магнийлі. Суару алабының гидрографиялық байланысына, сондай-ақ, су қоймалары, суару каналдары және дренажды коллекторлар жатады [8].

Бұл суару алабы Арыс артезиан бассейні шегінде орналасқан. Жер асты суларының қоректену жерлеріне Қаратаудың қатпарлы аймақтары жатады. Қоректену көздері атмосфералық жауын-шашындар. Жауын-шашынның жылдық мөлшері Қаратаудың қатпарлы аймағында 300-500 мм, ал жотаның бөлу бөлігінде 1000 мм-ді құрайды.

Жауын-шашынның негізгі бөлігі (80%) көктем мен қыс айларында, сондай-ақ судың аз булану мезгілінде түседі, сондықтан түсетін жауын-шашынның көп бөлігі жер асты ағындарын құруға жұмсалады. Орталық Қаратауда орналасқан өзендер Кентау, Түркістан қалалары мен жақын ауылдардың ауыз су көзі. Бұл судың бір бөлігін жергілікті халық егіншілікке қолданып келеді [9].

Біз зерттеуге алған Түркістан аймағында жер асты термалды су көздері кең таралған. Яғни бұл суларды емдік мақсатта, елді мекендер күнделікті тұтыну мақсатында пайдаланады. Зерттеу көзі ретінде Түркістан маңынан 5 жерден су сынамалары алынды.

1. Теке ауылы – Түркістан облысы, Кентау аудандық әкімдігіне қарасты ауыл, Үшқайық ауылдық округінің орталығы. Түркістан қаласынан оңтүстік-батысқа қарай 8 км-дей жерде, Қарашық өзенінің бойында орналасқан. Мұнда 900 метр тереңдіктен шығып жатқан термалды су ең алғаш 1969 жылы қазылған. Осы аймақтың халқы күнделікті ас суы ретінде пайдаланып келеді.

2. Сұлтанбек Қожанов ауылы — Түркістан облысы, Кентау аудандық әкімдігіне қарасты ауыл, Үшқайық ауылдық округі құрамында. Түркістан қаласынан оңтүстік-батысқа қарай 16 км-дей жерде орналасқан. Жер қойнына 1000 метр тереңдіктен шығып жатыр.

3. «Жұма» емдік сауықтыру орны – Түркістан облысы, Кентау аудандық әкімдігіне қарасты ауыл. Түркістан қаласынан оңтүстік-батысқа қарай 22 км-дей жерде орналасқан. Жер қойнына 1156 метр тереңдіктен шығып жатқан термалды су.

4. Балтакөл елді мекені— Түркістан облысы Отырар ауданындағы ауыл. Түркістан қаласынан оңтүстік-батысқа қарай 60 км-дей жерде орналасқан. Жер астынан 1250 м тереңдіктен шығып жатқан термалды судың температурасы 48 °С құрайды.

5. «Шипа су емдік сауықтыру орны – Түркістан қаласына Отырар ауданынан келер жолдағы Гаухар ана кесенесінің маңайында орналасқан. 1967 жылдан бері тұрақты жұмыс істейді. Емдік қасиеті бар бұл су 1300 м тереңдіктен шығуда. «Шипа судың»-емдік сауықтыру орны тарихы да тереңде жатыр. Жер астынан атқылап шығатын ыстық суды ең алғаш шетелдіктер байқаған.

Зерттеу жұмыстары «Экология және химия» кафедрасының зертханасында және Экология ғылыми-зерттеу институтында жүргізілді.

Судың органолептикалық қасиеті және әсіресе дәмі адам ағзасындағы судың, тұздың баланстарын ұстап тұру үшін физиологиялық маңызға ие. Суды сараптауда біз Қазақстан Республикасының бекітілген «МЕМСТ28.74-82- Ауыз су» стандартын қолдандық, сонымен бірге «Судың сапасын мемлекеттік бақылау» анықтамасы бойынша нақтыланған талаптарға сәйкестігі анықталды. Қолданылған әдістер қазіргі қолданыстағы дәстүрлі әдістер [10-12].

Зерттеу нәтижелерін талқылау. Жер асты сулары орналасу жағдайына, географиялық таралымына байланысты химиялық құрамы да әртүрлі болып келеді. Алынған объектілердегі су нысандары әр түрлі тереңдіктен шығып жатырғанын және температураларында да айырмашылықтар барын байқауға болады.

Зерттеу нәтижелері төмендегі 1-кестеде көрсетілген. Зерттеу нәтижесі бойынша Теке елді мекенінен алынған су температурасы 39⁰С болса, екінші су көзі бойынша бірінші су көзіне қарағанда жоғарырақ яғни 42⁰С, ал үшінші су көзінің температурасы 44⁰С. Су сынағандарының ішінде ең жоғарғы температураны Балтакөл елді мекенінің су сынағандары 47⁰С –ты құрады. «Шипа судан» алынған су сынағандары 37⁰С-ты көрсетті.

Су сапасын анықтау үшін ең бірінші температура, түсі, иісі, дәмі, мөлдірлігі, лайлылығы сияқты маңызды физикалық көрсеткіштері анықталды. Физикалық көрсеткіштері сапалық әдіс арқылы анықталды. Сапалық бағалауда зерттелетін су көздерін дистилденген сумен салыстыру арқылы жүргізілді. Судың иісі, түсі, дәмі оның сипатына қарай баллдық көрсеткішпен сипатталды. Яғни, сынамаға алынған су көздері бойынша Теке, Қожанов, «Жұма» сауықтыру кешені және Балтакөл су сынағандары 0 баллдық шкала, яғни мөлдір және анық көрсеткішті көрсетсе, ал «Шипа су» су сынағандары түсі бойынша ашық сары екендігі байқалды.

1-кесте. Судың физикалық қасиеттерін зерттеу нәтижелері

	Су сынағандары				
	1 Теке ауылы	2 Сұлтанбек Қожанов ауылы	3 «Жұма» емдік сауықтыру орны	4 Балтакөл елді мекені	5 «Шипа су емдік сауықтыру орны
Температурасы, ⁰ С	37	42	44	47	37
Түсі, балл	0	0	0	0	2
Иісі, балл	1	1	1	1	4
Дәмі, балл	1	1	1	1	4

Иісі мен дәмі баллдық шкала бойынша Теке, Қожанов, «Жұма» сауықтыру кешені және Балтакөл су сынама көздері 1 балл, яғни иісі бірден байқалмайды, тиянақты зерттеу жүргізілмесе анықтау мүмкін емес және дәмі өте әлсіз, тұтынушы сезбейді. Ал сынама көзі бойынша иісі және дәмі 4 баллдық шкаланы көрсеткен «Шипа су» су көзінде басқа су сынағандарына қарағанда айқын байқалатын иісі және анық байқалатын дәмі бар екенін көрсетеді.

Су сынағандарының химиялық құрамы 2-кестеде көрсетілген. Табиғи судың жалпы кермектілігі – кальций және магний иондары концентрациясының мг-экв/дм³ немесе моль/дм³–дегі жиынтығы. Бір мг-экв/дм³ судағы Са²⁺ иондарының 20,04 мг/дм³ мөлшеріне немесе Mg²⁺ иондарының 12,156 мг/дм³ мөлшеріне эквивалентті. Кермектіліктің жалпы шамасына байланысты табиғи су келесі топтарға бөлінеді:

- Өте жұмсақ - <1,5 мг-экв/дм³ ;
- Жұмсақ - 1,5-3,0 мг-экв/дм³ ;
- Орташа кермектілік - 3,0-5,4 мг-экв/дм³ ;
- Кермек - 5,4-11 мг-экв/дм³ ;
- Өте қатты - >10,7 мг-экв/дм


Кермектілігі жоғары суды қабылдаған жағдайда, екі элемент - магний және кальций адам ағзасына еніп отырады. Бұл көптеген зерттеулердің негізінде тұжырымдалған. Жүргізілген зерттеулер, негізінен экологиялық сипатта болғанымен және әртүрлі деңгейде жүргізілгенімен, сарапшылар, кермек су қабылдау мен жүрек-қан тамырлары ауруларының жиілігі бір-бірімен байланысты деп атап көрсеткен [13].

2-кесте. Су сынамаларының химиялық құрамы

Көрсеткіштер	Өлшем бірліктері	ШРК	1 Теке ауылы	2 Сұлтанбек Қожанов ауылы	3 «Жұма» емдік сауықтыру орны	4 Балтакөл елді мекені	5 «Шипа су емдік сауықтыру орны
Сутектік көрсеткіш	pH	6-9	7,139	7,092	7,042	6,332	7,088
Жалпы кермектілік	мг-экв./л	7,0	4,8	4,6	4,8	4	21,6
Хлорид(Cl ⁻)	мг/л	350	46,09	46,09	49,63	46,09	168,03
Сульфат (SO ₄ ⁻)	мг/л	500	34,04	34,04	38,07	36,05	82,63
Нитрат	мг/л	45	0,886	0,897	0,448	0,106	0,203
Нитрит	мг/л	0,3	0,005	-	0,015	0,05	0,024
Гидрокарбонат (НСО ₃ ⁻)	мг/л	1000	183	183	183	152,5	244
Аммоний	мг/л	0,4 дейін	0,203	0,495	0,387	-	1,312
Темір (Fe, общее)	мг/л	0,3	0,0053	0,0053	0,0055	0,0057	0,0066
Кальций	мг/л	200	0,112	0,112	0,12	0,112	0,6
Магний	мг/л	100	0,067	0,067	0,072	0,067	0,36

Жалпы кермектілігі бойынша су сынамаларының көрсеткіші Теке елді мекені су сынамасы бойынша 4,8-ді көрсетсе, Қожанов елді мекені су сынамасында 4,6-ны, ал «Жұма» сауықтыру орнының су сынамасында 4,8-ді, Балтакөл елді мекені су сынамасында 4-ті, яғни орташа кермектілікті көрсетсе, ал «Шипа су» су сынамасында бұл көрсеткіш 21,6мг-экв/л (өте қатты кермектілікті) көрсетті. Яғни, судың кермектілігі бойынша тек бесінші су сынамасы ғана ШРК-дан ауытқуы байқалды.

Табиғи судың тұрақты компоненттері – сульфаттар және хлоридтердің жоғары мөлшері судың сапасын төмендетеді: хлоридтердің концентрациясы 300 мг/дм³ көбірек болса судың дәмі ащылау болады; сульфаттар, егер олардың концентрациясы суда 500 мг/дм³ көп болса ағзаның қызметін бұзады. Ауыз суында хлоридтер 350 мг/дм³ – ден көп болмауы тиіс, ал сульфаттар 500 мг/дм³ - ден аспауы қажет. Зерттеу нысандары бойынша (1-сурет) сульфат және хлорид концентрациялары нормадан ауытқымағанын байқауға болады, хлорид мөлшері Теке, Қожанов және Балтакөл ауылдарының су сынамалары бойынша 46,09 мг/л, ал «Жұма» сауықтыру орнының су сынамасы бойынша 49,63 мг/л көрсеткішін көрсетсе, «Шипа су» емдік сауықтыру су сынамасы бойынша 168,03 мг/л мөлшерді көрсетті.



1-сурет. Су нысандарының минералдық құрамы

Гидрокарбонат ионын анықтау үшін титриметриялық әдіс пайдаланылды. Гидрокарбонат – ионы тұщы суда басым болады, олардың табиғи суда болуы – бұл көмір қышқылымен карбонатты түрлерінің еру нәтижесі. Көптеген табиғи сулар үшін құрамында гидрокарбонат ионының болуы олардың сілтілігін білдіреді. Сілтілігі жоғары «Шипа су» нысанына алынған су құрамы болды. Яғни қышқылдылығына қарағанда судың сілтілігінің жоғары екені зерттеу нәтижесі көрсетті.


Ал, темір иондары Теке және Қожанов елді мекендерінің су сынамаларында 0,0053мг/л көрсетсе, Жұма сауықтыру орының су сынамасында 0,0055-ті көрсетті. Ал Балтакөл елді мекенінің су сынамасында 0,0057, сондай-ақ «Шипа су» сауықтыру кешені су сынамасында 0,0066 мг/л көрсетті. Яғни, темір мөлшері басқа нысандарға қарағанда «Шипа су» сауықтыру кешенінде басымдылығы байқалады. Темір адам денсаулығы үшін маңызды роль атқарады. Адам организміне темір жетіспеген жағдайда, баршамызға белгілі анемия немесе қаназдық ауруы пайда болады. Бұл элементтің ағзадағы тәуліктік мөлшері—11-30 мг құрайды. Адам қанында 3 грамға жуық темір кездеседі. Оның мөлшері көрсетілген шамадан төмен болса, гемоглобиннің түзілуі бұзылып, тыныс алу қызметі нашарлай бастайды.

Қорытынды. Су сынамаларындағы кальций, магний иондарын анықтау үшін титриметриялық әдіс пайдаланылды. Зерттеу нәтижесі бойынша кальций мен магний мөлшері Теке елді мекені, Қожанов елді мекені, Жұма сауықтыру орны, Балтакөл елді мекеніндегі су көзіндеріне қарағанда, «Шипа су» су сынамасында жоғары екендігін көрсетті.

Зерттеу нәтижесі бойынша нитрат мөлшері Текеелді мекені су сынамасында 0,886, Қожанов елді мекені су сынамасында 0,897, «Жұма» сауықтыру орнының су сынамасы бойынша 0,448, бұл көрсеткіш Балтакөл су сынамасында 0,106 мг/л көрсетті. Ал «Шипа су» су сынамасында нитрат иондары байқалмады. Нитратпен ластанған суды пайдаланғанда балалармен ересектердің арасында сулы-нитратты метгемоглобинемия ауруы таралады. Нитрат өз бетінше метгемоглобинді түзе алмайды, оның зиянды әсері ішекте дисбактериоз құбылысы байқалғанда (диспенсия салдарынан) нитрат формасына өту арқылы жүзеге асады. Нитрат қанға тез сіңіп метгемоглобиннің мөлшерін көбейтеді.

Қорыта келе, зерттелген су нысандарының құрамы ШРК мөлшерінен ауытқымайтындығы байқалды. «Шипа су» сауықтыру кешенінің суының құрамында басқа су нысандарына қарағанда хлорид, нитрат және темір мөлшері жоғары екенін көрсетті. Түркістан минералды суы-жылы (орташа 42°C), төмен минералданған (7.4-7.9 г/л), хлоридті-натрий сульфатты, кремний қышқылы 60 мг/л және көптеген органикалық заттар 15,5 г/л дейін қамтиды.

Қазіргі таңда Түркістан қаласы маңында жер асты ыстық суымен емдейтін екі сауықтыру орны жұмыс істейді. Жұма емдік сауықтыру орны 2005 жылдан бастап емалушыларды қабылдайды. 70-ке жуық жатын орнымен қамтамасыз етілген. 2017 жылы емдеу орнына 10842 емделушілер келген. 4256 емалушы тері ауруымен тіркелген. 4068 адам асқазан-ішек жолдарын емдеуге, қалғаны басқа ауру түрлерімен (бүйрек, зоб, аяқ-қол аурулары) тіркелген (Сурет-2). Бұл суға түскен адамның дене температурасы көтеріліп, тер көп мөлшерде бөлінеді. Тердің көп мөлшерде бөліну нәтижесінде адам бойындағы жиналған тұздардан арылады. Нәтижесінде буын ауруларын, асқазан – ішек жолдары ауруын, сонымен қатар сыртқы жараларды емдеуге де пайдалы.



2-сурет. 2017 жылғы «Жұма», «Шипа су» емдік сауықтыру кешендеріне келушілер туралы статистикалық мәлімет

Сонымен қатар «Гаухар ана» кесенесінің жанында орналасқан Түркістан қаласында «Шипалы су» деп аталатын демалыс орны бар. Демалыс аймағының шипалы суын алыстан ат арытып, іздеп келушілер де бар. Емалушылардың дені асқазан-өт, бүйрек-несеп жолдары ауруларымен, аяқ-қол буын аурулары және басқа да ауру түрлерімен ауыратындар. 2017 жылы орта есеппен 30426 емделушілер тіркелген. Соның ішінде 17325 асқазан-өт жолдары ауруымен, 5678 бүйрек-несеп жолдары аурулары, аяқ-қол буын аурулары 5311, қалғаны басқа ауруларға тиесілі. Судың құрамы Удмуртск қаласындағы Ново-Ижевский мен Украинадағы «Трусковец» суының құрамымен сәйкес келетіні дәлелденген.

«Су - жер бетіндегі өмір көзі». Ал термалды сулар денсаулық, сұлулық пен жастықтың көзі болып табылады. Ежелгі Месопотамия мен Мысырдың тұрғындары өз денсаулықтарын «емдік» сулардың көмегімен жазып отырған. Гиппократ: «Медицина негіздерінің бірі- Сумен емдеу», - деп санады. Бұл пікірді көптеген заманауи мамандар да қолдайды. Олардың көзқарастары фактілерге негізделген. Шипалы сулар әлемнің түрлі нүктелерінде, әр құрлықта, тіпті мұхит түбінде орналасқан табиғи термалды көздерден алынған. Шындығында жер асты сулары геотермиялық процестердің нәтижесінде ыстық суларға айналады. Жердің ішкі бөлігінен шыққан судың құрамы әр түрлі: ол тұзды гидрокарбонаттан майлы күкіртсутегіге және азот-метанға дейін болуы мүмкін.

Бальнотерапиялық көрсеткіштеріне қарағанда Түркістан аймағындағы термалды су көздері Қазақстанның, Ресейдің, басқа да мемлекеттердің әйгілі емдеу сауықтыру орындарынан еш қалыспайды. Алайда қазіргі таңда шипажайлардың жағдайы көңіл толтырарлықтай емес.

Ғимараттарының ескілігі, санитарлық-гигиеналық талаптардың дұрыс сақталмауы, материалдық –техникалық құралдардың жарамсыздығы көзге алыстан көрінеді.

Жалпы санаторлы-курорттық және туристік салалардың дамуын тежейтін факторларға ескірген материалды-техникалық база мен инфрақұрылымды, емдік-сауықтыру аймақтарындағы жоспарсыз құрылысты және қазіргі заманға сай мәдени және ойын-сауық мекемелері жүйесінің жоқтығын жатқызуға болады. Көптеген минералды су мен балшық көздерінің жекеменшік кәсіпкерлерге берілуі аса қымбат табиғи ресурстардың мақсатына сай емес пайдаланылуына және санаторлы-курортты мекемелер үшін бағасының артуына алып келді. Сонымен қатар, емдік-сауықтыру орындары емделумен қатар Түркістан аймағының туризмін дамуына айтарлық өз үлестерін қосу қажет. Осы тұрғыда аталмыш мекемелерде көптеген кедергі келтіретін мәселелер бар екендігін байқауға болады.

Олар:

*емдік минералды-бальнеологиялық ресурстардың дұрыс емес пайдаланылуы;

*материалды-техникалық базаның жоғары моралды және физикалық тозуы;

*қызмет көрсету сапасы мен деңгейінің төмендігі;

*табиғи емдік ресурстарды барлау және пайдалану, қазіргі заманғы технологиялық жабдықтарды құру және енгізу саласындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарының аздығы;

*курортты-санаторлы қызметтер бағасын есептеудің бірыңғай жүйесінің жоқтығы, т.б. жатады.

Сол себепті Түркістан аймағының облыс орталығына айналып отырғанын ескере отырып, осындай таптырмас емдеу орындарын мемлекет қарауына өткізіп, жоғарыда айтылған кемшіл тұстарын қалпына келтіріп, аймағымыздың ары қарай көркейіп дамуына үлес қосатын нысандарымызды жандандыра түссек құба құп болар еді.

ӘДЕБИЕТТЕР

[1] Минеральная вода Прикамского источника и ее внутреннее применение: метод. рек. / под ред. А.В. Туева, А.С. Наумова. Пермь; Усть-Качка, 1995. 19 с.

[2] Bertani R. Geothermal Power Generation in the World 2005–2010. Update Report. Proceedings World Geothermal Congress 2010. – Bali, Indonesia, 25–29 April 2010. – 41 p.

[3] Bostanova A. and oth. Bioecological studies identifying the reasons of occurrence of fungi species that infect the seeds of leguminous crops in South Kazakhstan Fresenius Environmental Bulletin Volume 27 ± No. 8/2018 pages 5301-5305

[4] Kurbanyazov S. and oth. A comprehensive study of various loam properties of Besarik field to obtain ecofriendly building materials Fresenius Environmental Bulletin Volume 27 ± No. 9/2018 pages 5858-5863

[5] Абсаметов М.К., Касымбеков Д.А., Муртазин Е.Ж. Подземные воды – стратегический ресурс устойчивого развития Казахстана // Вестник Казахстанской Национальной Академии естественных наук. – 2013. – № 3. – С. 115–116

[6] Джакелова А.К., Сыдыков Ж.С., Кабиев Ф.К., Касымбеков Д.А. Ресурсы подземных вод Казахстана, перспективы их рационального использования и охраны // Водные ресурсы: экологические аспекты их использования и охраны. – Жамбыл, 1996. – С. 26-27.

[7] Живая вода (о пользе термальных вод) <http://www.7ya.ru/print/article/Zhivaya-voda-opolze-termalnyh-vod/>

[8] Байжигитов К. Водные ресурсы Туркестана и вопросы озеленения. Журнал «Вестник сельскохозяйственной науки Казахстана», 2003 г, №9, стр. 52-53.

[9] Состояние водного бассейна Туркестанского района. – Р. К. Куандыкова. // Вестник университета Ясави, 1997 г, - № 6. – С. 22-25.

[10] Сарбаева Г.Т., Баешов А., Баешова А.Қ. Аналитикалық химия пәні бойынша әдістемелік нұсқаулар мен лабораториялық жұмыстардың жинағы. Шымкент 2003 ж.

[11] Бадавамова Г.Л., Минажева Г.С. Аналитикалық химия: оқулық. - Алматы: Экономика, 2011.- 473 б.

[12] Исмаилова А., Злобина Е., Долгова Н. Аналитикалық химия пәні бойынша зертханалық жұмыстардың әдістемелік нұсқаулары және тапсырмалары. 2012

[13] Тагиев И.И., Ибрагимова И.Ш., Бабаев А.М. Ресурсы минеральных и термальных вод Аз-а, «Чашигоглы», Баку, 2001, 168 с.

Ибрагимова Э.К., Абдраимова К.Т.

Химический состав подземных термальных вод туркестанского региона и их влияние на организм человека

Абстракт: Во многих регионах страны есть много источников минеральной воды извергающие из глубины земли, которые обладают целебными свойствами. Эти термальные воды химически, газообразны и минерализованы. В статье описывается химический состав термальных вод вблизи Туркестана и их специфика. В наши дни жители используют эти источники воды в лечебных целях. Изучая результаты исследования, необходимо выделить приоритетные направления для реализации различных мероприятий по развитию лечебно-оздоровительного туризма в Туркестане.

Ключевые слова: термальные воды, лечебные заведения, болезнь, бальнотерапия, туризм.

УДК 539.215.9

¹G.M. Baubekova, ²R.N. Asylbaev, ¹A.T. Akilbekov, ¹Sh.G. Giniyatova

(¹L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

²Pavlodar state pedagogical university, Pavlodar, Kazakhstan

e-mail: guldar_87@mail.ru)

CREATION AND THERMAL ANNEALING OF STRUCTURAL DEFECTS IN MgO CRYSTALS IRRADIATED WITH SWIFT ¹³²Xe IONS

Abstract. The processes of creation and thermal annealing F-type color centers were studied in highly pure MgO single crystals irradiated with 0.23 GeV ¹³²Xe with fluence $\Phi = 5 \times 10^{11} - 3.3 \times 10^{14}$ ions/cm² at room temperature. For irradiated MgO samples were measured optical absorption spectra in a wide range from 1.4 to 7.5 eV. The spectra of optical absorption from 1.5 to 6.5 eV were measured by a high-absorbance spectrometer JASCO V-660 with a double monochromator and a VMR-2 vacuum monochromator from 5 to 7.5 eV. To separate complex (overlapping) absorption bands and estimate the number of radiation defects using the Smakula formula, the spectrum was decomposed into Gaussian components. Based on the set of measured spectra of radiation-induced optical absorption (RIOA) and their decomposition into Gaussian components, was constructed the dependence of the RIOA on the preheating temperature

Key words: swift heavy ions, radiation defects, optical absorption, magnesium oxide, F-types centers, thermal annealing.

¹Г.М. Баубекова, ²Р.Н. Асылбаев, ¹А.Т. Акылбеков, ¹Ш.Г. Гиниятова

(¹Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

²Павлодарский государственный педагогический университет, Павлодар, Казахстан

e-mail guldar_87@mail.ru)

СОЗДАНИЕ И ОТЖИГ СТРУКТУРНЫХ ДЕФЕКТОВ В КРИСТАЛЛАХ MgO, ОБЛУЧЕННЫХ БЫСТРЫМИ ИОНАМИ ¹³²Xe

Аннотация. Процессы создания и отжига центров окраски F-типа были исследованы в монокристаллах MgO высокой чистоты, облученных быстрыми ионами ¹³²Xe с энергией 0.23 ГэВ в диапазоне флюенсов

